жоғары вверх

жон спина
жылқы табун
көкорай зеленый
көңіл аудар- обращать внимание
көш- перекочевать
күркіре- грохотать
қон- поселиться
құлын-тай жеребята
қылтылда- мелькать
өс- расти
сымпылда- шуршать
тол- наполняться
төмен вниз
шалғын луг
шұрқыра- шуметь
шілде июль
ұзар- удлиняться
ұш- летать

Тапсырма 122

Жоғарыдағы Абай өлеңінің мазмұнын қазақша айтып беріңдер.

Урок 22

ГРАММАТИКА

Имя действия на -у ✦ Тұйық рай

Аффикс **-у** образует имена действия от глаголов. Он не имеет фонетических вариантов. Эта категория называется именем действия, потому что новообразования на **-у** грамматически являются именами, а по значению выражают глагольное действие, процесс и состояние. Как имя они принимают все словоизменительные формы имени существительного. В этом отличие имени действия на **-у** от русского инфинитива. Это несопоставимые категории в двух языках, хотя в учебниках и грамматиках казахского языка вы встретитесь с определением формы на **-у** как «инфинитив».

Айт *говори*, **айт + у** *говорение*; **кет** *уходи*, **кет + у** *уход*; **кір** *войди*, **кіру** *вхождение*, *вход*.

★ Если глаголы оканчиваются на гласные **ы**, **і**, при прибавлении к ним аффикса **-у** в письме по правилам орфографии они исчезают: **оқы** *читай*, **оқы + у = оқу** *чтение*, *учеба*, **жібі-** *смягчаться*, **жібі + у = жібу** *смягчение*, *размокание*.

★ Если глаголы оканчиваются на **п**, **к**, **қ**, при прибавлении к ним аффикса **-у** эти согласные озвончаются и соответственно переходят в **б**, **г**, **ғ**, что отражается и на письме: **тап + у = табу** *нахождение*, **ек + у = егу** *сеяние*, **қақ + у = қағу** *стучание*.

★ Если глаголы оканчиваются на **й**, сочетание **й + у** передается по правилам орфографии одной буквой **ю**: **көбей-** *размножаться* **+ у** — пишется **көбею** *размножение*, **азай-** *уменьшаться* **+ у** – пишется **азаю** *уменьшение*.

Отрицательная форма образуется посредством аффикса **-па/пе/ба/бе/ма/ме**, который ставится перед **-у**: **айт + па + у**, **кет + пе + у**, **жібі + ме + у**, **ек + пе + у**.

Слова в этой форме склоняются как любое имя, оканчивающееся на **-у**.

Осн. падеж	оқу	кету	айту
Род.	оқу-дың	кету-дің	айту-дың
Вин.	оқу-ды	кету-ді	айту-ды
Инструм.	оқу-мен	кету-мен	айту-мен
Направит.	оқу-ға	кету-ге	айту-ға
Местн.	оқу-да	кету-де	айту-да
Исходн.	оқу-дан	кету-ден	айту-дан

Имя действия принимает аффиксы принадлежности, после которых могут быть присоединены падежные аффиксы.

С аффиксом принадлежности имя действия склоняется как любое имя в притяжательном склонении: **оқу + ым + ды** (в винительном падеже) *мое чтение*, **оқу + ы + на** *его чтению*, **оқу + ым + а** (в направительном падеже) *моему чтению*, **оқу + ың + нан** (в исходном падеже) *от твоего чтения*, **оқу + ы + мен** (в инструментальном падеже) *с его чтением* и т.д.

★ Сочетание имени действия на **-у** со словом **керек** *надо, нужно* соответствует русскому инфинитивному сочетанию *нужно, надо + глагол в инфинитиве*: **айту керек** *надо, нужно говорить, сказать*. Форма может принимать аффиксы принадлежности: **айтуым керек** *мне надо сказать*; **айтуың керек** *тебе надо говорить, сказать*; **айтуы керек** *ему следует говорить*.

Жаттығу 123

Мына етістіктерден жазбаша тұйық рай тұлғасын жасаңдар:

кел, отыр, тұр, жат, шірі, орында, талқыла, тоқы, орында, қорық. Обратите внимание на правописание и произнесение новых слов.

Керек сөзін қосып, сөйлем құраңдар.

Тапсырма 124

Орыс тіліне аударыңдар. **-у** тұлғалы сөздерді талдаңдар.

1. Астанаға бару — менің мақсатым. 2. Асқар биыл Мәскеуге келуді тоқтатты. 3. Айшаның айтуына қарағанда Серік Шымкенттен ертең ерте келеді. 4. Үйге берген тапсырманы орындау саған қиын болмайды, ол студенттерге ұнайды. 5. Бүгін біз Алматыдан келген театрда болуға ұйғардық. 6. Берген тапсырманы жаман орындауға болмайды, жақсы орындау керек. 7. Базарда көп уақыт отырудан пайда таппадым. 8. Біздің профессордың лекциясын тыңдаудан көп білім алдым. 9. Мен бүгін институтқа метромен емес, автобуспен баруға ойладым. 10. Сен Айманнан есіткен сөздерді маған айтуың керек. 11. Бізге оқытушы берген қазақша қызық кітапты оқу қиын болмайды. 12. Университетте жақсы білім алу үшін көп кітап оқуым керек. 13. Алматыға бару үшін ертең ұшаққа белет алу керек.

Объяснения

Айтуына = айт + у + аффикс принадлежности 3-го лица -ы + аффикс направительного падежа -на.

Кітапты = кітап + аффикс винительного падежа.

Лекциясын = лекция + аффикс принадлежности 3-го лица -сы + аффикс винительного падежа -н.

Мақсатым = мақсат + аффикс принадлежности 1-го лица.

Отырудан = отыр + у + аффикс исходного падежа.

Сөздерді = сөз + аффикс множественного числа -дер + аффикс винительного падежа.

Тұлғасын = тұлға + аффикс принадлежности + аффикс винительного падежа -н.

Сөздік

Айша женское имя
Асқар мужское имя
Болуға- быть
ертең завтра
етістік глагол
қарағанда по
мақсат цель
пайда польза
тап- находить
тұлғалы с формой
ұйғар- решать
ұна- нравиться
үшін для, ради

ГРАММАТИКА

Настоящее время на -уда/-уде

Эта форма образуется от имени действия на **-у** прибавлением аффикса местного падежа **-у + да**. Она имеет два фонетических варианта, подчиняющиеся закону нёбной гармонии звуков: **-уда** присоединяется к глаголам с твердыми звуками: **айт-уда** *говорят*, **дайында-уда** *готовят*; а **-уде** — к глаголам с мягкими звуками: **бер-уде** *дают*, **істе-уде** *работают*. К ним присоединяются соответствующие аффиксы 1-го и 2-го лица единственного и множественного числа.

В чистом виде форма выражает 3-е лицо единственного и множественного числа — к ней не прибавляется аффикс множественного числа.

★ Когда **-уда** присоединяется к глаголам с конечным согласным **й**, вместо сочетания **й + у** по правилам орфографии пишется **ю**: **көбей + уде = көбеюде** *размножается*, **азай + уда = азаюда** *уменьшается*.

Форма выражает обычно продолжающееся действие в настоящем времени. Она чаще употребляется в периодической печати, отчетах и докладах, чем в художественной литературе или разговорной речи.

Эта форма употребляется в основном в «нулевой форме», выражающей 3-е лицо, и реже — в 1-м и 2-м лице.

Отрицательная форма употребляется редко и образуется посредством прибавления служебного слова **емес**: **баруда емес** *не ездят*.

Таблица вариантов аффиксов лица при форме на **-уда**

	Жекеше	**Көпше**
1 жақ	**-удамын/-удемін**	**-удамыз/-удеміз**
2 жақ жай сыпайы	 **-удасың/-удесің** **-удасыз/-удесіз**	 **-удасыңдар/-удесіңдер** **-удасыздар/-удесіздер**
3 жақ	–	–

Жаттығу 125

Мына етістіктерге **-уда,** жалғауын қосыңдар. Сөйлем құраңдар: *келтір, ал, бер, қорыт, сал, орында, тер, тапсыр, жалғастырыл, көр, дамытыл, жай.*

Объяснения

Адамдар = адам + аффикс множественного числа.

Көшесімен = көше + аффикс принадлежности -і + аффикс инструментального падежа.

Өзеннен = өзен + аффикс исходного падежа.

Сәулені = Сәуле + аффикс винительного падежа.

Тілін = тіл + аффикс принадлежности -і + аффикс винительного падежа.

Сөздік

азай- уменьшаться
бір-біріне друг другу
дамытыл- развиваться
жай простой
жай- распространять
жақ лицо (*грамм.*)
жалғастырыл- продолжаться
жыл сайын ежегодно
келтір- приводить
көбей- умножаться
қорыт- обобщать
қос- присоединять
оқып шық- прочитать
оқыт- учить
орналас- располагаться
орында- выполнять
өт- проходить
сыпайы вежливый
тер- собирать

Тапсырма 126

Бір-біріне сұрақ қойып, жазбаша жауап беріңдер.

1. Көшербайда жақсы көзілдірік бар ма? 2. Университетте студенттер көбеюде ме, азаюда ма? 3. Осы көшеде қанша институт орналасуда? 4. Адамдар қашан сол өзеннен өтіп кетті? 5. Шымкентте көрме жұмысы дамытылуда ма? 6. Алты дәптерге қанша теңге төлейсің? 7. Асқар Сәулені театрда көрді ме, көшеде көрді ме? 8. Моховая көшесімен машиналар өтуде ме? 9. Университет залында сен кімге кездестің? 10. Мәскеу университеті қай көшеде орналасқан? 11. Адамдар Қызыл Алаңға жыл сайын жиналуда ма? 12. Петербургте қазақ тілін оқыту дамуда ма?

Тапсырма 127

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. В аудитории уменьшается количество студентов. 2. В нашем институте увеличивается количество преподавателей. 3. На улице Моховая расположен Московский государственный университет. 4. Я заплатил за новую тетрадь сорок тенге. 5. В университете продолжается урок казахского языка. 6. Ты вче-

ра на лекции видела Кошербая. 7. Асет не был на выставке, доставленной из Алматы. 8. Сауле встретила Айшу на улице Абая. 9. Асан сегодня надел новые очки. 10. Я заплатил за очки сто тридцать четыре тенге. 11. В городе развивается строительство домов. 12. В ауле продолжает увеличиваться количество людей. 13. Мне надо читать много книг, чтобы сдать экзамен.

Урок 23

Газет оқимыз

Тапсырма 128

Орыс тіліне аударыңдар. Етістік тұлғаларын талдаңдар.

Үлкен мереке

1. 8-мамыр — Қазақстан Қарулы күштерінің құрылған күні. 2. Бүкіл қазақстандықтар үшін үлкен мереке. 3. Олай деп ой түйетініміз — еліміз егемендік алғаннан кейін Қазақстан Қарулы күштері қайта құрылып, бұл күн Президент жарлығымен бекітілді. 4. Қазір Қазақстан Қарулы күштерінің қатарында сан мыңдаған қандастарымыз жастық жалынымен абыройлы қызмет атқаруда. 5. Олар бейбіт Отанымыздың тыныштығын көздің қарашығындай қорғауда.

«Қазақ елі»

Объяснения

Күштерінің = күш + аффикс множественного числа -тер + аффикс принадлежности 3-го лица -і + аффикс родительного падежа.

Түйетініміз = түй + аффикс причастия -етін + аффикс принадлежности 1-го лица множественного числа -іміз.

Сөздік

абыройлы почетный
атқар- исполнять
бейбіт мирный
бекітіл- утверждаться
газет газета
егемендік независимость
жалын пламя
жарлық указ
жастық молодой
кейін после
күш сила
қазақстандық казахстанец
қайта құрыл- перестраиваться
қандас соотечественник
қарашық зрачок
қарулы вооруженный
қатар ряд
қорға- защищать
құрыл- создаваться
қызмет служба
Қызыл Алаң Красная площадь
мамыр май
мереке праздник
мыңдаған тысячные
ой түй- заключать
олай так
Отан Родина
сан много
тыныштық покой

Тапсырма 129

Бір-біріне сұрақтар қойып, оларға жазбаша жауап беріңдер.

1. Сағит бүгін қандай газет оқыды, сен қандай газет оқисың? 2. Қазақстан Қарулы күштері қашан құрылды? 3. Қарулы күштер құрылған күн үлкен мереке ме? 4. Сол мерекені кім бекітті? 5. Асқар Қарулы күштер қатарында болды ма? 6. Жастар Отанымыздың тыныштығын қалай қорғауда? 7. Сен осы мерекеге қатыстың ба? 8. Студенттер қарулы күштер қатарында қызмет атқаруда ма? 9. Боранбай сатып алған кітапқа қанша теңге төледі? 10. Мәскеуде қанша қандастарымыз оқуда?

Тапсырма 130

Мақалдарды оқып, жаттап алыңдар.

1. Қорыққанға қос көрінеді.

Буквально: *Тому, кто испугался, все кажутся двойными.*

2. Анасын көріп, қызын ал, аяғын көріп асын ал.

Сначала посмотри на мать, а потом возьми ее дочь (*в жёны*), *сначала посмотри на посуду, а потом возьми пищу* (*в ней*).

3. Қойшы көп болса, қой арам өледі. Буквально: *Когда много пастухов, овцы умирают без присмотра.* Соответствует русской поговорке «У семи нянек дитя без глазу».

Объяснения

Анасын = ана + аффикс принадлежности 3-го лица -сы + аффикс винительного падежа -н.

Аяғын = аяқ + аффикс принадлежности 3-го лица -ы + аффикс винительного падежа -н.

Асын = ас + аффикс принадлежности 3-го лица + аффикс винительного падежа.

Болса = бол + аффикс условного наклонения.

Қызын = қыз + аффикс принадлежности 3-го лица + аффикс винительного падежа.

Орнында = орын + аффикс принадлежности 3-го лица -ы + аффикс местного падежа -да.

Өсер = өс + аффикс будущего времени.

Сөздік

арам негодный для пищи, нечистый
аяқ посуда
жатта- выучить наизусть
көп много
көрін- видеться
қойшы пастух
онда у него
орын место
Оспан мужское имя
осы это(т)
өл- умирать
сол тот (та, то)
тон шуба
төле- платить

Запомните! Глагол **отыр** имеет две фомы: 1) повелительное наклонение — *сядь!* 2) настоящего времени 3-го лица — (*он, она, оно*) *сидит, они сидят.*

ФОНЕТИКА

Губная гармония звуков

[**Ө**] подвергает ассимиляции по огубленности последующие звуки [**і**] и [**е**] в составе одного слова.

Если в первом слоге употребляется звук [**ө**], а во втором слоге вы встретите [**е**], прочтите его как [**ө**]: **көше** [көшө] *улица*, **көсем** [көсөм] *вождь*.

Если в первом слоге употребляется звук [**ө**], а во втором — [**і**], этот [**і**] произносится как [**ү**]: пишется **көзім**, читается [көзүм] *мой глаз*.

Если в первом слоге употребляется звук [**ү**], а во втором — [**і**], последний произносится как огубленный: **жүз + і** [жүзү] *его лицо*, **сүз + ді** [сүздү] *бодал*.

Если в первом слоге употребляется [**ү**], а во втором — [**е**], произнесите его как [**ө**]: **күз + де = [күздө]** *осенью*.

Тренируйтесь отличать звук [**ө**] от звука [**ү**]: **көл** *озеро* — **күл** *зола*, **төле-** [төлө] *платить* — **түле-** [түлө] *линять*.

Жаттығу 131

Оқып шығып, жазып алыңдар. **Ө**, **ұ**, **ү** дыбыстарына көңіл бөліңдер. Орыс тіліне аударыңдар. Белгілі жалғауларды талдаңдар.

1. Біздің елде биыл астық көбеюде. 2. Бәріміз күзде ауылға барамыз. 3. Ауылға бізден басқа сырттан көп қонақ келеді. 4. Менің ұлымда мал көп, төл де көп. 5. Көктемде біздің далада шөп жақсы шықты. 6. Қойшылар Өсербай ақсақалды құттықтап, төрге отырғызды. 7. Бізбен бірге барған Ғали шөлдеді. 8. Қыздар оған сусын әкеліп берді. 9. Ғали сөзге шешен екен. 10. Таңертең көбіміз далада шөп шаптық. 11. Анам маған жолға екі мың теңге берді. 12. Жиналыста директор жақсы сөз сөйледі, ол да сөзге шешен екен. 13. Төрағa мәжілісті ашты, мәжіліс сағат үшке дейін созылды.

Тапсырма 132

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. В этом году мы получаем много молодняка. 2. В ауле утром и вечером мы косили траву. 3. На поле, когда мы косили траву, мы испытывали жажду. 4. Девушки нам принесли холодный напиток. 5. Айша не пьет этот напиток. 6. Вечером председатель открыл собрание. 7. На собрании председатель говорил долго. 8. Он посадил профессора на почетное место. 9. Я выступил на том собрании. 10. Мы сегодня смотрели новый кинофильм. 11. Когда я ездил в аул, ко мне пришло много друзей. 12. Из аула я вернулся в город, сначала ехал на автобусе, потом на поезде.

Тапсырма 133

Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Күзде далада аң көп пе? 2. Биыл ауылда төл көбеюде ме? 3. Университетке ұзақтан қанша қонақ келеді? 4. Сен кеше көшеде шөлдедің бе? 5. Сусынды саған

кім әкеледі? 6. Асқардың ұлы саған көп теңге берді ме? 7. Төрағa жиналысты көпке созды ма? 8. Жиналыста кім үздік сөйледі? 9. Бүгін сағат төртте кинoға барасыңдар ма? 10. Алматыда болғанда Оспанды көрдің бе? 11. Төрағa сөйлегенде сен залда отырдың ба? 12. Аудиторияда отырғанда шөлдейсің бе? 13. Жиналыс сағат қаншаға дейін созылды?

Тапсырма 134

Жаттап алыңдар. Орыс тіліне аударыңдар.

1. Пайдасыз мың сөзден бармақтай ғана пайдалы бір іс артық.

Ғ.Мұстафин

2. Он адам жүрген жерде із қалады.
Жүз адам жүрген жерде — соқпақ.
Мың адам жүрген жерде жол қалады.
3. Жаманның айтқаны келмейді, сандырағы келеді.

Объяснения

Ақсақалды = ақсақал + аффикс винительного падежа.
Бізбен = біз + аффикс инструментального падежа.

Сөздік

ақсақал аксакал
артық лучше, больше
аш- открывать
бармақтай палец
бәріміз мы все
белгілі известный
ғана лишь
да тоже
дейін до
екен оказывается
көбей- умножаться
көбіміз многие из нас
көкте- зазеленеть
қайталау повторение
мәжіліс заседание
мың тысяча
отырғыз- посадить
пайдалы полезный
пайдасыз бесполезный
сандырақ бред
сөз сөйле- произнести речь
соқпақ тропа
сырттан извне
төл молодняк
төлде- окотиться
төр почетное место
төраға председатель
шап- косить
шөлде- жаждать
шөп трава
із след
іс дело

Қайталау тапсырма

Вернитесь к уроку 20 и прочтите все казахские пословицы, поговорки, стихи, расскажите, о чем они говорят. Проанализируйте, из каких форм слов они состоят и с какими значениями. Еще раз убедитесь, что вы хорошо усвоили до этого места весь материал.

Урок 24

ГРАММАТИКА

Шығыс септік ✦ Исходный падеж

Это специфический падеж казахского языка, его нет в русском языке.

Исходный падеж выражает исходный пункт действия и отвечает на вопросы **қайдан?** *откуда? с чего? от чего?* **кімнен?** *от кого? с кого?* **неден?** *от чего? с чего?* По значению имена в исходном падеже соответствуют русским именам с предлогами *из*, *от*, *с*.

Он имеет шестивариантный аффикс **-тан/тен /дан/ден/нан/нен**:

варианты **-тан/-тен** присоединяются к основам, оканчивающимся на глухие согласные: **ат-тан, ит-тен**;

варианты **-дан/-ден** присоединяются к основам, оканчивающимся на любой гласный звук, на звонкие согласные **-з**, **-ж**, а также на сонорные согласные **-л**, **-р**: **ата-дан, қыз-дан, мал-дан, қар-дан**;

-нан/-нен присоединяются к основам, оканчивающимся на сонорные носовые согласные **-м**, **-н**, **-ң**: **адам-нан, кен-нен, жең-нен**;

-тан/дан/нан по закону гармонии звуков присоединяются к твердым основам;

-тен/ден/нен — к мягким основам.

Таблица вариантов аффикса исходного падежа

	после глухих	после звонких **-л**, **-р**	после **-м**, **-н**, **-ң**
после твердых основ	**-тан**	**-дан**	**-нан**
после мягких основ	**-тен**	**-ден**	**-нен**

Жаттығу 135

Мына сөздерге шығыс септік жалғауын қосыңдар. Сөйлем құраңдар.

Ас, жаза, бал, төре, Әсет, Асан, тарақ, қар, аспаз, Кәкен, таж, Сәлім, Әсел, Сәуле, Айжамал, есек, қаз, сең.

Жаттығу 136

а) Көп нүктенің орнына керекті шығыс жалғауын қосыңдар. Көшіріп жазып алыңдар. Орыс тіліне аударыңдар.

1. Байлық ата... балаға қалған мирас. 2. Оспанның әкесі ауыл... келген атақты малшы. 3. Оның малы басқа малшыларың малы... көп. 4. Ол мал... көп

қаржы алды. 5. Күз болғанда ол қыстақ... тауға мал айдайды. 6. Кеше мен кино... кеш қайттым. 7. Бүгін университет...шыққанда жолда Оспанға кездестім. 8. Асанның ұлы қала... қашан келді? 9. Мен Шымкент... келгенде сен институтта боласың ба? 10. Сабақ... кейін сағат жетіде біз театрға барамыз. 11. Мен метро... шыққан... соң троллейбусқа мініп Айшаға бардым. 12. Мәскеуге атам... басқа туысқан келген жоқ. 13. Сабақты қайталау... көп пайда аласың.

ә) Орыс тіліне аударыңдар. Мақалдарды жаттап алыңдар.

1. Асыл — тастан, ақыл — жастан. 2. Қайта шапқан жау жаман, қайтып келген қыз жаман. 3. Қыздан артық жуан бар, аттан артық құлан бар.

Сөздік

ақыл ум
асыл драгоценность
атақты знаменитый
жуан толстяк
керекті нужный
кешқұрым вечером
қайта повторно
қайтала- повторять
қайтып кел- возвращаться
қал- оставаться
қаржы средства
құлан кулан
қыстақ зимовье
мирас наследство
соң после
туысқан родственник
шық- выходить

Тапсырма 137

Бір-біріне сұрақ қойып, жазбаша жауап беріңдер.

1. Сен кеше кешқұрым кинодан сағат қаншада келдің? 2. Асқар бүгін кассадан қанша теңге алыпты? 3. Атадан оның ұлы Қабдолға көп мирас қалды ма? 4. Асанға бүгін дүкеннен жаңа дәптер алып бересің бе? 5. Алматыдан Мәскеуге ертең ұшақпен кім келеді? 6. Астанадан Мәскеуге келген театр қызық па? 7. Кітапты Айдардан аласың ба, басқа студенттен аласың ба? 8. Сабақты бітіргеннен соң театрға барасыңдар ма? 9. Жазда қаладан ауылға қанша студент барады? 10. Сол көп байлықтан күзде сен не аласың? 11. Кешқұрым біз кинодан келгенде Ғалия үйде болды ма?

Тапсырма 138

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. Сегодня я получаю от Айши много бумаги. 2. Карандаш, взятый вчера у Сауле, у тебя? 3. Ты из театра пришел в девять часов. 4. В этом году осенью из аула в город приезжает много людей. 5. Студент, который приехал из Астаны к нам, хороший парень 6. После урока мы с Улукбеком идем в кино. 7. Вы были на вокзале, когда из Казахстана прибыли известные артисты? 8. На Красной площади не было людей, кроме шести студентов. 9. Родственник Аскара, приехавший вчера из Алматы, сегодня пойдет в Большой театр. 10. У тебя книг

больше, чем у Анар. 11. С прошлого года я не получаю писем от моего друга Байбола.

Тапсырма 139

Орыс тіліне аударыңдар. Белгілі тұлғаларға талдау жасаңдар.

Жол

— Ағай, осы жолмен жүре берсе, қайда барады? — деп сұрады бала.
— Анау таудан асып, өзіміздің ауылға барады, — деді Бәзіл.
— Сол жерде таусылады ма?
— Жоқ, таусылмайды.
— Одан әрі қайда барады?
— Ауылдан әрмен даңғырлаған тас жолға қосылады да, ауданға барады.
— Одан әрі қайда барады?
— Одан әрі Алматыға барады.
— Алматыдан әрі қайда барады?
— Пойыз жүретін темір жолды білесің бе? Тас жол одан әрі темір жолға қосылады да, темір жол тура Мәскеуге барады. Жолдардың барлығы Мәскеуде тоғысады.

Бердібек Соқпақбаевтан

Объяснения

Жолдардың = жол + аффикс множественного числа -дар + аффикс родительного падежа.

Жолмен = жол + аффикс инструментального падежа.

Жүретін = жүр + аффикс причастия -етін.

Сөздік

ағай дядя
ас- перевалить
әрмен дальше
әрі дальше
барлығы все
Бәзіл мужское имя
белгілі известный
даңғырлаған просторный
жол дорога
жүре берсе если пойдут
қосыл- соединяться
одан оттуда
өзіміздің наш
сұра- спрашивать
тас жол шоссе
таусыл- кончаться
темір жол железная дорога
тоғыс- соединяться
тура прямо

Тапсырма 140

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. Эта дорога не идет в Москву. 2. Если я пойду по этой дороге, не дойду до университета. 3. Ты перейдешь через ту гору и дойдешь до города Шымкент.

4. В нашем ауле нет железной дороги. 5. Железная дорога, по которой мы приехали на поезде, кончается в городе Кентау. 6. Дальше идет хорошее широкое шоссе. 7. По шоссе на автобусе доедем до Астаны.8. Железная дорога от Москвы до Алматы — четыре тысячи километров. 9. Из Алматы в Москву мы не едем поездом, мы летаем самолетом. 10. От Кентау до Шымкента мы едем на автобусе три часа. 11. Айгуль приехала из Туркестана в Москву поездом. 12. Из Москвы в Алматы мы не едем поездом, летим самолетом. 13. Вы всегда ездите в Астану поездом? 14. В Алматы вы не летали самолетом?

Урок 25

ГРАММАТИКА

Сан есім ✦ Количественные числительные

Теперь вы можете использовать те количественные числительные, которые вы знаете.

Жаттығу 141

Сан есімдерді дұрыс оқып, жаттап алыңдар.

Единицы: **бір** *один*, **екі** *два*, **үш** *три*, **төрт** *четыре*, **бес** *пять*, **алты** *шесть*, **жеті** *семь*, **сегіз** *восемь*, **тоғыз** [тоғұз] *девять*.

Десятки: **он** [wон] *десять*, **жиырма** *двадцать*, **отыз** [wотұз] *тридцать*, **қырық** *сорок*, **елу** [йелүw] *пятьдесят*, **алпыс** *шестьдесят*, **жетпіс** *семьдесят*, **сексен** *восемьдесят*, **тоқсан** *девяносто*.

Сотня — **жүз**.

Тысяча — **мың**.

Десять тысяч — **түмен** [түмөн]. Это числительное в современном языке употребляется редко, встречается в основном в фольклоре, исторических произведениях.

Дальше для больших чисел употребляются международные названия: **миллион**, **миллиард**, **триллион** и т.д.

Как составить сложные числительные?

Сложные числительные составляются сочетанием указанных выше слов.

При этом сначала приводится большее число — название десятки, сотни, тысячи и т.д., затем — меньшее.

Например, десятка **он** больше, чем единица **бір**, поэтому ее называем первой: название десятки, потом присоединяем к нему название единицы, получается **он бір** *одиннадцать* — **он** больше, чем **бір**; **он алты** *шестнадцать* — **он** больше, чем **алты**, и т.д.

Как видим, в отличие от русского языка, название первой десятки предшествует названию единицы. Ср. русские *одиннадцать, двенадцать* и т.д., где единица предшествует десятке.

Начиная с двадцати порядок слов в сложных числительных как в русском языке: **жиырма үш** *двадцать три* (**жиырма** больше **үш**); **сексен алты** *восемьдесят шесть* и т.д.

Перед названиями сотни, тысячи, миллиона и т.д. могут присоединяться названия меньших чисел: **(бір) жүз елу тоғыз** *сто пятьдесят девять* – буквально:

одна сотня пятьдесят девять; **(бір) мың тоғыз жүз сексен бес** (*одна*) *тысяча девятьсот восемьдесят пять*; **бес миллион он мың** *пять миллионов десять тысяч* и т.д. — они образуются примерно как в русском языке.

Чтобы поставить вопрос к количественным числительным, спрашивают: **Қанша? Неше?** *Сколько?*

При употреблении количественных числительных в качестве определения определямое имя не принимает формы множественного числа: **жиырма бес қой** — а не: **жиырма бес қой + лар**. Сказуемое подобных конструкций также не принимает аффикса множественного числа: **жиырма бес қой жайылып жүр** — а не: **жиырма бес қой жайылып жүр + лер** *пасется двадцать пять овец.*

С аффиксом **-тай/-тей, -дай/-дей** имя числительное выражает **приблизительное** количество. Эту форму можно образовать от любого количественного числительного: **бес + тей** *около пяти*, **жиырма + дай** *около двадцати.*

Жаттығу 142

Оқып, орыс тіліне аударыңдар. Сан есім мен зат есім тіркестеріне көңіл бөліңдер.

1. Біздің институтта бес жүз елу студент оқиды. 2. Солардан бүгін жиырма үш студент сабаққа келмеді. 3. Менің жасым биыл он тоғызға толады. 4. Әсет жиырма бірден асты. 5. Үйдің артында отыз алты қой жайылып жүр. 6. Кеше сабаққа қырқ сегіз студент келді. 7. Біздің үй үлкен емес, кішкентай, көлемі — қырқ жеті шаршы метр. 8. Кешегі жиналысқа ауылдан жүз отыз төрт кісі қатысты. 9. Мәскеуге Алматыдан екі жүздей әнші, биші келді. 10. Ауыл жанында алты түрлі аюандар кездеседі. 11. Қаладағы паркте жиырмадай қаз көлде жүзіп жүр. 12. Мен бір мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылы Мәскеу қаласында Тверьская көшесінде тудым. 13. Абай Құнанбайұлы бір мың сегіз жүз қырық бесінші жылы Қазақстанда туған.

Объяснения

Беріңдер = бер + аффикс повелительного наклонения 2-го лица множественного числа.

Жиырмадай = жиырма + сравнительный аффикс -дай.

Жүздей = жүз + тот же аффикс.

Тіркестеріне = тіркес + аффикс множественного числа -тер + аффикс принадлежности -і + аффикс направительного падежа.

Сөздік

артында за
аюан зверь
әнші певец
әртүрлі разные
беріңдер дайте
биші танцор
дос друг
жиырмадай около двадцати
кең широкий
кешегі вчерашний
көлем площадь
кішкентай маленький

қатыс- участвовать
тар узкий
түрлі различный
тыңда- слушать
тіркес сочетание
шаршы квадратный

Тапсырма 143

Мына сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Факультеттің осы курсында қанша бала оқиды? 2. Үйдің алдында неше сиыр бар? 3. Отыз бала қайда ойнап жүр? 4. Сенің жасың биыл қаншаға толады? 5. Бүгін сабаққа қанша студент келмеді? 6. Осы аудиторияның көлемі қанша шаршы метр? 7. Бір литр сүтке Әлімбек қанша теңге төледі? 8. Дүкеннен алған кішкентай дәптер мен қаламға көп теңге бердің бе? 9. Сен бүгін досыңнан мың екі жүз теңге алдың ба? 10. Сен стипендияға бір айда қанша теңге аласың? 11. Мәскеудан Алматыға пойызбен барғанда белетке қанша теңге төлейсіңдер? 12. Қазір осы бөлмеде қанша студент лекция тыңдап отыр?

Тапсырма 144

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. Вчера в семь часов мы пришли в Большой театр. 2. Сегодня утром с урока ушли три наших студента. 3. Завтра не будет одного урока по философии. 4. В нашем ауле около поля пасется сто десять овец. 5. У Ырыс нет двух красных карандашей, которые вчера дал ему Аскар. 6. В городе нет двухсот лошадей. 7. Когда я пришел в аудиторию, было тридцать три студента. 8. Вчера в городе я видел много разных зверей. 9. Сегодня я получил от Айнур четыре тысячи пятьсот двадцать тенге. 10. За билет в самолет на Алматы мы заплатили семьдесят пять тысяч тенге. 11. На поезд до Астаны ты должен заплатить тридцать тысяч тенге. 12. Я заплатил немного денег за карандаш — двадцать тенге.

Тапсырма 145

Дауыстап оқып, орыс тіліне аударыңдар. Жалғауларды талдаңдар.

Наурыз мейрамы

1. Уа қалайық! Бүгін ұлыстың ұлы күні. 2. Ата-бабаларымыздың сөзінше — ақ түйенің қарны жарылған күн. 3. Бүгін — Наурыз айының жиырма екісі — Наурыз мейрамы, Наурыз салтанаты. 4. Наурыз — жаңа күн, жаңа жылдың, жаңа көктемнің бірінші күні, жыл басы. 5. Бұл — күн мен түннің теңеліп, күннің ұзара бастаған күні. 6. Қысқы қар мен суық кетіп, табиғат оянып, дала көктеген күн. 7. Қорада қой қоздап, ақ сүт молайған күн. 8. Ел-жұртты шаттық билеген күн. 9. Жастар атқа мініп шабады, жарысады. 10. Әр үйде наурыз көже пісіреді. 11. Аталарымыз бен әжелеріміз ауыл аралап наурыз көжеден дәм татып, ақ батасын беретін күн. 12. Ақындар қазақша айтысқа түседі. 13. Бұл бүкілхалықтық мереке. 14. Наурыз құтты болсын, бақытты болыңдар!

Объяснения

Батасын = бата + аффикс принадлежности 3-го лица + аффикс винительного падежа.

Беретін = бер + аффикс причастия -етін.

Қарны = қарын + аффикс принадлежности 3-го лица.

Сөздік

айтыс айтыс (состязание в стихах с пением)
арала- ходить
бақытты счастливый
бата благословение
бүкілхалықтық всенародный
дәм тат- пробовать пищу
ел-жұрт народ
жарыл- разрываться
жарыс- состязаться
көкте- зазеленеть
көктем весна
қалайық народ
қарын живот, желудок
қозда- окотиться
құтты болсын пусть будет счастливым
мейрам праздник
молай- увеличиваться
наурыз көже особая пища из семи компонентов
оян- просыпаться
пісір- варить
салтанат торжество
теңел- равняться
сөзінше по словам
суық холод
табиғат природа
түс- участвовать
уа! эй!
ұлыс народ
ұзар- удлиняться
ұзара баста- начинать удлиняться
шап(б)- скакать
шаттық радость

Тапсырма 146

Бір-біріне мына сұрақтарды қойып, жазбаша жауап беріңдер.

1. Наурыз мейрамы қай күні болады? 2. Наурыз жаңа жылдың нешінші күні? 3. Күн мен түн қашан теңеледі? 4. Наурызда дала көктей ме? 5. Бұл күні сүт мол бола ма? 6. Наурыз бүкілхалықтық мереке ме? 7. Ел-жұрт Наурызға қатты қуана ма? 8. Сендер наурыз көже пісіресіңдер ме? 9. Аталарың Наурыз күні не істейді? 10. Студенттер Мәскеуде болған Наурыз мейрамына қатысады ма? 11. Оңтүстік Қазақстан облысында Наурызда жер көктей ме? 12. Мәскеу қазақтары Наурызды қашан мерекеледі? 13. Наурызда сен қазақша биледің бе? 14. Кім көп ән салды?

Тапсырма 147

Наурыз батаны дәптерге жазып, жаттап алыңдар.

1. Ұлыс оң болсын. 2. Ақ мол болсын. 3. Қайда барсақ жол болсын. 4. Ұлыс бақты болсын. 5. Төрт түлік ақты болсын. 6. Ұлыс береке берсін, Бәле-жала жерге енсін. 7. Ұлы халқым тоқ болсын. 8. Көйлектерің көк болсын. 9. Қайғы-уайымдарың жоқ болсын. 10. Қуаныштарың көп болсын.

Тапсырма 148

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар. Сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. Сегодня в полдень мы идем на праздник Наурыз. 2. Нас там встретят красиво одетые девушки и парни. 3. Там мы услышим от наших акынов казахский айтыс. 4. Мой друг, который приехал из Тараза, участвует в айтысе на этом празднике. 5. Приехавшие из Алматы артисты дадут интересный концерт. 6. Вы (вежливая форма) пойдете на праздник Наурыз? 7. Многие мои друзья пойдут на этот всенародный праздник. 8. Мы всегда радуемся, когда приходит новая весна. 9. В Казахстане Наурыз празднуют во всех областях. 10. Мои родственники в ауле на празднике устраивают айтыс. 11. Молодые ребята скачут на конях и соревнуются. 12. Вчера мы были на празднике Наурыз московских казахов. 13. На празднике Наурыз в Москве студенты университета пели песню. 14. Ты был на айтысе акынов из Казахстана?

Тапсырма 149

Мақалдарды жаттап алыңдар. Әр сөйлемге сұрақ қойып, оған жауап беріңдер.

1. Атаның баласы болма, адамның баласы бол.

Абай

2. Қызын асырай алмаған күң қылады,
Ұлын асырай алмаған құл қылады.

Объяснения

Асырай = асыра + аффикс деепричастия -й.
Қызын = қыз + аффикс принадлежности -ы + аффикс винительного падежа -н.
Ұлын = ұл + те же аффиксы.

Сөздік

ақ молоко
асыра- воспитывать, кормить
асырай ал- мочь воспитывать
бақты счастливый
бәле-жала зло и клевета
береке обилие
болсын пусть будет
көйлек платье, рубашка
көкте- зеленеть
күң рабыня
қайғы-уайым горе
қуаныш радость
құл раб
қыл- делать
мақал пословица
мол обильный
облыс область
оң благополучный, правый
тоқ сытый
түлік вид скота

Тапсырма 150

Мәтінді оқып, қазақ тіліне аударыңдар. Таныс жалғауларды талдаңдар.

Білге қаған

1. Қазақтардың арғы бабаларының бірі атақты дана Білге қаған 683–734 жылдары өмір сүрген. 2. Ол — Шығыс Түрк қағандығының он жетінші қаганы,

Қапаған қаганның баласы. 3. 716-жылы қаган болып жарияланды. 4. «Тәңірдей Тәңірде болған Түрк Білге қаган бұл таққа отырдым», — деп жазылған оның ескерткішінде. 5. Ол 8-ғасырда Шығыс Түркістанда ел билеген. 6. Біраздан соң билік алудың жаңа жүйесі орнатылды. 7. Енді көк түрктерден қаганның еркек балалары ғана қаган бола алатын болды. 8. Білге қаганды оның замандастары ақылды, мәмлешіл, қайырымды деп сыйпаттайды. 9. Оның тұсында қала құрылысы өркендеді, басқа тілдерден түркі тіліне кітаптар аударылды. 10. Оған арналып салынған үлкен ескерткіш Монголияда Орхон өзенінің алабында сақталған. 11. Біз биыл Білге қаган туралы қызық кітап оқыдық.

Жаттығу 151

Бір-біріне сұрақтарды қойып, жазбаша жауап беріңдер.

1. Білге қаган қашан өмір сүрген? 2. Ол кімнің баласы? 3. Ол қай жылы қаган болып сайланды? 4. Ол қай жылдары ел билеген? 5. Оның ескерткішінде не жазылған? 6. Жаңа жүйе бойынша кім қаган болып сайланады? 7. Білге қаганның сипаты қандай? 8. Оның тұсында қандай істер жүргізілді? 9. Білге қаганның ескерткіші қайда? 10. Сен Білге қаганның ескерткішін көрдің бе? 11. Білге қаган туралы қандай кітап оқыдыңдар? 12. Монголияда болғанда Білге қаганның ескерткішін көрдіңдер ме?

Объяснения

Ескерткішін = ескерткіш + аффикс принадлежности 3-го лица -і + аффикс винительного падежа -н.

Сұрақтарды = сұрақ + аффикс множественного числа -тар + аффикс винительного падежа.

Сөздік

ақылды умный
алап долина
арғы те далекие
арнал- быть посвященным
атақты знаменитый
баба предок
биле- править
билік власть
біраздан соң через некоторое время
бола алатын могли стать
ғасыр век
дана мудрый
ескерткіш памятник
жарияла- провозгласить
жауап бер- отвечать
жүргізіл- проводиться
замандас современник
қайырымды милостивый
құрылыс строительство
мәмлешіл дипломат
мәтін текст
өркенде- развиваться
сайлан- быть избранным
сақтал- сохраниться
сал- строить
сыйпатта- описывать
сұрақ вопрос
тақ престол
тәңір небо, бог
тұсында при

Тапсырма 152

Оқып шығып, қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. Далекий предок Аскара правил маленькой страной в восточном Казахстане. 2. Он не был каганом, он был ханом. 3. При нем сделано много хороших дел. 4. Он строил большие и маленькие дома. 5. При нем переводили книги на тюркский язык со многих языков мира. 6. Современники характеризовали его как мудрого правителя. 7. Ему не ставили большой памятник. 8. Сейчас Республикой Казахстан руководит президент. 9. Президента избирает весь народ. 10. Мы участвовали в прошлом году в выборах президента. 11. Наши студенты в этом году ездили к памятнику Бильге-кагану. 12. О Бильге-кагане мы читали книги и статьи.

Урок 26

ГРАММАТИКА

Табыс септік ✦ Винительный падеж

Табыс септік обозначает прямой объект, управляется переходным глаголом. По значению он соответствует винительному падежу русского языка. Он отвечает на вопросы **кімді?** *кого?* **нені?** *что?*

Винительный падеж имеет шестивариантный аффикс **-ты/ті/ды/ді/ны/ні**. Начальный согласный звук аффикса определяется конечным звуком склоняемой основы:

варианты **-ты/ті** присоединяются к именам с конечным глухим звуком: **ат-ты, бек-ті, бес-ті**;

варианты **-ды/ді** присоединяются к именам с конечными звонкими, а также сонорными согласными: **қаз-ды, мал-ды, нан-ды**;

варианты **-ны/ні** присоединяются к именам с конечными гласными: **бала-ны, әже-ні**.

Гласный звук аффикса зависит от твердости и мягкости конечного слога склоняемой основы. После твердого слога присоединяются варианты с заднерядным гласным **-ты/ды/ны**: **ат-ты, қыз-ды, ата-ны**; после мягкого слога присоединяются варианты с переднерядным гласным **-ті/ді/ні**: **ет-ті, жез-ді, әке-ні**.

Форма винительного падежа тесно связана с категорией определенности-неопределенности. При назывании определенного предмета присутствие аффикса обязательно при имени. При назывании неопределенного предмета аффикс винительного падежа как формальный маркер отсутствует: **Сол бала-ны көрдім** *Я видел того мальчика*; **Бала көрдім** *Я видел мальчика* (*какого-то*).

Таблица вариантов аффикса **табыс септік**

	После глухих	После звонких и сонорных	После гласных
Твердые	**-ты**	**-ды**	**-ны**
Мягкие	**-ті**	**-ді**	**-ні**

Жаттығу 153

Мына сөздерге табыс септік жалғауын қосыңдар. Сөйлем құрап, жазыңдар.

Бала, дәптер, қалам, қарындаш, бор, тақта, ет, әке, мал, кен, қар, жел, қора, сеңі, жаз, көз.

Тапсырма 154

Мақалды, жұмбақтарды жазып алып, орыс тіліне аударыңдар. Жаттап алыңдар.

1. Киімі жаманды ит қабады, ниеті жаманды құдай табады.

2. Санымыз қанша, білмейміз, түнімен көз ілмейміз. (*Жұлдыздар*)

3. Арқасында ауыл жүр, ала тайым шауып жүр. (*Автобус*)

4. Сақ болсаң, сау боласың.

Жаттығу 155

Көп нүктенің орнына табыс септік жалғауын қосыңдар. Дауыстап оқып, жазып алыңдар. Орыс тіліне аударыңдар.

1. Арзымасқа ақылың... тауыспа. 2. Апам мына ет.. жақын дүкеннен сатып алды. 3. Ол ауылдың жанында ит... көргенде қатты қорықпады. 4. Бүгін қызымыз Айша... бала бақшаға атам апарды. 5. Көшеде жатқан қалың қар... Ахмет күремейді, Әлия күрейді. 6. Асқар Өскемен қаласынан Мәскеуге бір топ жұмысшылар... әкелді. 7. Мәскеудің айналасында орман... жиі көресіз. 8. Қазақстан шөлдерінде құмды жерде сексеуіл... көп кездестіресіз. 9. Осы кітап... мен дүкеннен алты теңгеге бүгін сатып алдым. 10. Мен бүгін атым... арбаға бірінші рет жектім. 11. Алматыдан келген ғалым қонақ... Мәскеу вокзалында Ахмет екеуіміз қарсы алдық.

Объяснения

Вокзалында = вокзал + аффикс принадлежности 3-го лица + аффикс местного падежа.

Шөлдерінде = шөл + аффикс множественного числа -дер + те же аффиксы.

Сөздік

айналасында вокруг
ақыл ум
арзымас нестóящий
бақша садик
дүкен магазин
жалғау аффикс
жаман плохой
жатта- выучить наизусть
жек- запрягать
жиі часто
жұмысшы рабочий
кездестір- встречать
көз іл- заснуть
киім одежда
күре- сгребать (лопатой)
қарсы ал- встречать
қорық- бояться
қос- присоединять
құдай бог
құм песок
құра- составить
ниет намерение
орман лес
Өскемен Усть-Каменогорск
сақ осторожный
сексеуіл саксаул
сөйлем предложение
тап- находить
тауыс- исчерпать
түнімен всю ночь
топ группа
шөл пустыня

Тапсырма 156

Оқып, орыс тіліне аударыңдар. Жалғауларды талдаңдар.

Қашқарлық Махмұт

1. Атақты ғалым Қашқарлық Махмұт (толық арабша аты Махмуд ибн ал-Хусейн ибн Мухаммед ал-Кашгари) Шығыс Түркістанда өмір сүрген. 2. Ол түркі халықтарының арасында ел аралап, сөз байлығын жинаған. 3. Сүйтіп, он бірінші ғасырда өзінің «Түркі тілдерінің сөздігін» жазған. 4. Бұл еңбек түркология саласындағы тұңғыш салыстырмалы әрі ғылми, әрі практикалық шығарма. 5. Ол осы күнге дейін өз құнын жойған жоқ. 6. Қашқарлық Махмұт түркология ғылымының негізін салушы, ол 11-ғасырдағы ең ірі ғалым, арап тілін жақсы білген. 7. Біз Қашқарлық Махмұттың үш томдық салыстырмалы сөздігін жақсы білеміз, оны оқимыз. 8. Ол туралы түркология ғылымында көп жазылған. 9. Түркологияға кіріспе сабағында біз онымен жақсы таныстық. 10. Оның «Сөздігін» ғалымдар өз еңбектерінде кең пайдаланады.

Объяснения

Байлығын = байлық + аффикс принадлежности 3-го лица + аффикс винительного падежа -н.

Құнын = құн + те же аффиксы.

Негізін = негіз + те же аффиксы.

Сөздігін = сөздік + те же аффиксы.

Сабағына = сабақ + аффикс принадлежности 3-го лица + аффикс направительного падежа -на.

Ғылымында = ғылым + аффикс принадлежности 3-го лица + аффикс местного падежа -нда.

Арасында = ара + те же аффиксы.

Сабағында = сабақ + те же аффиксы.

Саласында = сала + те же аффиксы.

Онымен = ол + аффикс принадлежности 3-го лица -ы (л переходит в н) + аффикс инструментального падежа -мен.

Сөздік

арала- ездить
ара середина
әрі к тому же
ғасыр век
ғылми научный
дейін до
ең самый
жой- терять
курс жұмысы курсовая работа
көрермен зритель
кіріспе введение
құн ценность
негіз основа
өз свой
өмір сүр- жить
сал- закладывать
сала ветвь, отрасль
салыстырмалы сравнительный
сүйтіп таким образом
тұңғыш первый
шығарма произведение
шығыс восточный

Тапсырма 157

Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Қашқарлық Махмұт қайда өмір сүрген? 2. Ол не істеген? 3. Қай ғасырда ол атақты сөздігін жазған? 4. Түркология ғылымында ол қандай еңбек жазды? 5. Ол еңбектің әлі құны бар ма? 6. Қашқарлық Махмұт түркологияның негізін салушы ма? 7. Сен оның сөздігін қашан оқыдың? 8. Ерлан ол туралы курс жұмысын жазды ма? 9. Кім оның Сөздігін өз еңбектерінде пайдаланады? 10. Университеттің кітапханасында Қашқарлық Махмұттың үш томдық сөздігі бар ма? 11. Сендер сол Сөздікті пайдаландыңдар ма? 12.Сенде қазақ тілінің жақсы сөздігі бар ма?

Тапсырма 158

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. Я очень хорошо знаю Махмуда Кашгарского. 2. О нем нам рассказывали в институте преподаватели тюркологии. 3. О его словаре я писал большую статью. 4. Многие из слов его словаря имеются в современном казахском языке. 5. О Махмуде Кашгарском и его знаменитом словаре много писали в Турции на турецком языке. 6. В Казахстане о нем тоже написано много работ. 7. Студенты тюркологических отделений университетов и институтов много читают о нем. 8. В нашей библиотеке имеется его словарь на турецком и узбекском языках. 9. Мы его часто читаем. 10. Студенты часто используют его труд в своих курсовых и дипломных работах. 11. Мы берем словарь Махмуда Кашгарского из нашей библиотеки. 12. На уроке казахского языка мы использовали казахско-русский словарь.

Урок 27

ГРАММАТИКА

Категория грамматического числа, множественное число ✦ Көптік жалғау

В казахском языке, так же как и в русском, существуют две формы категории числа: единственное и множественное.

Единственное число — **жекеше** не имеет специального показателя, оно выражается самой основой имени или глагола, это так называемая «нулевая форма».

Множественное число — **көпше** грамматически при именах выражается специальным аффиксом. В казахском языке невозможны случаи неправильного образования множественного числа, как, например, в русском языке: единственное число — *человек*, а множественное — *люди*.

Аффикс множественного числа — **көптік жалғау** является **шестивариантным**: **-тар/тер/дар/дер/лар/лер**. Здесь принцип выбора вариантов несколько отличается от аффиксов местного, направительного падежей и прошедшего времени.

После основ, оканчивающихся на глухие звуки, аффикс имеет варианты **-тар/тер**: **ат-тар**, **есек-тер**.

После основ, оканчивающихся на звонкие согласные, а также на сонорные согласные **-л**, **-м**, **-н**, **-ң**, аффикс имеет варианты **-дар/-дер**: **қаз-дар**, **мал-дар**, **қалам-дар**, **кен-дер**, **жеңдер**.

После основ с конечным гласным звуком и сонорным согласным **-р** аффикс имеет варианты **-лар/ -лер**: **бала-лар**, **шеше-лер**, **қар-лар**, **жер-лер**.

Твердость и мягкость гласного звука аффикса зависит, как вы уже знаете, от твердости или мягкости гласного звука последнего слога основы. После твердых основ — **-тар/дар/лар**, а после мягких основ — **-тер/дер/лер**.

Запомните! 1. При определении, выраженном количественным числительным или словами, обозначающими неопределенное количество, имя существительное не принимает аффикса множественного числа: **бес студент** — а не **бес студенттер**; **көп кісі** — а не **көп кісілер** и т.д.
2. Аффикс множественного числа, присоединяясь к именам собственным, выражает коллектив, в который входит обозначенный человек: **Розалар үйге кірді** *Роза с компанией, друзьями или с семьей вошли в дом*.
3. Собирательные или родовые имена во множественном числе могут обойтись без аффикса множественного числа: **Далада қой жайылып жүр** *В поле пасутся овцы*. Слово **қой** стоит в единственном числе.

Таблица вариантов аффикса множественного числа

	После глухих	После звонких, -л, -м, -н, -ң	После гласных, -р
После твердых основ	**-тар**	**-дар**	**-лар**
После мягких основ	**-тер**	**-дер**	**-лер**

Жаттығу 159

Төмендегі сөздерге көптік жалғауын қосып, дәптерге жазып алыңдар. Сөйлем құраңдар.

Қағаз, дәптер, қалам, ешкі, сағат, қол, зат, кітап, қарындаш, парақ, қабырға, тақта, бор, жазу.

Тапсырма 160

Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Сен дүкеннен қанша дәптер сатып алдың? 2. Кеше аудиторияда лекцияда студенттер көп болды ма? 3. Бүгін театрда көрермендер аз болған жоқ па? 4. Қазақ тілі сабағына бүгін қанша студент қатысты? 5. Нәзірдің түйелері қайда жайылып жүр? 6. Қазақстанда жылқы көп пе? 7. Асқарлар Алматыдан қашан қайтып келді? 8. Қабырғада қанша сурет ілулі тұр? 9. Директор сабақта қанша студентпен әңгімелесті? 10. Біздің факультеттің студенттері Алматыға барғанда қанша мұражайда болды? 11. Қазақша-орысша сөздікте қанша сөз бар? 12. Бүгін прфессор Жұмалиевтің лекциясына неше студент келді?

Тапсырма 161

Оқып, орыс тіліне аударыңдар. Көптік, септік жалғауын тауып, талдаңдар.

Абылай хан

1. 1733-жылғы жоңғарлармен Ерейменде болған шайқаста 22 жастағы Абылайдың (шын аты Әбілмансұр) аты шықты. 2. Сол ерлігі үшін Орта жүздің ханы Әбілмәмбет оны шақырып алып, ақ батасын береді. 3. Әбілмәмбет қайтыс болған жылы Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи ғимаратында үш жүздің белгілі кісілері жиналып, Абылайды ақ киізге көтеріп хан сайлады. 4. Ақылы да, айбаты да асқан Абылай хан үш жүздің қазақтарының басын біріктірді. 5. Ол Қытай мен Ресей арасында мәмлегерлігімен қазақ мемлекетін аман сақтап отырды. 6. Қытайдың Цин империясы оған «ван» деген атақ берді, ал Ресей патшасы жылына алтынмен 200 сом жалақы төлеп отырды. 7. 1740-жылы Абылай Ресей патшасына адалдығы жөнінде ант берді. 8. Ол 70 жасында қайтыс болды, сүйегі Қожа Ахмет Ясауи ғимаратының іргесіне жерленген. 9. Абылай ханның туы Түркістан қаласында тұр. 10. Былтыр Оспандар Түркістанға барғанда Ахмет Ясауидің ғимаратында болып, Абылайдың туын көрген.

Жаттығу 162

Сұрақтарды оқып, оларға жазбаша жауап беріңдер.

1. Абылайдың қашан аты шықты? 2. Не үшін Әбілмәмбет хан оған ақ батасын берді? 3. Қай жылы кімдер оны хан сайлады? 4. Ол үш жүздің қазақтарын бір хандыққа біріктірді ме? 5. Қытай мен Ресей оны қадірледі ме? 6. Абылайдың сүйегі қайда жерленген? 7. Оның шын аты кім? 8. Сен Абылай хан туралы қандай кітап оқыдың? 9. Ол Ресей патшасына қай жылы ант берді? 10. Абылай қай жерде хан болды? 11. Студенттер Абылайдың Түркістандағы туын көрді ме? 12. Студенттер Абылай туралы кітаптар оқыған ба?

Объяснения

Батасын = бата + аффикс принадлежности + аффикс винительного падежа -н.
Жоңғарлармен = жоңғар + лар + аффикс инструментального падежа.
Қаласында = қала + -сы + аффикс местного падежа -нда.
Мәмлегерлігімен = мәмлегерлік + -і + аффикс инструментального падежа.

Сөздік

адалдық честность
айбат мужество
ант клятва
ас- превосходить
атақ звание
аты шық- прославиться
белгілі известный
біріктір- объединять
ғимарат мавзолей
ерлік храбрость
жалақы зарплата
жастағы летний (возраст)
жерле- хоронить
жоңғар джунгар
жөнінде о
киіз войлок
көтер- поднимать
қайтыс бол- умереть
мәмлегерлік дипломатия
мемлекет государство
мұражай музей
Орта жүз Средний жуз
сақта- сохранять
септік падеж
сүйек кость, тело
ту знамя
шайқас битва
ірге угол

Тапсырма 163

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. Настоящее имя Абылай-хана — Абилмансур. 2. Его благословил за храбрость на войне хан Среднего жуза Абилмамбет. 3. Известные люди трех казахских жузов избрали Абылая ханом в Туркестане. 4. Он объединил в одно государство казахов трех жузов. 5. Китайский император ему дал высокое звание. 6. Российский царь ему платил большую зарплату. 7. Абылай-хан умер в 70 лет, похоронен в мавзолее Ахмета Ясауи. 8. Я был в его мавзолее в городе Туркестане Южно-Казахстанской области. 9. Туркестан — небольшой город с населением 200 тысяч человек, в нем имеется Казахско-турецкий университет имени Ахмета Ясауи. 10. Мы читали интересные книги об Абылай-хане на казахском языке. 11. Шесть наших студентов в прошлом году были в городе Туркестане и видели знамя Абылай-хана.

Тапсырма 164

Өлеңді жазып алып, орыс тіліне аударыңдар, жаттап алыңдар.

1. — Түйе, түйе, түйелер,
2. Тұзың қайда, түйелер?
3. — Балқан таудың басында,
4. Балдыр қоян қасында.

Объяснения

Басында = бас + аффикс принадлежности 3-го лица + аффикс местного падежа -нда.

Сөздік

балдыр молодой
Балқан Балкан
бас вершина
қасында рядом
қоян заяц
тұз соль
түйе верблюд

Тапсырма 165

Оқып шығып, орыс тіліне аударыңдар.

Құтадғу білік

1. Бұл кітап түркі халықтарының, олардың ішінде қазақтардың ірі рухани туындысы. 2. Ол 11-ғасырда өмірге келген. 3. Ертедегі Баласағұн қаласында жасаған ақын, философ Юсуф Хас-Хаджыптың атақты еңбегі. 4. Кітаптың басқаша аты — «Бақытқа апаратын білім». 5. Оның басты кейіпкерлері: Күнтуды — патша, Айтолды — уәзір, Оғдолмұш — уәзірдің баласы, Озғұрмұш — уәзірдің қызы. 6. Солар бір-біріне сұрақ қойып, жауап беріп көп ой-пікір айтысады. 7. Әділеттік, бақыт, ақыл мен надандық туралы көп философия, моральға қатысты ойлар ортаға салынады. 8. Кітап — көне әдеби тілдің бір өрнегі. 9. Түркология ғылымында ол он тоғызыншы ғасырдың алғашқы ширегінде мәлім бола бастады. 10. Бұл шығарма қазіргі түркі тектес халықтарға ортақ мұра.

Объяснения

Апаратын = апар + аффикс причастия -атын.

Қаласында = қала + аффикс принадлежности 3-го лица + аффикс местного падежа -нда.

Ширегінде = ширек + те же аффиксы.

Өрнегі = өрнек + аффикс принадлежности 3-го лица.

Сөздік

ақыл ум
алғашқы первый
апар- вести
атақты знаменитый

әдеби литературный
әділеттік справедливость
бақыт счастье
басты главный
білім знание
бір-біріне друг другу
еңбек труд
ертедегі древний
жаса- жить
жауап бер- отвечать
кейіпкер герой
көне древний
қайталау повторение
қатысты относящийся
мәлім известный
мұра наследие
надандық невежество
ой-пікір мысль
ортаға сал- обсуждать
ортақ общий
өмірге кел- выйти (о книге)
өрнек образец
рухани духовный
салын- быть положенным
сұрақ қой- задавать вопрос
тектес родственный
туралы о
туынды произведение
түркі тюркский
уәзір визирь
халық народ
ширек четверть
шығарма произведение
ішінде среди

Тапсырма 166

Бір-біріне сұрақ қойып, оларға жазбаша жауап беріңдер.

1. Құтадғу білік қашан жазылған? 2. Сен ол кітапты жақсы білесің бе? 3. Юсуф Хас-Хаджып қайда жасаған? 4. Кітаптың басты кейіпкерлері кімдер? 5. Олар не істейді? 6. Кейіпкерлер бір-біріне не туралы айтады? 7. Түркология ғылымына ол қашан мәлім болды? 8. Сендер бұл кітапты қашан оқыдыңдар? 9. Кітап түркология саласындағы еңбектерде пайдаланылады ма? 10. Бұл кітап туралы кім журналға мақала жазды? 11. Сендер сол мақаланы оқыдыңдар ма?

Тапсырма 167

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

В казахском языке нет отрицательной частицы, которая в русском языке стоит перед глаголом.

Главным средством отрицания при глаголе выступает шестивариантный аффикс **-па/-пе**, **-ба/-бе**, **-ма/-ме**. Этот универсальный аффикс употребляется при всех формах времен.

Он присоединяется непосредственно к глагольной основе, а уже после него прибавляются аффиксы времени и лица: **Мен айт + па + ды + м, ол жаз + ба + ды, сен кел + ме + ді + ң** и т.д.

Жаттығу 208

а) Мына етістіктерді өткен шақтың болымсыз тұлғасында жіктеңдер. Сөйлем құраңдар.

Кет, әкел, жаз, сал, тарт, сез, нан, сүйен, қара, ки.

ә) Көп нүктенің орнына болымсыздық жалғауын қосып, дәптерге жазып алыңдар. Орыс тіліне аударыңдар. Сұрақтарға қазақша жауап жазыңдар.

1. Асанға айтқан сөзді ол саған айт...йды. 2. Кәриманың Алматыға бар...ганын мен біл...дім. 3. Жарас осы күнге дейін «Ботакөз» романын оқы...ды ма? 4. Сендер неге бүгін кешке театрға бар...йсыңдар? 5. Сәуле біздің үйге бүгін кел...се, ертең Сақыпжамалды көр...йді. 6. Роза қызымен бірге Шымкентке бүгін кет...й ме? 7. Айнұр университетке метромен кел...йді, автобуспен келеді. 8. Бүгін Айжамал Қарағандыдан кел...се, біз ертең театрда бол...ймыз. 9. Сендер Алматыға бар...саңдар, ұлы жазушымен кездес...йсіңдер. 10. Егер бакке бензин құй...сақ, мәшинеміз жүр...йді. 11. Темекі тарт...саңдар, ауыр...йсыңдар.

Тапсырма 209

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар. Сұрақтарға қазақша жауап жазыңдар.

1. Я приезжаю в университет на Моховой не на автобусе, а на метро. 2. Если ты не поедешь в Шымкент, не увидишь Раушан. 3. Он не сказал мне, что еще не читал роман «Путь Абая». 4. Ты сегодня вечером не поедешь в Астану? 5. Когда ты не идешь в кино, что делаешь дома? 6. Я не читаю эту книгу, она неинтересная. 7. Если ты сегодня не придешь к нам, я с другом пойду в кино. 8. Когда он не

приходил на урок, мы не читали новую книгу. 9. Если Қуан завтра не уедет в Актобе, мы не пойдем в гости к Кабдолу. 10. Завтра не приходи к нам, нас не будет дома. 11. Если ты после уроков не останешься в университете, пойдем в парк.

Отрицание выражается также при помощи аналитико-синтетических конструкций: 1) **-қан (-ған/кен/ген) + жоқ**; 2) **-қан (ған/кен/ген) емес**. Назначение этих конструкций — выражение отрицания в прошедшем времени.

1-тұлғаның жіктелуі

	Жекеше	Көпше
1 жақ	мен айтқан жоқ + пын	біз айтқан жоқ + пыз
2 жақ	сен айтқан жоқ + сың	сендер айтқан жоқ + сыңдар
2 жақ	сіз айтқан жоқ + сыз	сіздер айтқан жоқ + сыздар
3 жақ	ол айтқан жоқ	олар айтқан жоқ

2-тұлғаның жіктелуі

	Жекеше	Көпше
1 жақ	мен айтқан емес + пін	біз айтқан емес + піз
2 жақ	сен айтқан емес + сің	сендер айтқан емес + сіңдер
2 жақ	сіз айтқан емес + сіз	сіздер айтқан емес + сіздер
3 жақ	ол айтқан емес	олар айтқан емес

Глагольное отрицание на вопрос **Айша айтты ма?** *Айша сказала?* выражается в двух формах:

1) **Жоқ, Айша айтқан жоқ, мен айттым** *Нет, Айша не сказала, я сказал.*

2) **Айша айтқан емес, Оспан айтқан** *Айша не сказала, Оспан сказал.*

Жаттығу 210

Мына етістіктерді жоғарыдағы екі түрлі болымсыз тұлғалар бойынша жіктеңдер. Сөйлем құрап, дәптерге жазып алыңдар.

Бар, кел, оқы, жаз, қара, істе, көр, таста.

Тапсырма 211

Сұрақтарға болымды, болымсыз түрде жазбаша жауап беріңдер.

1. Сартай кітапты Асанға көрсеткен жоқ па? 2. Досың Алматыдан кеше қайтып келді ме? 3. Ертең сендерде қазақ тілі сабағы басталады ма? 4. Өткен аптада студенттер сабақтан кейін стадионға барды ма? 5. Ербол Астанадан келгенде Айнұр үйде болды ма? 6. Сендер бүгін экскурсияға барасыңдар ма? 7. Салия көшеге шықса, Сәлімге кездесе ме? 8. Ағылшын тілі сабағы екінші курста қашан басталды? 9. Алматыдан артистер пойызбен келді ме, ұшақпен келді ме? 10. Ақын Қонысбай Мәскеуге қашан, немен келді? 11. Моховая көшесіне шықсаңдар Мавзолейді көресіңдер ме? 12. Оспанға бұл сөздерді кім айтты?

Тапсырма 212

Оқып шығып, орыс тіліне аударыңдар, тәуелдік, септік жалғауларын талдаңдар.

Қорқытата

1. Атақты ақын, күйші, философ, мемлекет қайраткері Қорқытата Сыр бойында Қызылорда облысы Қармақшы ауданында жетінші ғасырда туған. 2. Ол қазақ музыкасының атасы. 3. Көптеген дана сөздерінің ішінде мыналар бар: 4. «Кәрі дұшпан дос болмас». 5. «Өлген кісі тірілмес, Өткен қайтып келмес». 6. Оғыз, қыпшақ тайпалары арасында ел ағасы болған, 95 жасқа дейін елге қызмет еткен. 7. Үш хан тұсында уәзірлік қызмет атқарған. 8. Әлеуметтік аталық жора (заң) негізін жасаушы. 9. Ол өлімге қарсы ем іздеген. 10. Мәңгі өмірді қобыз үнінен іздеген. 11. Қорқыт мазары 9-ғасырда салынған, қазіргі Қорқыт темір жол стансасынан 3 шақырым жерде. 12. Қызылорда қаласына барсақ, Қорқыттың мазарын көреміз. 13. Қызылорда мемлекеттік университетіне Қорқытата аты берілген.

Объяснения

Келмес = кел + ме + аффикс будущего времени -с.
Тірілмес = тіріл + ме + тот же аффикс.

Сөздік

аталық жора основной закон
ауыр- болеть
әлеуметтік социальный
бойында в окрестностях
дана гениальный
дұшпан враг
ел ағасы старший брат народа
ем лечение
жас возраст
жасаушы создатель
жетінші седьмой
келесі будущий
күйші музыкант
қайраткер деятель
қайтып кел- возвращаться
Қармақшы кармакшинский
қарсы против
қобыз кобуз
қызмет ет- служить
қызмет атқар- служить
Қызылорда Кзыл-Орда
қыпшақ кыпчаки
мәңгі вечный
оғыз огузы
өл- умирать
өлім смерть
өмір жизнь
өт- проходить
сал- строить
станса станция
Сыр Сырдарья
тайпа племя
темір железо
тұсында при
тіріл- воскреснуть
уәзір визирь, советник
үн звук
изде- искать
ішінде среди

Тапсырма 213

Бір-біріне сұрақтар қойып, оларға жазбаша жауап беріңдер.

1. Қорқытата кім? 2. Ол қайда туды? 3. Қорқытата қанша жасаған? 4. Ол не істеді? 5. Қорқытата қандай дана сөздер айтқан? 6. Сен Қорқытата туралы кітап оқыдың ба? 7. Қорқытатаның жырларын білесіңдер бе? 8. Ол мәңгі өмірді неден іздеген? 9. Қорқытатаның мазары қайда? 10. Қызылорда университетінің студенттері Корқыттың өлеңдерін оқи ма? 11. Мәскеу университетінің студенттері Қызылордада қашан болды? 12. Байқоңыр космодромы Қызылорда облысында екенін кім біледі?

Тапсырма 214

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. Наши музыканты не учат китайские песни. 2. Нет, наш друг сегодня не вернется в Москву. 3. Враги вчера не проходили через реку. 4. Аскар и его друзья не искали нашего брата. 5. Вы (мн. число, простая форма) вчера не ходили в кино. 6. Вы (мн. число, вежливая форма) сегодня не придете на конференцию. 7. Нет, я не поеду в Караганду. 8. Когда ты приедешь из Тараза, меня не будет дома (я не буду дома). 9. Коркытата не был ханом, он был его советником и поэтом. 10. Он говорил, что прошлое не вернешь, мертвый не воскреснет. 11. Если не поедешь в Қзыл-Орду, не увидишь его могилу. 12. Оспан еще не читал книгу о Коркытате, но знает его песни.

Урок 35

ФОНЕТИКА

Звук [h]

[**h**] специфический звук казахского языка — глухой, придыхательный, щелевой. Он отличается от русского звука [**х**] тем, что является щелевым спирантом, а не смычным.

Чтобы произнести его, заднюю часть языка поднимите к мягкому нёбу, как при произнесении звука [**х**], и с силой выдохните воздух.

Это редко встречающийся звук обычно используется в междометиях и подражательных словах. В казахских словах произносится только в начале и конце слов: **аһ, еһ, үһ, оһ, түһ, паһ, һа, һе** — и их производных: **аһлады, үһледі, паһ-паһ деді**. Он употребляется в арабских и персидских заимствованиях теми, кто увлекается «правильным» правописанием и произнесением заимствованных слов: **қаһар**, **Гәуһар**, в разговорной речи имеющие произношение соответственно: **қақар**, **Гәукәр/Кәукәр** и т.д.

Произнесение придыхательного [**h**] иногда близко к русскому [**г**] в слове *ага*.

Жаттығу 215

Сөздерді дұрыс оқыңдар, жазып алыңдар. Әр сөзге сөйлем құраңдар.

Қаһар, қаһарлы, қаһарман, Гәуһар, Жауһар, аһ, үһле.

Не произносите [**h**] как [**х**].

Сөздік

асыл- висеть
аһ ах
аһла- ахать
Гәуһар женское имя Гаухар
еһ эх
Жауһар мужское имя Жаухар
қаһар гнев, ярость
қаһарлы гневный, яростный
Қаһарман мужское имя Кахарман
оһ ох
өкін- сожалеть
паһ-паһ вот! (восторг)
таңдан- удивляться
таныс знакомый
түһ во! (удивление)
үһ ух (вздох)
үһле- вздыхать
хат письмо
һа ха
һе хе
шарша- уставать

Жаттығу 216

Оқып шығып, орысшаға аударыңдар. Сөздердің сендерге таныс жалғауларын талдаңдар.

1. Сенің қаһарың оған түспесін. 2. Мына келе жатқан — қаһарлы адам ба? 3. Сәбиттің «Ботагөз» романындағы бас қаһармандар Ботагөз бен Асқар. 4. Гәуһар былтырдан бері сабақты өте жақсы оқиды. 5. Қаһарман Мәскеуге келгенде қызы екінші курстан үшінші курсқа өтті. 6. Гүлжан өткен аптада қатты шаршағаннан үьледі. 7. «Айгүл Саматтың нашар оқығанына өте таңданып, еһ!» — деді. 8. «Жұмат бұл іске қатты өкініп, аһ!» — деп санын соқты. 9. Мен оныншы сыныпты өте жақсы бітірдім. 10. «Бұған анам қатты қуанып, — паһ-паһ, балам, таудай бол», — деді. 11. Бала анаға асылад(ы), асылса, ана аһ ұрад(ы).

Тапсырма 217

а) Бір-біріне сұрақ қойып, жазбаша жауап беріңдер.

1. Саған сол оқыған романдағы бас қаһарман ұнай ма? 2. Айжамал Қаһарманнан бұл дәптерді қашан алған? 3. Гәуһарға анасы сабақтан соң үйге барғанда не айтты? 4. Шекер аудиторияға кіргенде неге үьледі? 5. Сәрсен метродан шыққанда неге аһлады? 6. Сіз нешінші жылы қайда тудыңыз? 7. Кеше Гәуһардан алған хатты Айнур бүгін оқыды ма? 8. Мен Астанаға барсам, Гәуһарды көремін бе? 9. Асқар бүгін Гәуһар алған жақсы бағаға қуанып таңдана: паһ-паһ, — деді ме? 10. Бұл хабарды есіткенде Қаһарман санын соқты ма? 11. Егер осы жақсы хабарды есітсе, Гәуһар санын соқпас еді.

ә) Оқып, орыс тіліне аударыңдар. Һ дыбысына көңіл бөліңдер. Жалғауларды талдаңдар.

1. Жолбарыстай ыңранып,
Қараман қылды қаһарын.
2. Айдаһардай ысқырып,
Бетіне жайды заһарын.
3. Бір жасауыл жіберіп,
Жинады тегіс шаһарын.

Қамбар батыр

Сөздік

айдаһар дракон
баға отметка
жай- рассыпать
жасауыл есаул
жібер- посылать
заһар яд
қуан- радоваться
қыл- делать
нашар слабый
сынып класс
тегіс целиком
шаһар город
ыңран- стонать
ысқыр- свистеть

Тапсырма 218

Қазақ тіліне аударып, жазбаша жауап беріңдер.

1. Когда Самат получила письмо от Гаухар? 2. Почему Асан вчера так охал? 3. Почему она вздыхала в метро? 4. Ты родилась в 1985 году в ауле? 5. Когда Гаухар окончила десятый класс, ее мама радовалась? 6. Что сказал Сакыпжамал о главном герое прочитанного романа? 7. Когда Кахарман учился в Алматы, кто ему преподавал русский язык? 8. Если Гаухар приедет к нам сегодня, завтра мы с ней пойдем в Большой театр? 9. Кто вчера получил пятерку по казахскому языку? 10. Если твой друг получит хорошую отметку, ты что говоришь ему?

Тапсырма 219

Дауыстап оқып, орыс тіліне аударыңдар. Жалғауларды талдаңдар.

Алдар Көсе мен бай баласы

Бір күні Алдар далада жаяу келе жатса, алдынан бір салт атты кездеседі. Амандық айтып, жөн сұрасқаннан кейін.

— Атың кім? — дейді жаңағы кісі Алдарға.

— Атым — Алдар.

— Әй, сен әлгі алдамшы Алдармысың?

— Иә.

— Кәне, мені алдашы.

— Ойбай! — деп, санын бір-ақ соғады сонда Алдар. — Алдауыш ала домбырам үйде қалып қойыпты. Атыңды бере тұршы, алып келейін.

Бай баласы атынан түсіп, атын береді. Алдар былай шыға беріп.

— Алдаған деген осы болады, қош бол! — деп, шаба жөнеледі. Бай баласы алданғанын сонда ғана біледі.

Сөздік

ала пестрый
алда- обманывать
алдамшы обманщик
Алдар Көсе буквально «Обманщик безбородый» — Алдар Косе
әлгі тот самый
былай туда
бір күні однажды
ғана лишь
жаңағы тот
жаяу пешком
кәне ну-ка
көңіл бөл- обратить внимание
қалып қой- остаться
қош прощай
ойбай боже мой
салт атты всадник
сан бедро
соқ- ударять
сонда тогда
шаба жөнел- ускакать
шауып кет- поскакать
шыға бер- отъезжать

Тапсырма 220

Біріне-бірің сұрақ қойып, жазбаша жауап беріңдер.

1. Алдар көсе кімге кездеседі? 2. Ол бай баласы ма, кедей баласы ма? 3. Бай баласы Алдардан не сұрады? 4. Ол Алдарға — Мені алда, — деді ме? 5. Алдар бай баласынан не сұрады? 6. Бай баласы оған атын берді ме? 7. Алдар бай баласына не деп шауып кетті? 8. Сен Алдар Көсе туралы кітап оқыдың ба? 9. Кеше паркте болғанда Ұзақбай Алманы алдаған жоқ па? 10. Самат кездескен жігіт алдамшы емес пе? 11. Сабақтан соң Серікбай қайда шауып кетті? 12. Бүгін университетке сол студент жаяу келді ме, метромен келді ме?

Қайталау тапсырма

Вы выучили все казахские слова, примеры и грамматические формы? Возвращайтесь к уроку 32 и проверьте до данного урока, как вам удалось освоить их.

Урок 36

ФОНЕТИКА

Классификация звуков

Вы уже знаете **все звуки казахского языка**. Теперь рассмотрим, как они делятся на группы — их классификацию.

Гласные: [**а**], [**ә**], [**е**], [**о**], [**ө**], [**ұ**], [**ү**], [**ы**], [**і**] — всего 9.

Согласные: [**б**], [**г**], [**ғ**], [**д**], [**ж**], [**з**], [**й**], [**к**], [**қ**], [**л**], [**м**], [**н**], [**ң**], [**п**], [**р**], [**с**], [**т**], [**ь**], [**ш**] — 19.

К согласным можно добавить спорадически произносимые в заимствованиях звуки: [**в**], [**ф**], [**х**], [**ц**], [**ч**]; с учетом их получается всего 23 согласных звука.

Дауысты дыбыстар топтары ✦ Классификация гласных звуков

В классификации гласных звуков главенствующую роль играет их деление на:

а) **Жуан** (*твердый*) — **жіңішке** (*мягкий*) или, выражаясь научно, **тіл арты** (*заднерядные*) — **тіл алды** (*переднерядные*). Это деление играет ключевую роль в действии закона гармонии звуков.

Заднерядных гласных звуков четыре: [**а**], [**о**], [**ұ**], [**ы**]. Они могут сочетаться между собой в составе одного слова. Например: **Қолым** [қолұм], **жолшылар**, **отан**, **аты**, **ұлдары**.

Переднерядных гласных звуков пять: [**ә**], [**е**], [**ө**], [**ү**], [**і**]. Они могут сочетаться между собой в составе одного слова. Например: **әкесі**, **өсімдіктер**, **елдегі**, **үлкендерді**.

Заднерядные и переднерядные гласные не могут сочетаться между собой в одном слове: **а–е** (**ә**), **о–ө**, **ұ–ү**, **ы–і**. Это — закон гармонии звуков.

Исключение из правила составляют:

1) сложные слова: **елбасы** (ел + басы), **Аманкелді** (Аман + келді).

2) заимствованные из иностранных языков слова: **экономика**, **қызмет**.

ә) Следующая классификация — деление гласных по активному участию губ. По этому признаку гласные делятся на негубные: [**а**, **ә**, **е**, **ы**, **і**] и губные: [**о**, **ө**, **ұ**, **ү**]. Они составляют пары: **а–о**, **е–ө**, **ы–ұ**, **і–ү**. Этот признак имеет значение в законе губной гармонии:

1) в одном слове могут употребляться лишь губные. Современная орфография, как правило, эту закономерность не отражает, пишутся как сочетание губного и негубного гласного: **орын**, **мұрын көзде**, которые читаются как сочетание губных гласных: [**wорұн**], [**мұрұн**], [**көздө**];

2) в одном слове могут употребляться лишь негубные: **бала**, **эке**.

б) Наконец, третье деление гласных основано на степени раскрывания рта: широкие–узкие: **а–ы**, **о–ұ**, **е(ә)–і**, **ө–ү**. Эта классификация не имеет значения в гармонии звуков. Могут сочетаться между собой как широкие гласные: **ата**, **шеше,** так и узкие гласные: **шыны**, **тізім**, а также широкие гласные с узкими: **анасы**, **ыстықтады**, **киінеді**.

Тапсырма 221

Оқып шығып, орыс тіліне аударыңдар. Дауысты дыбыстарға мінездеме беріңдер.

Қытай қазақтары

1. Дүние жүзінде Қазақстаннан сыртта қазақтар ең көп қоныстанған ел — Қытай. 2. Ондағы қазақтар саны қазір бір жарым миллионнан асады. 3. Қытайдағы қазақтар негізінен Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданының солтүстігі мен шығысын мекендейді. 4. Қазақтар ең жиі қоныстанған өңір — Іле қазақ автономиялы облысында Алтай, Тарбағатай, Іле аймақтары. 5. Бұдан тыс — Санжы Хуйзу (Дұнген) автономиялы облысының кейбір аудандарында жасайды. 6. Тағы да Құмыл аймағының Баркөл қазақ автономиялы ауданында және Күйтүн, Қарамайлы, Шыхызы, Үрімжі қалаларында көп қазақ тұрады. 7. Мұнан тыс Қытайдағы қазақтар Гансу өлкесінің Ақсай қазақ автономиялы ауданында да қоныстанған. 8. Соңғы жылдары көп қазақ Қытайдан Қазақстанға көшіп келді. 9. Көшіп келген қазақтар Қазақстанның біраз облыстарында қоныстануда. 10. Олар Қазақстан тұрғындарымен бірге еңбек етуде, балалары мектепте оқуда. 11. Біз Қытайда қазақтар арасында болғанда туысқандарымыз Ұлы Қытай Дуалын көрсетті.

Сөздік

аймақ край
ас- превышать
біраз несколько
дауысты гласный
дуал стена
дұнген дунган
ең особенно
жарым половина
жаса- жить
кейбір некоторые
көрсет- показывать
қоныстан- поселяться
Қытай Китай
мекенде- проживать
мінездеме характеристика
негізінен в основном
облыс область
ондағы тамошние
өлке край (*адм.*)
өңір территория
соңғы последний
сыртта за пределами
тағы еще
тұрғын житель
тыс вне, кроме
ұйғыр уйгур
Шыңжаң Синьцзян
Іле Или

Тапсырма 222

Бір-біріне сұрақ қойып, жазбаша жауап беріңдер.

1. Қазақтар Қазақстаннан басқа қай елде көп? 2. Қытайда қазір Асқардың туысқандары бар ма? 3. Қытай қазақтары негізінен қай ауданды мекендейді? 4. Қазақтар қайда жиі қоныстанған? 5. Қытайдың тағы қай аймақтарында қазақтар көп? 6. Сен Қытайдың қай ауданында болдың? 7. Шыңжаңға Мәскеуден қазақтар барды ма? 8. Қытайдан қанша қазақ Қазақстанға көшіп келді? 9. Орақбай Қытайдан Ресейге көшіп келген қазақтармен қашан, қайда кездесті? 10. Қазақстанға Қытайдан ұйғырлар да көшіп келуде ме? 11. Оспан Қытайдан Жамбыл облысына көшіп келген қазақтармен кездесті ме?

Тапсырма 223

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. Кроме Казахстана много казахов живет и в России. 2. Казахи в России живут в пограничных областях с Казахстаном. 3. Я часто встречаюсь с казахами, переселившимися из Казахстана в Москву. 4. Недавно мы были на новогоднем празднике казахов — Наурыз. 5. С казахами Китая Омар еще не встречался. 6. Айжамал недавно ездила к казахам Астраханской области. 7. К нам вчера приехали шесть молодых казахов и китайцев из Синьцзяна. 8. Наши родители еще не ездили к казахам Синьцзяна, там живут их родственники. 9. В следующем году мы поедем к казахам Китая. 10. Когда наши родственники приезжают из Казахстана в Москву, мы показываем им Московский Кремль. 11. Когда вы поедете в Китай, друзья вам покажут Великую Китайскую стену.

ФОНЕТИКА

Дауыссыз дыбыстар топтары ✦ Классификация согласных звуков

В современном казахском языке имеются 20 исконных согласных звуков, они расположены в алфавитном порядке: **б, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у(w), ғ, ш**. В заимствованных словах пишутся: **в, ф, х, ц, ч**. Двойной **ш** изображается буквой **щ**.

Помните: буква **у** передает согласный звук [w] или сочетание губного гласного — один из звуков **ұ, ү** — с согласным [w].

Классификация согласных более сложна, чем классификация гласных, и она строится на других принципах, хотя здесь также применяется схема тройного деления. Специалисты в основном пользуются тройной классификацией: по акустическим признакам, по месту образования и по способу образования звука.

Эта классификация играет важную роль в понимании закона гармонии звуков, при присоединении различных аффиксов к словам, при произнесении словосочетаний.

1. По **акустическим особенностям** согласные делятся на:

глухие:	п, т, к, қ, с, һ, ш
звонкие:	б, д, г, ғ, з, ж
сонорные:	м, н, ң, р, л, й, у(w)

2. По **месту образования** в ротовой и носовой полости согласные делятся на:

губные:	п, б, м, у(w)
переднеязычные:	й, к, г, д, р, л, н, т, с, ш, з, ж
заднеязычные:	қ, ғ, ң, һ

3. По **способу образования** согласные делятся на:

смычные:	п, б, г, ғ, к, қ, д, т
смычно-щелевые:	р, л, м, н, ң,
щелевые:	й, у(w), с, ш, з, ж, һ

Тапсырма 224

Дауыстап оқып шығып, орыс тіліне аударыңдар. Дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктерін көрсетіңдер. Септік, жіктік жалғауларды талдаңдар.

Күшік пен мысық

Қарны ашқан күшік тауда қаңғып жүрсе, қасқыр оған жүгіріп келіп:

— Ей күшік, мен сені жеймін! — депті.

— Қой, көкешім, қой! Әуелі мені тойғыз, сонан соң жерсің! — депті күшік.

Қасқыр:

— Жарайды, жарайды! Менің соңымнан қалмай ере бер, депті...

Күшік бір аш мысыққа кез болып, оған.

— Ей, мен сені жеймін! — депті.

— Қой, күшеке, қой! Әуелі мені тойғыз, сонан соң жерсің, — депті.

— Жарайды, менімен бірге еріп жүр, мен сені тойғызамын, — депті күшік.

Біраздан соң бұлар бір топ түйеге келіпті. Күшік жүгіріп барып бір түйенің аяғын тістей бергенде түйе мұны басқа теуіп қалыпты. Күшік сол арада сеспей қатыпты.

Сонда мысық:

— Ей мақтаншақ, әліңе қарамай қиын іске қолыңды созасың! Сенің етіңді енді мен жеймін! — депті.

Күшік өскен соң үлкен ит болады, түйе оны теппейді.

Объяснения

Дей ме = дейді + ме.

Көкешім = көке + ласкательный аффикс -ш + ім.

Күшеке = күшік + уважительное обращение еке.

Сөздік

әл сила
әуелі сначала
біраздан соң через некоторое время
ер- следовать
енді теперь
жарайды ладно
көке дядя, папа
қал- отставать
қаңғы- бродить
қарны аш- голодать
қой- перестать
қол соз- стремиться
мақтаншақ хвастун
сеспей қат- околеть
сонан соң после этого
сонда тогда
теп- лягать
теуіп қал- лягнуть
тойғыз- группа
тістей бер- начать кусать

Тапсырма 225

Мына сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Аш күшік тауда кіммен кездесті? 2. Қасқыр оған не деді? 3. Күшік қасқырға не айтты? 4. Кім күшікті тойғызамын деді? 5. Күшік тағы неге кездесті? 6. Күшік мысыққа не деді? 7. Күшік пен мысық қайда келді? 8. Күшік ненің аяғын тістеді? 9. Түйе не істеді? 10. Түйенің тепкенінен күшік өліп қалды ма? 11. Мысық не деді, не істеді? 12. Сенің үйіңде мысық пен күшік бар ма? 13. Күшікке Омар «күшеке» дей ме?

Тапсырма 226

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. У меня есть красивый щенок. 2. У Салии есть хорошая кошка. 3. Она ходит за моим щенком. 4. Они хорошо играют друг с другом. 5. Вместе едят мясо, щенок дает наесться кошке. 6. Они не бродят по улицам. 7. Наш верблюд не лягает щенка и кошку. 8. Они не кусают верблюда за ногу. 9. Они не встречались с волком. 10. В доме у Сакыпжамал есть две собаки и три кошки. 11. Собаки живут во дворе, кошки — в доме. 12. У нее есть еще два верблюда. 13. Когда щенок подходит к верблюду, он его не лягает.

Урок 37

ГРАММАТИКА

Структура слова

Слово в казахском языке употребляется в разных формах: в форме корня, производной основы и основы со словоизменительным аффиксом.

В казахском языкознании как соответствия термину *аффикс* приняты два термина: **жұрнақ** — словообразовательный аффикс и **жалғау** — словоизменительный аффикс.

Состав слова

Слово в казахском языке может представлять собой:

1) непроизводную основу (корень): **ат, ана, бар, кел**;

2) производную основу — слово, образованное из другой основы посредством словообразовательного аффикса: **мал + шы, бала + лық**;

3) производную основу – соединение двух основ (сложное слово): **ата + ана, Ақ + төбе**;

4) любой из трех вышеприведенных видов основ с аффиксом словоизменения: **бар + ды, мал-шы + да, ата-ана + ны**.

Словообразование и словоизменение

При **словообразовании** вместе с изменением формы слова изменяется и его лексическое значение, например: **бала** *ребенок* — а **бала + лық** уже не *ребенок*, а *детство*.

При **словоизменении** изменение формы слова не приводит к изменению его лексического значения: **бала** *ребенок*, **балада** *у ребенка* — значение слова, несмотря на прибавление аффикса, осталось неизменным — *ребенок*.

Туынды сөздер ✦ Производные слова. Как они образуются?

Новые слова образуются двумя основными способами:

1) присоединением к слову словообразующего аффикса — **жұрнақ**: **мал** *скот* — **мал + шы** *пастух*, *скотовод*; **жол** *дорога*, **жол + дас** *спутник*, *товарищ*; **жат** *память*, **жат + та-** *выучить наизусть*;

2) посредством соединения двух и более слов: **ата** *отец*, **ана мать**; их соединение **ата + ана** означает *родители*.

Указанные два способа соответственно принято называть «**синтетический** и **аналитический** способы словообразования».

ГРАММАТИКА

Зат есімнің жасалуы ✦ Образование имен существительных

Новые имена существительные образуются в основном грамматическими средствами — синтетическим (морфологическим) и аналитическим (синтаксическим) способами. Имена существительные образуются как от именных частей речи, так и от глаголов.

Аффиксы, образующие имена существительные от имен

При синтетическом способе словообразования наиболее продуктивными среди всех аффиксов, образующих имена существительные, являются **-шы** и **-лық**.

-шы/-ші жұрнағы — двухвариантный аффикс **-шы/-ші** имеет всего два варианта: после твердых звуков производящей основы — **-шы**, а после мягких звуков производящей основы — **-ші**.

Имена существительные, образованные при его посредстве, называют человека в соответствии с его профессией, занятием, специальностью: **жұмыс** *работа*, **жұмыс + шы** *рабочий*; **қой** *овца*, **қой + шы** *пастух овец*; **сиыр** *корова*, **сиыр + шы** *пастух коров*; **ем** *лечение*, **ем + ші** *лекарь, врач*; **етік** *сапог*, **етік + ші** *сапожник*; **хат** *письмо*, **хат + шы** *секретарь*.

Жаттығу 227

Мына сөздерден **-шы** жұрнағы арқылы зат есім жасап, сөйлем құраңдар.

Жұмыс, егін, тас, темір, ет, қойма, сәулет, темір жол, асфальт, күрек.

Шестивариантный аффикс **-тық/тік/дық/дік/лық/лік** — самый производительный. От имен он образует имена существительные с разными значениями. Фонетические варианты аффикса выбираются так же, как варианты аффикса множественного числа.

1. От имен существительных образует имена существительные с абстрактным значением: **дос** *друг*, **дос + тық** *дружба*; **серік** *компаньон*, **серік + тік** *товарищество*, **мүше** *член*, **мүше + лік** *членство*.

2. Имена с названием предметов: **бел** *поясница*, **бел + дік** *поясной ремень*.

3. От имен с аффиксом **-шы** образует названия занятий, профессий: **басшы** *руководитель*, **басшы + лық** *руководство*, **аңшы** *охотник*, **аңшы + лық** *охотоводство*.

4. От числительных образует названия чисел: **үш + тік** *тройка*, **алты + лық** *шестерка*.

5. От имен прилагательных образует названия качества: **ақ** *белый*, **ақ + тық** *белизна*; **тең** *равный*, **тең + дік** *равенство*; **жеңіл** *легкий*, **жеңіл + дік** *льгота*.

-шылық/шілік — сложный аффикс, образованный сочетанием предыдущих аффиксов **-шы + лық**. Образует имена с абстрактным значением: **түсінбеу** *непонимание*, **түсінбеу + шілік** *непонятливость*; **тар** *тесный*, **тар + шылық** *теснота, затруднение*; **қиын** *трудный*, **қиын + шылық** *трудность*; **мүмкін** *возможно*, **мүмкін + шілік** *возможность*.

Жаттығу 228

Мына сөздерден -тық/ік/дық/дік/лық/лік жұрнағы арқылы жаңа сөз жасаңдар, мағынасын ашыңдар, сөйлем құраңдар.

Бас, бала, жас, қызыл, он, бес, жеті, сары, мұрын, ауыз.

Следующие аффиксы заимствованы и не подчиняются всем законам гармонии звуков:

-кер/гер образует имена деятелей: **іс** *дело*, **іс + кер** *предприниматель*; **қалам** *ручка*, **қалам + гер** *писатель*; **сауда** *торговля*, **сауда + гер** *торговец*; **жұмыс** *работа*, **жұмыс + кер** *работник*;

-паз — несингармонический аффикс, образует имена со значением способности делать что-либо: **өнер** *искусство*, **өнер + паз** *деятель искусства*; **әсем** *красивый*, **әсем + паз** *любитель наряжаться*;

-хана — несингармонический аффикс, образует названия различных помещений: **ас** *пища*, **ас + хана** *столовая*; **шай** *чай*, **шай + хана** *чайхана*; **мейрам** *праздник*, **мейрам + хана** *ресторан*; **жатақ** *лежанка*, **жатақ + хана** *общежитие*; **кітап** *книга*, **кітап + хана** *библиотека*;

-стан — несингармонический аффикс, от названия национальности образует названия восточных государств и стран: **қазақ** *казах*, **Қазақ + стан** *Казахстан*; **өзбек** *узбек*, **Өзбек + стан** *Узбекистан*; **ауған** *афган*, **Ауған + стан** *Афганистан*.

Аффиксы, образующие имена существительные от глаголов

-м/ым/ім образует имена существительные со значением результата действия: **біл-** *знать*, **біл + ім** *знание*; келіс- *согласиться*, **келіс + ім** *согласие*; **күт-** *ухаживать*, **күт + ім** *уход*; **сен-** *верить*, **сен + ім** *доверие*; **кешір-** *прощать*, **кешір + ім** *прощение*;

-па/пе/ба/бе/ма/ме, употребление фонетических вариантов аналогичного аффикса вам известно: **бас-** *печатать*, **бас + па** *издательство*; **кес-** *резать*, **кес + пе** *лапша*; **бөл-** *делить*, **бөл + ме** *комната*; **суыр-** *вынимать*, **суыр + ма** *выдвижной ящик;*

-с/ыс/іс: **ат-** *стрелять*, **ат + ыс** *стрельба*; **кір-** *входить*, **кір + іс** *вход*; **дағдар-** *остановиться*, **дағдар + ыс** *кризис*; **бұрыл-** *поворачиваться*, **бұрыл + ыс** *поворот*;

-к/қ/ық/ік: **тес-** *проколоть,* **тес + ік** *отверстие, дырка*; **жар-** *раскалывать*, **жар + ық** *свет*; **төсе-** *стелить*, **төсе + к** *постель*; **қарма-** *ловить*, **қарма + қ** *крючок*, *удочка*;

-у: **еге-** *точить*, **еге-у** *напильник*; **тіре-** *подпирать*, **тіре-у** *опора, подпорка*; **ой-** *вырезать*, **ою [ойұw]** *узор*; **қыста-** *зимовать*, **қыста + у** *зимовка*;

-пақ/пек/бақ/бек/мақ/мек: **ту-** *рождаться*, **ту + мақ** *рождение*; **өл-** *умирать*, **өл + мек** *смерть*; **қыс-** *сжимать*, **қыс + пақ** *притеснение*; **шақ-** *ударять*, **шақ-пақ** *огниво*;

-қыш/кіш/ғыш/гіш образует имена со значением субъекта: **ат-** *стрелять*, **ат + қыш** *стрелок*; **сеп-** *сеять*, **сеп + кіш** *сеялка*; **іл-** *вешать*, **іл + гіш** *вешалка*.

Тапсырма 229

Орыс тіліне аударыңдар. Туынды зат есімдердің жұрнақтарын көрсетіңдер.

1. Менің балалық кезім алыстағы ауылда өткен. 2. Ауылда түйешілік дамыған еді, түйешілермен қатар қойшылар да көп болды. 3. Ұлы Отан соғысы кезінде малшылар мен жұмысшылардың көбі майданға кетті. 4. Кейбіреулері пулеметші, кейбіреулері зеңбірекші болды. 5. Менің әкем де соғысқа автоматшы болып қатысты. 6. Соғыс біткен соң ол колхозшы, орманшы болып жұмыс істеді. 7. Еңбек бар жерде байлық бар. 8. Техниканың аздығынан колхоз артта болды. 9. Саматтар карта ойнағанда Әсеттің қолына алтылық емес, ондық келді. 10. Асқардың ауылында малшылар бұзылған қорада тіреу қойып сүйеді. 11. Қазір Айгүлдің ауылында малшылар азайған жоқ, көбеюде. 12. Егер облыста мал көбейсе, адамдарда байлық та көбейеді.

Сөздік

алтылық шестерка
алыстағы дальний
артта позади
байлық богатство
балалық детство
бұзыл- разрушаться
біт- закончиться
зеңбірек пушка
кез пора (*сущ.*)
кейбіреу некоторый
көбей- размножаться
қатар наравне
қатыс- участвовать
майдан фронт
ондық десятка
өт- проходить
соғыс война
сүйе- поддерживать
тіре- подпирать

Тапсырма 230

Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. *Сенің балалық кезің қалада өтті ме, ауылда өтті ме? 2. Айжамал қай облыста, қай ауылда туып өсті? 3. Оспанның әкесі Ұлы Отан соғысында майданға кім болып қатысты? 4. Сол соғыста ол кімдермен бірге пулемет атты? 5. Соғыстан кейін ол кім болып істеді? 6. Байлық ауылда көп пе, қалада көп пе? 7. Техниканың көптігі ауылға жақсы ма? 8. Қойшы көп болса, қой арам өледі ме? 9. Айша ауылға барғанда соғысқа қатысушылармен кездесті ме? 10. Ахмет ауылға барса, жылқышыларды көре ме? 11. Сақыпжамал киімді ілгішке ілді ме, орындыққа тастады ма?*

Тапсырма 231

Оқып шығып, орыс тіліне аударыңдар. Сөздерге морфологиялық талдау жасаңдар.

Мүшел

1. Бұл бала мен осыдан он екі жыл бұрын Мәскеуге келгенде туған. 2. Міне, мен екінші қайтара келгенде ол есейіп, азамат болды, он үшке — бір мүшелге

келеді. 3. Қазақтардың жыл қайыруы бойынша әр жылдың айналып келуі — бір мүшел. 4. Бірінші мүшел — он үш жыл. 5. Екінші мүшел он екі жылдан соң келеді, сонда адам жиырма беске келеді. 6. Келесі мүшелдер он екі жылдан кейін қайталанып отырады. 7. Әр мүшел адам өміріндегі бір кезең. 8. Он үш — сәби шақ мүшелі, жиырма бес — ер жету мүшелі; отыз жеті — жігіттік мүшелі, қырқ тоғыз — орта жас мүшелі; алпыс бір — ақсақалдық мүшелі, жетпіс үш — қарттық мүшелі, сексен бес — кәрілік мүшелі. 9. Биыл Болат ақсақалдық бес мүшелге толады. 10. Менің ауылдан келген атам жетпіс үштен асып, қарттық мүшелге жетті. 11. Болаттың інісі екі мүшелге жетті. 12. Айшаның әкесі биыл орта жас мүшеліне келді, ол қырық тоғызда.

Сөздік

азамат гражданин
айнал- вращаться, возвращаться
бойынша по
бұрын раньше
есей- взрослеть
жаса- делать
жыл қайыру счет годам
кәрілік глубокая старость
кезең период
келесі следующий
қайталан- повторяться
қайтара повторно
қарттық старость
мүшел цикл жизни
міне вот
орта средний
осыдан отсюда
сәби ребенок
сонда тогда
талдау анализ
тол- достигать
шақ время, пора

Тапсырма 232

а) Мәтелді орыс тіліне аударыңдар, жаттап алыңдар.

1. Бірінші байлық — денсаулық. 2. Екінші байлық — ақ жаулық. 3. Үшінші байлық — он саулық.

ә) Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Мұраттың досы сен ауылға барғанда жас бала ма еді? 2. Қазір ол қанша мүшелге толды? 3. Кеше Мәскеуге келген қонақ орта жаста ма, қанша мүшелге шықты? 4. Айшаның ағасы жігіттік мүшелден асты ма? 5. Мен ауылда болмағаныма көп жыл болды, Тақайдың атасы қазір қарттық мүшелге толған шығар? 6. Биыл профессорлардың қаншасы ақсақалдық мүшелге толады? 7. Мәскеу қазақтары ақсақалдар жиналысын қашан ұйымдастырды? 8. Профессорлардың арасында қарттар көп пе? 9. Екінші мүшелге сен қашан жетесің? 10. Сен үшін бірінші байлық не?

Сөздік

ара середина
денсаулық здоровье
жаулық платок
саулық овца
шығар по-видимому

Тапсырма 233

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. В одном цикле жизни — тринадцать лет. 2. Мне еще не исполнилось два цикла. 3. Моему деду исполнилось пять циклов. 4. Когда приходит цикл взросления? 5. Твой брат стал взрослым? 6. В 61 год мужчина становится аксакалом. 7. Отец Оразбека среднего возраста, ему исполнилось сорок девять лет. 8. В нашем ауле многие мужчины достигли среднего возраста. 9. Четыре моих родственника стали аксакалами. 10. Мужчине, который приехал из моего аула, теперь четыре цикла. 11. У отца Айши есть двадцать четыре овцы. 12. Для меня главное богатство — здоровье.

Урок 38

ФОНЕТИКА

Гармония звуков

Ассимиляция согласных

При поиске слов в словарях, при анализе текста вы встретитесь с некоторыми трудностями, связанными с правописанием ассимилятивных вариантов согласных звуков. Существуют законы ассимиляции; зная их, нетрудно будет ориентироваться в словарях.

Ассимиляция согласных — процесс подчинения звуков закону гармонии звуков в слове. Она выражается главным образом в озвончении глухих звуков и оглушении звонких.

Озвончение глухих звуков

Среди глухих согласных широко распространено озвончение глухих звуков [**к**], [**қ**], [**п**] — в определенных фонетических позициях они переходят соответственно в звонкие [**г**], [**ғ**], [**б**].

В основном это происходит в положении: 1) между двумя гласными; 2) между гласным и сонорным на стыке форм слова. Это наблюдается между основой и аффиксом, а также между двумя словами, когда звуки [**к**], [**қ**], [**п**] оказываются в указанных позициях. Гармония звуков в таком случае заключается в том, что глухой звук старается быть близким к гласным по произношению. А звонкий согласный, как известно, ближе к гласному, чем глухой согласный.

Примеры: **көк** *синий*, **көк + ер = көгер-** *синеть*; **тақ-** *прикалывать*, **тақ + ады = тағады** *он прикалывает*; **тап-** *находить*, **тап + а = таба** [tawa] *находя*.

А вот сочетания слов, где [**к**], [**қ**], [**п**] озвончаются: **көк өніс** [көгөнүс] *овощи*, **ақ үй** [ағүй] *белый дом*, **қап алды** [qawалды] *он взял мешок*.

В современных казахских словарях вы не найдете глаголов, оканчивающихся на буквы и звуки [**к**], [**қ**], [**п**], если вы не будете знать этот закон ассимиляции.

По традиции глаголы в словарях приводятся в форме на **-у**: **төк-**, **тақ-**, **тап-** даются в формах: **төгу**, **тағу**, **табу**. При присоединении буквы **у**, которая передает сочетание гласного и согласного [ұw], [үw], конечные глухие согласные глаголов, попав в положение между гласными на стыке основы и аффикса **-у**, озвончаются. В результате этого [**к**], [**қ**], [**п**] соответственно переходят в звонкие [**г**], [**ғ**], [**б**].

Так, в существующих казахско-русских словарях глагол **ек-** *сажать*, *сеять* вам надо искать в форме **ег** в слове **егу**; слово **ақ-** *течь* — в форме **ағ** в слове **ағу**; слово **тап-** *находить* надо искать в форме **таб** в слове **табу** и т.д.

1. Озвончение конечных [к], [к], [п] происходит при присоединении к именам аффиксов с начальным гласным, часто это аффиксы принадлежности. Это отражается на письме: **есек + ің = есегің** *твой осёл*, **таяқ + ым = таяғым** *моя палка*, **қап + ы = қабы** *его мешок*.

2. Озвончение [к], [к], [п] происходит при слитном произнесении слов с этими звуками в конце слова со словами, которые имеют в начале гласные звуки: **көк + аспан = көгаспан** *синее небо*, **ақ + алма = ағалма** *белое яблоко*, **сап + алтын + сабалтын** *чистое золото*, **жоқ + еді = жоғеді** *не было*. Это не отражается на письме.

3. Глаголы в форме на **-п**, как вам уже известно, обычно употребляются с последующими вспомогательными глаголами. Если вспомогательный глагол начинается с гласного, конечный **-п** озвончается и переходит в звонкий. Это не отражается на письме буквой **б**: **ұстап + алдым** [ұстабалдым] *я поймал*, **көріп + едің** [көрібедің] *ты видел*. Во всех этих случаях **п** читайте не как смычный [б], а спирант [w].

4. Конечный **-п** при присоединении к нему некоторых аффиксов с начальным гласным, попадая в позицию между гласными, переходит в звук [w], который на письме передается буквой **у**: **тап-** *находить*, **тап + ып = тауып** *находя*, **кеп-** *сохнуть*, **кеп + іп = кеуіп** *сохнув*.

Пусть вам не кажется странным, что названия некоторых стран произносятся не так, как они написаны. **Қазақстан** произнесите [Қазағыстан], **Өзбекстан** — [Өзбегістан], **Тәжікстан** — [Тәжігістан]. Всюду прибавились узкие «буферные» гласные **ы**, **і**. Дело в том, что по законам гармонии звуков в казахском языке сочетание трех согласных подряд не допускается. И язык «разбавляет» их гласными. В таких случаях, естественно, звуки [к] и [к] попадают в позицию между гласными и озвончаются. Вместо трех слогов в произношении получаются четыре слога: **Қа-за-ғыс-тан** и т.д.

★ Звуки [к], [к] не только сами подвергаются ассимиляции — озвончению, но подвергают ассимиляции предыдущий **-н**, превращая его в **-ң**: **қоян қашты** *заяц убежал* произносите как [қояңғашты]; **сенен кейін** *после тебя* произнесите как [сенеңгейін]. В подобных случаях происходит взаимная ассимиляция звуков.

Жаттығу 234

Мына етістіктерді осы шақта жіктеңдер. Сөйлем құрап, жазып алыңдар.
Жек, соқ, кеп, сөк, жап, жақ, төк, тақ,

Тапсырма 235

Оқып шығып, орыс тіліне аударыңдар. Дыбыс өзгерген сөздерді, туынды сөздерді жазып алыңдар.

Бұқар жырау

1. Бұқар жырау Қалқаманұлы 1668-жылдар шамасында туып, 1781 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Далба тауында қайтыс болған.

2. Қазақтың ұлы жырауы, мемлекет қайраткері. 3. Көптеген тарихи оқиғалардың куәгері болған. 4. Тәуке хан тұсында белді билердің бірі болған. 5. Ақтабан шұбырынды кезінде тұрмыстан таршылық көріп, бұрынғы ықпалынан айрылған. 6. Абылай хан оны мемлекеттік жұмысқа қайта араластырады. 7. Ол Абылайдың бас ақылшысы, беделді биі болып, ел өміріндегі ірі мәселелерді шешуде үлкен рөл атқарып отырады. 8. Арабша сауатты, білімді адам болған. 9. Жыраудың мол қазынасынан бізге 1200 ғана жол өлеңдері жетті. 10. Дүниеде мәңгі ешнәрсе жоқ, табиғат та өзгеріп отырады деп жырлайды ол. 11. Қазақтарды бір мемлекетке біріктіруде Абылайды ісімен де жырымен де қолдайды. 12. Абылайдың кейбір қаталдықтарын сынап бетіне айтып отырған. 13. Бұқар көптеген философиялық афористік толғаулардың авторы. 14. Ол жұртты бірлікке, татулыққа, ерлікке шақырады.

Сөздік

айрыл- лишиться
Ақтабан шұбырынды Великое бедствие
ақылшы советник
аралас- участвовать
арабша по-арабски
беделді авторитетный
белді влиятельный
бет лицо
би титул высокого чиновника
бұрынғы прежний
білімді образованный
бірлік единство
біріктіру объединение
ғана лишь
ерлік мужество
ешнәрсе ничто
жек- запрягать
жет- доходить
жол строка
жұрт народ
жыр песня
жырау певец
жырла- петь
кейбір некоторый
куәгер свидетель
қазына богатство
қайраткер деятель
қаталдық жестокость
мәңгі вечный
мәселе проблема
оқиға событие
өзгер- изменяться
рөл атқар- играть роль
сауатты грамотный
соқ- ударять, бить
сөк- расшивать
тақ- прикалывать
тарихи исторический
таршылық притеснение
татулық согласие
толғау повествование
төк- лить
тұрмыс жизнь, быт
тұсында при
шақыр- призывать, звать
шамасында около
шешу решение
ықпал влияние

Тапсырма 236

Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бұқар жырау қанша жыл өмір сүрген? 2. Қандай хандарға ол кеңесші болды? 3. Бізге оның қанша өлеңі жетті? 4. Сендер Бұқардың өлеңдерін оқыдыңдар

ма? 5. Абылай хан Бұқарды мемлекеттік іске араластырды ма? 6. Ол Абылай ханды қолдады ма, сынады ма? 7. Дүниеде мәңгі нәрсе бар ма? 8. Бұқар елді неге шақырады? 9. Студенттер Бұқардың туған жеріне қашан барып қайтты? 10. Университетте Бұқардың шығармаларын студенттер көп оқи ма? 11. Тәуке хан тұсында Бұқар би болды ма? 12. Бұқар қай ғасырда жасаған? 13. Баянауылда кімдермен кездестіңдер?

Тапсырма 237

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. Бухар жырау родился в ауле Баянаул. 2. Мы с Айгуль были в этом ауле прошлым летом. 3. Это красивые места. 4. Бухар был влиятельным деятелем при хане Тауке. 5. Он пел, что в мире всё, даже природа, изменяются. 6. Он написал много философских афористических произведений. 7. На уроке казахского языка мы переводили некоторые его песни с казахского на русский язык. 8. Бухар критиковал жестокость Абылай-хана и прямо в лицо говорил ему об этом. 9. Во время Великого бедствия Бухара притесняли. 10. В нашем университете преподаватели нас не учат его философским произведениям. 11. Если мы поедем в Павлодарскую область, посетим Баянаульский район.

Урок 39

ГРАММАТИКА

Склонение личных местоимений

Как употреблять личные местоимения в падежных формах?

Склонение личных местоимений единственного числа существенно отличается от известного вам обычного склонения имен существительных из-за особенностей аффиксов некоторых падежей. Это напоминает русский язык, в котором личные местоимения *я*, *ты*, *он*, *она* склоняются не так, как имена существительные.

Фактически все падежные формы личных местоимений при склонении имеют существенные отличия от падежных форм имен существительных.

Также заметьте, что в некоторых падежах личные местоимения единственного числа изменяют свою форму. Например, в направительном падеже от основ **мен**, **сен**, **ол** остаются только начальные буквы **м-**, **с-**, **о-**, а в местном падеже **ол** как склоняемая основа превращается в **он**.

Личные местоимения — жіктік есімдіктер различаются по числам и лицам.

Жіктік есімдіктер — жекеше			
1 жақ		**мен**	*я*
2 жақ	анайы, простая форма	**сен**	*ты*
2 жақ	сыпайы, вежливая форма	**Сіз**	*Вы*
3 жақ		**ол**	*он*, *она*, *оно*
Жіктік есімдіктер — көпше			
1 жақ		**біз, біздер**	*мы*
2 жақ	анайы, простая форма	**сендер**	*вы*
	сыпайы, вежливая форма	**Сіздер**	*Вы*
3 жақ		**олар**	*они*

★ **Примечание:** Слова **мен**, **сен** произносите мягче по сравнению с русскими словами с **е**. При произнесении слова **ол** перед **о** вставьте согласный призвук, похожий на английский **w** [wol].

Личные местоимения 2-го лица как в единственном, так и во множественном числе имеют простую (**анайы түрі**) и вежливую (**сыпайы түрі**) формы. Простая, или фамильярная, форма — **сен**, **сендер**; вежливая форма — **Сіз**, **Сіздер**.

Запомните! В казахском языке **нет категории рода**. Одно и то же казахское слово — личное местоимение 3-го лица единственного числа **ол** соответствует русским словам всех трех родов: мужскому, женскому, среднему. Отсутствие в казахском языке категории рода значительно облегчает его изучение.

★ Слово **ол** кроме значения личного местоимения имеет также значение указательного местоимения — *тот, та, то упомянутое*.

Склонение личных местоимений в единственном и множественном числе имеет значительные различия.

Жіктік есімдіктердің септелу кестесі
Таблица склонения личных местоимений

Жекеше

Атау (осн.)	мен	сен	сіз	ол
Ілік (род.)	мен-ің	сен-ің	сіз-дің	о-ның
Табыс (вин.)	мен-і	сен-і	сіз-ді	о-ны
Көмектес (инс.)	мен-імен	сен-імен	сіз-бен	о-нымен
Барыс (напр.)	ма-ған	са-ған	сіз-ге	о-ған
Жатыс (мест.)	мен-де	сен-де	сіз-де	о-нда
Шығыс (исх.)	мен-ен	сен-ен	сіз-ден	о-дан/о-нан

Как видно из таблицы, личное местоимение 2-го лица вежливой формы *сіз* склоняется как имя существительное, оканчивающееся на *-з*.

Көпше

Во множественном числе личные местоимения склоняются как обычные имена существительные, оканчивающиеся на *-з* (1-го лица) и на *-р* (2-го и 3-го лица).

Атау (осн.)	біз	сендер	сіздер	олар
Ілік (род.)	біз-дің	сендер-дің	сіздер-дің	олар-дың
Табыс (вин.)	біз-ді	сендер-ді	сіздер-ді	олар-ды
Көмектес (инс.)	біз-бен	сендер-мен	сіздер-мен	олар-мен
Барыс (напр.)	біз-ге	сендер-ге	сіздер-ге	олар-ға
Жатыс (мест.)	біз-де	сендер-де	сіздер-де	олар-да
Шығыс (исх.)	біз-ден	сендер-ден	сіздер-ден	олар-дан

Значения казахских личных местоимений в косвенных падежах отличаются от значений сходных падежных форм русских личных местоимений. Лишь в **табыс септік** (винительном падеже) можно говорить о совпадении значений падежа казахского и русского языков. В большинстве случаев казахские падежи соответствуют русским предлогам.

Жаттығу 238

Салыстырыңдар — сравните значения казахских местоимений с русскими в разных падежах:

Жекеше

Атау	**мен** *я*	**сен** *ты*	**сіз** *Вы*	**ол** *он (она, оно)*
Ілік	**менің** *мой*	**сенің** *твой*	**сіздің** *Ваш*	**оның** *его, ее*
Табыс	**мені** *меня*	**сені** *тебя*	**сізді** *Вас*	**оны** *его, ее*
Көмектес	**менімен** *мной, со мной*	**сенімен** *с тобой*	**сізбен** *с Вами*	**онымен** *с ним, с ней*
Барыс	**маған** *мне, ко мне*	**саған** *тебе, к тебе*	**сізге** *Вам, к Вам*	**оған** *ему, к нему, ей, к ней*
Жатыс	**менде** *меня*	**сенде** *у тебя*	**Сізде** *у Вас*	**онда** *у него, у нее*
Шығыс	**менен** *от меня, с меня*	**сенен** *от тебя, с тебя*	**сізден** *от Вас, с Вас*	**одан** *от него, с него, от нее, с нее*

Көпше

Атау	**біз, біздер** *мы*	**сендер** *вы*	**сіздер** *Вы*	**олар** *они*
Ілік	**біздің, біздердің** *наш*	**сендердің** *ваш*	**сіздердің** *Ваш*	**олардың** *их*
Табыс	**бізді** *нас*	**сендерді** *вас*	**сіздерді** *Вас*	**оларды** *их*
Көмектес	**бізбен** *с нами*	**сендермен** *с вами*	**сіздермен** *с Вами*	**олармен** *с ними*
Барыс	**бізге** *нам, к нам*	**сендерге** *вам, к вам*	**сіздерге** *Вам, к Вам*	**оларға** *им, к ним*
Жатыс	**бізде** *у нас*	**сендерде** *у вас*	**сіздерде** *у Вас*	**оларда** *у них*
Шығыс	**бізден** *от нас, с нас*	**сендерден** *от вас, с вас*	**сіздерден** *от Вас, с Вас*	**олардан** *от них, с них*

★ Обратите внимание на то, что значения слов в сходных падежах в казахском и русском языках не всегда совпадают.

Жаттығу 239

Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып, көшіріп алыңдар. Орысшаға аударыңдар. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Кеше таныс профессор сендер... қазақ тілі...сабақ берді ме? 2. Асан ағам былтыр ма... жаңа машина сыйлаған. 3. Біз Асандар... бірге Алматы... барып келдік. 4. Кеше осы көше... сіз... Айшалар жолықты. 5. Оспан бүгін сендер... көп дәптер алды. 6. Мен айтқан сөзді са... Айжамал қашан айтты? 7. Біз Түркістан... барғанда олар... көрген жоқпыз. 8. Ертең Омар са... кітап дүкенінен қызық кітаптар әпереді. 9. Әсел Астанаға биыл сен... бірге барды ма, Нәзір... бірге барды ма? 10. Кешегі атаң са... берген ақшаны сен о... бердің. 11. Сендер... Қазақстан туралы кітап көп пе? 12. Мен Алматыда болғанда достарым сіздер... біраз кітап берді. 13. Біз... ауылда малшылар биыл қой... көп төл алды.

Тапсырма 240

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. *Вчера у нас в пятой аудитории было четыре урока. 2. Я давно не получал от тебя письма. 3. Вчера Сауле дала Вам тетрадь Аскара. 4. Сегодня мы вместе с Вами пойдем на выставку. 5. Утром я не встретил ваших друзей в метро. 6. У тебя есть много интересных картин. 7. От меня к тебе надо ехать автобусом один час. 8. От него до меня шесть километров. 9. В прошлом году, когда мы были в Алматы, он не встречался с нами. 10. Когда мы приехали в Астану, не видели ее в аэропорту. 11. Ребята купили книги в магазине, но девушки еще не получили их. 12. Вам привезли подарки от друзей из аула.*

Тапсырма 241

Жіктік есімдіктерін қолданып, сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Кімде қызық кітап бар? 2. Менің дәптерім сенде ме, Жаппарда ма? 3. Бүгін досыңа метромен барасың ба, автобуспен барасың ба? 4. Алматыдан сенімен бірге тағы кімдер келді? 5. Шымкенттегі студенттерден хат келді ме? 6. Сендердің топтарында қанша студент бар? 7. Алматыдан сізге қанша студент келді? 8. Саған берген мың теңгеге қанша ет сатып алдың? 9. Мақан Шымкенттен сендермен бірге келді ме, Айгүлдермен бірге келді ме? 10. Олармен бірге қанша бала пойызбен Шымкентке барды? 11. Бізге профессор бұл тапсырманы қашан берді? 12. Кеше Омар Оспандарға берген кітапты сендерге көрсетті ме? 13. Сіздің журналда жариялаған мақалаңызды факультеттің студенттері қашан оқыды?

Тапсырма 242

Оқып, орыс тіліне аударыңдар. Зат есімнің тұлғаларын талдаңдар.

Ұлы ғалым Қаныш Сәтбаев

1. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев — аса көрнекті қазақ совет геологі, ұлы ғалым, қоғам қайраткері. 2. Қазақ ССР Ғылым академиясын ұйымдастырушы (1946-жыл), оның тұңғыш президенті. 3. Ол 1899-жылы 12-сәуірде бұрынғы Семей губерниясы, Павлодар уезіндегі Аққелін болысының 4-аулында дүниеге келген. 4. 1964 жылғы 31-қаңтарда Мәскеу қаласында дүние салған. 5. 1926-жылы Томск технологиялық институтын бітірген. 6. 1926-41 жылдары Атбасар, Қарсақбай трестерінде геология бөлімінің жетекшісі болды. 7. 1941-64 жылдары — Геологиялық ғылымдар институтының директоры. 8. Оның президенттік қызметі 1953-55-жылдары өкімет құдалауымен үзіліп, 1955-жылы қайта жалғастырылып, қайтыс болғанынша созылды. 9. Ғылми еңбектерінің басым көпшілігі рудалық кендер геологиясын және Қазақстанның минералдық ресурстарын зерттеуге арналған. 10. Ол Қазақстанда металлогения мектебінің негізін қалаушы. 11. Қалдырған бай ғылми мұраларының ішінде әсіресе Жезқазған кені туралы зерттеулерінің мәні ерекше. 12. Жезқазғанның Советтер Одағындағы ірі мыс рудалы аудандар қатарына енгізілуі Сәтбаев еңбегінің жемісі. 13. Минералдық

шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай аймақтарына ерекше назар аударып зерттеді. 14. Оның басшылығымен Қазақстанда Комплекстік металлогендік болжамдық карта жасалып, өндіріске енгізілді. 15. 600-ден астам ғылми еңбектердің жазушысы. 16. Әдебиет, фольклор саласында да еңбектер қалдырды. 17. Көп рет ССРО және Қазақстан Жоғарғы советінің депутаты болып сайланды, Қазақстан компартиясы орталық комитетінің мүшесі болды. 18. Мәскеуде Революция мұражайында оған арналған бұрыш бар. 19.Алматыда өз мұражайы бар. 20. Қазақстанның көптеген қалаларында, ауылдарында оның атымен мектептер, көшелер аталған.

Сөздік

аса наиболее
астам свыше
атал- быть названным
әдебиет литература
әсіресе особо
басшылық руководство
басым подавляющее
болжамдық прогнозирующий
болыс волость
бөлім отдел
бұрынғы бывший
бұрыш угол
дүние сал- уйти в тот мир
енгіз- вводить
енгізілу ввод
ерекше особенно
жазушы автор
жарияла- опубликовать
жеміс плод
жетекші руководитель
жоғарғы верховный
зертте- исследовать
көптеген множество
көрнекті видный
қайтыс болғанынша до смерти
қалдыр- оставлять
қаңтар январь
қатар ряд
қудалау гонение
мақала статья
назар аудар- уделять внимание
негізін қалаушы основоположник
орталық центральный
өкімет власть
ССРО СССР
рудалы(қ) рудный
сәуір апрель
тұңғыш первый
ұйымдастырушы организатор
ішінде среди

Тапсырма 243

Бір-біріне сұрақ қойып, жазбаша жауап беріңдер.

1. Қазақстан Ғылым академиясын тұңғыш рет кім ұйымдастырды, кім басқарды? 2. Қаныш Сәтбаев қай жылы, қайда туды? 3. Ол Қазақстанның ең ірі геологі ме? 4. Туып өскен жері қайда? 5. Оның Ғылым академиясының президенті қызметі қай жылдары үзілді? 6. Жарияланған еңбектерінің саны қанша? 7. Негізгі еңбектері неге арналған? 8. Сен Қаныш Сәтбаевтың Мәскеуде Революция мұражайындағы суретін, ордендарын көрдің бе? 9. Сәтбаев қай қалада технологиялық институтта оқыды? 10. Ол қай жылдары ненің директоры болып істеді? 11. Ол қай аймақтарға ерекше назар аударды? 12. Қаныш Сәтбаев туралы қандай кітап оқыдыңдар?

Тапсырма 244

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар. Сұрақтарға қазақша жауап беріңдер.

1. Каныш Сатбаев — самый крупный ученый-геолог Казахстана. 2. Он родился в конце XIX века на севере Казахстана. 3. Он организовал Академию наук Казахстана и был первым ее президентом. 4. Он посвятил свои труды исследованию металлогении Казахстана. 5. Особые заслуги он имеет в исследовании Жезказганского рудного комплекса. 6. Он организатор составления прогнозной металлогенической карты республики. 7. У него есть труды и по казахскому фольклору. 8. Каково значение его исследований о Жезказгане? 9. Мы сегодня пойдем в Музей революции посмотреть уголок Сатбаева? 10. Когда Сатбаев избирался депутатом Верховного Совета СССР? 11. Что было введено в производство под его руководством? 12. Вы видели портрет Сатбаева в геологическом музее?

Қайталау тапсырма

Вы выучили все казахские слова, примеры и грамматические формы, пословицы и поговорки? Вернитесь к уроку 36 и проверьте, как вы усвоили весь материал.

Урок 40

ГРАММАТИКА

Сын есім ✦ Имя прилагательное

Как выражать различные качества и свойства человека и предмета? Для этого есть специальная часть речи — **сын есім — имя прилагательное**. Прилагательные еще называют «качественные имена». Имя прилагательное отвечает на вопрос **кандай?** *какой?*

Вам будет легко учить и использовать имена прилагательные, потому что они **не согласуются с определяемым именем в роде**, так как в казахском языке нет категории рода. Сравните казахские и русские словосочетания: **жақсы бала** *хороший мальчик*, **жақсы қыз** *хорошая девушка*, **жақсы терезе** *хорошее окно*. Всюду слово **жақсы** имеет только одну форму, тогда как в русском языке его эквивалент в зависимости от рода определяемого слова имеет три формы: *хороший*, *хорошая*, *хорошее*.

Но это еще не всё. **Имя прилагательное в казахском языке не согласуется с определяемым словом даже в числе и падеже** — вот какой «экономный» казахский язык.

Посмотрите: **жақсы бала** *хороший мальчик*, **жақсы бала + лар** *хорошие мальчики* — при втором слове, **бала**, имеется аффикс множественного числа, а слово **жақсы** остается неизменным — в единственном числе. **Жақсы бала + ға** *хорошему мальчику*, **жақсы бала + дан** *от хорошего мальчика* и т.д. — прибавляйте любой падежный аффикс к определяемому слову **бала**, все равно имя прилагательное — слово-определение **жақсы** — остается неизменно в основном падеже.

Можете прибавить к слову **бала** при его склонении наряду с падежным аффиксом и аффикс множественного числа — все равно прилагательное **жақсы** останется неизменным: **жақсы бала + лар + ды** *хороших мальчиков*, **жақсы қыз + дар + мен** *с хорошими девушками*; и т.д. Так всегда и всюду.

Но сто́ит только присоединить к прилагательному любой словоизменительный аффикс: множественного числа, падежа, принадлежности, лица — в таком случае прилагательное субстантивируется, т.е. переходит в имя существительное и перестает быть определением: **қызыл + дар** *красные* (*большевики*), **жақсыны көрдік** *мы видели* хорошего *человека*, **сары + сы жақсы** *лучше желтый плод*, **мен ақ + пын** *я честный человек*; и т.д.

Жаттығу 245

Төмендегі сөз тіркестеріне көптік, септік жалғауларын қосып, сөйлем құрап жазыңдар.

Қызыл алма, жасыл ағаш, жаман жер, ақ тау, көк мұз, жоғарғы мектеп, нашар адам, күшті ғалым.

Тапсырма 246

а) Мәтелді орысшаға сөзбе-сөз аударыңдар. Жаттап алыңдар.

Бойыңның ұзынын қайтейін, ақылың қысқа болса.

ә) Оқып шығып, орыс тіліне аударыңдар. Сын есімдерді талдаңдар.

Әсем шарлар аспанда

Қызыл,
Жасыл,
Қара,
Сары,
Ақ көгілдір ... әуе шары.
Бірінші май — той күнінде
Алматыға жарасады.
Алуан түсті әуе шары
Ақ бұлттармен жанасады.
Сәлем айтып Москваға,
Әсем шарлар тау асады.

Мұзафар Әлімбаев

Сөздік

ақыл ум
алуан разнообразный
ас- переваливать
әсем красивый
әуе воздух
бой рост, тело
жанас- прикасаться
жарас- украшать, подходить
жасыл зеленый
көгілдір голубой
қайтейін что мне делать
қысқа короткий
сары желтый
сөзбе-сөз дословно, буквально
той праздник
тіркес сочетание
ұзын длинный
шар шар

★ В казахском языке многие существительные выступают в функции прилагательных. Для этого достаточно поставить их перед именем существительным: **темір** *железо* + **есік** *дверь* = **темір есік** *железная дверь*, **алтын сағат** *золотые часы*, **қоғам қайраткері** *общественный деятель*, **әуе шары** *воздушный шар*, **аспан түсті** *небесный цвет*.

ГРАММАТИКА

Сын есімнің жасалуы ✦
Словообразование прилагательных

Новые имена прилагательные, как и другие части речи, можно образовать синтетическим и аналитическим способами.

Существуют продуктивные модели образования прилагательных.

При синтетическом способе в образовании прилагательных участвуют аффиксы — **жұрнақтар**.

Шестивариантный аффикс -ты/ті/ды/ді/лы/лі, образующий имена прилагательные, — самый продуктивный. Основное значение производных прилагательных — **обладание** качеством предмета, указанного в производящей основе. На русский язык подобные прилагательные переводятся либо прилагательным, либо именем существительным с предлогом обладания *с*: **Күш** *сила*, **күш + ті** *сильный*; **бір көз** *один глаз*, **бір көз + ді** *одноглазый*; **пайда** *польза*, **пайда + лы** *полезный*; **мал** *скот*, **мал + ды** *со скотом*, *богатый*; **қалпақ** *колпак*, **қалпақ + ты** *с колпаком*. Имя с этим аффиксом, в свою очередь, может иметь при себе определение с именем прилагательным: ***қызыл жағалы*** **көйлек** *рубашка с красным воротником*.

Родственник этого аффикса -тық/тік/дық/дік/лық/лік также образует относительные имена прилагательные: **ауыл + дық** *аульный*, **тау + лық** *горный*, **есеп + тік** *отчетный*.

Тапсырма 247

Мақалды орыс тіліне аударыңдар. Жаттап алыңдар.

Сыйырды сауып ішсең — мың күндік, сойып жесең — бір күндік.

Жаттығу 248

Мына зат есімдерге -ты/ті/ды/ді/лы/лі жұрнағын қосып, сын есім жасаңдар. Сөз тіркестерін жасап, сөйлемдер құрыңдар.

Зат, бала, қой, ауыл, қала, көл, шағала, қыз, терек.

Тапсырма 249

Орыс тіліне жазбаша аударыңдар. Сын есімдерді талдаңдар.

Қыс

1. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
2. Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
3. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
4. Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Абай Құнанбайұлы

Сөздік

дене рост
жапырақ лист
жеңіл легкий
жылы теплый
қырау иней
қыс зима
мылқау немой
сау- доить
сой- зарезать
соқыр слепой
суық холодный, суровый
сықырла- скрипеть
танымас не узнает
тірі жан живое существо
түс вид, цвет
үсті-басы все тело
шағала чайка

Тапсырма 250

Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Қыстың киімі қандай? 2. Оның денесі кішкене ме, ірі ме? 3. Сақалы бар ма, сақалының түсі қандай? 4. Түсі жылы ма, суық па? 5. Жүрген жері сықырлай ма? 6. Тірі жанға қыс қалай қарайды? 7. Жүрген жері сықырлай ма, сықырламай ма? 8. Үстінде қырау бар ма, жоқ па? 9. Қыстың басында ақ қалпақ бар ма, жоқ ол қалпақсыз ба? 10. Қыста балалар жылы киім кие ме, жеңіл киім кие ме? 11. Қыста ағаштың жапырағы бола ма?

Двухвариантный аффикс **-сыз/із** образует слова со значением **лишения признака**. По семантике он противопоставляется аффиксу **-ты.** На русский язык подобные прилагательные переводятся именем существительным с префиксом или предлогом *без*: **күш** *сила*, **күш + сіз** *бессильный*; **пайда** *польза*, **пайда + сыз** *бесполезный*; **мал** *скот*, **мал + сыз** *без скота, бедный*; **қалпақ** *колпак, шапка*, **қалпақ + сыз** *без колпака*; **үн** *звук*, **үн + сіз** *без звука, молчаливый*.

Тапсырма 251

Мақал-мәтелдерді орыс тіліне аударыңдар, жаттап алыңдар.

1. Балалы үй — базар, баласыз үй — мазар. 2. Пішені өртенбегеннің бәрі ақылды. 3. Ашулы артынан өкінер.

Четырехвариантный аффикс -тай с вариантами -тай/ей/дай/дей образует имена прилагательные со сравнительным значением: **бала + дай** *как(словно) ребенок*, **көл + дей** *как озеро*, **ат + тай** *как конь*, **ит + тей** *как собака*.

Этот аффикс может образовать прилагательные и от форм с аффиксом принадлежности. При этом он в начале приобретает «вставной» **-н: көз + і + *н* + дей** *как его глаза*, **ат + ы + *н* + дай** *как его лошадь*.

Он образует имена прилагательные также от местоимений: **мен + дей** *как я*, **сіз + дей** *как Вы*, **мұ + ндай** (< **бұл + дай**) *как это*; и т.д.

Тапсырма 252

Мәтіндерді оқып, орыс тіліне аударыңдар. Сын есімдерді тауып, талдаңдар.

1. Қыз Жібектің ақтығы
Наурыздың ақша қарындай.
2. Ақ бетінің қызылы
Ақ тауықтың қанындай.
3. Екі беттің ажары
Жазғы түскен сағымдай.
4. Білегінің шырайы
Ай балтаның сабындай.
5. Төсінде бар қос анар
Нар бураның санындай.

«Қыз Жібек»

6. Жиырма деген жасыңыз таудан аққан бұлақтай.
7. Отыз деген жасыңыз жарға ойнаған ылақтай.
8. Қырық деген жасыңыз ертпеп қойған құр аттай.
9. Елу деген жасыңыз о да бір көшкен ел екен.
10. Алпыс деген жасыңыз қайғылы-мұңлы күн екен.
11. Сексен деген жасыңыз қараңғы тұман түн екен.
12. Тоқсан деген жасыңыз ажалдан басқа жоқ екен.

Бұқар жырау

Объяснения

Артынан = арт + аффикс принадлежности 3-го лица + аффикс исходного падежа.

Өкінер = өкін + аффикс будущего времени -ер.

Сөздік

ажар цвет
ай балта секира
ажал смерть
анар гранат
ашу гнев
білек рука
ертте- седлать
жар обрыв
қайғылы-мұңлы горестный
қос двойной
құр свободный
мазар могила
нар бура дромадер
өкін- сожалеть
өртен- сгореть
пішен сено
сағым мираж
сан бедро
сап рукоять
тауық курица
төс грудь
түс- падать
шырай вид
ылақ козленок

Четырехвариантный аффикс -қы/кі/ғы/гі образует относительные прилагательные, обычно со значением времени и пространства: **қыс** *зима*, **қыс + қы** *зимний*; **кеш** *вечер*, **кеш + кі** *вечерний*; **ертең** *завтра*, **ертең + гі** *завтрашний*.

Он может образовать прилагательные и от имен в местном падеже, при этом в соответствии с законом гармонии звуков имеет только два варианта — **-ғы**, **-гі**: **зауыт + та + ғы** *заводской*; **үй + де + гі** *домашний*.

Он может образовать прилагательные и от словосочетаний: **өткен жыл** *прошлый год*; **өткен жыл + ғы** *прошлогодний*.

Жаттығу 253

Төмендегі зат есімдерден жұрнақтар арқылы сын есім жасап, мағынасын түсіндіріңдер. Сөйлем құрап, жазып алыңдар.

-ты: *от, қырау, сан, шырай, тас, бала, жем, көл, ет.*

-тай: *ат, тау, қала, жел, сең, олар, біз, бет, ит.*

-қы: *қыс, арт, артта, кеше, баста, күз, көктем, шет.*

-сыз: *бас, аяқ, жел, мін, дақ, ел, қанат, көпір.*

Тапсырма 254

Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер. Сын есімдерді талдаңдар.

1. Үйіндегі тауықтың түсі қандай? 2. Кешегі сендер барған көрме қызық па екен? 3. Ауылдан келген ақ қалпақты кісі кім? 4. Өткен жылы қарсыз қыс болды ма? 5. Бүгінгі сабақтарға берген тапсырмаларды жақсы орындадың ба? 6. Айша алдағы арбаға мінді ме, артқы арбаға мінді ме? 7. Сен қысқы киімді жазда киесің бе? 8. Әліқанның институттағы достары сені таниды ма? 9. Иттің үлкендігі қандай, есектей ме, мысықтай ма? 10. Өткен жылы қыс қарлы болды ма, қарсыз болды ма? 11. Сенің аулың өзенді жерде орналасқан ба, көлді жерде ме?

Тапсырма 255

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар. Сұрақтарға қазақ тілінде жазбаша жауап беріңдер.

1. Летнюю одежду люди не надевают зимой. 2. Когда мы поехали в город Шымкент, я сидел в первой машине. 3. Без воды на дороге трудно. 4. К нам в автобус села женщина с ребенком. 5. Если поедете в горы, увидите прошлогодний снег. 6. Мои друзья в университете учатся вместе со мной на одном курсе. 7. Вчерашний концерт в Большом театре был интересным. 8. В этом году осенний дождь был теплым. 9. Когда вы были в ауле, посетили горные места? 10. Хорошо ли зимой ходить без шапки? 11. Твои глаза как глаза Оспана? 12. Ты можешь дойти до дома без автобуса? 13. Мы живем в степи, где есть озеро.

Урок 41

ЭКОНОМИКА КАЗАХСТАНА

Тапсырма 256

Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңдар. Жалғау мен жұрнақтарды көрсетіңдер.

Қазақстан экономикасы

1. Қазақстан Республикасы экономикасы өркендеген елдердің бірі. 2. Бүгінгі Қазақстан жоғары дамыған ел. 3. Ірі индустриясы, механикаландырылған озық ауыл шаруашылығы бар республика. 4. Қазақстанда 20 мыңнан астам кәсіпорындары, оның ішінде 2 мыңнан астам ірі кәсіпорындары жұмыс істеуде. 5. 1991-жылы Қазақстан тәуелсіз ел болды. 6. Қазір өндіріс, құрылыс, ауыл шаруашылығы одан әрі өркендетілуде. 7. Халық шаруашылығына жұмсалған қаржылар көбеюде. 8. Өнеркәсіптің өсуімен бірге түрлі салалардың орналастырылуында елеулі өзгерістер болды. 9. Түсті металлургия: мыс, қорғасын-мырыш, титан-магний өнеркәсібі, сирек және қымбат металдар өндіру Қазақстан өнеркәсібінің жетекші саласы саналады. 10. Қара металлургия, көмір өндіру де Қазақстанда жоғары дамыған. Республикада 30-дан артық химиялық элементтерді өндіру игерілген. 11. Соңғы жылдары мұнай байлығын өндіруді дамыту өте жоғары дәрежеге көтерілді. 12. Қазақстанның ауыл шаруашылығы да жоғары дамыды. 1954-жылдан бастап көп тың жерлер астық өндіруге пайдалана бастады. 13. Егіс көлемі ұдайы ұлғайтылуда болды. 14. Соңғы жылдары дәнді дақылдардың егіс көлемі біраз азайды. 15. Сонда да Қазақстан дәнмен өзін қамтамасыз етіп қоймай, экспортқа шығарады. 16. Суармалы егіс кең дамыған. 17. Техникалық дақылдардың маңыздылары: мақта, қант қызылшасы, күнбағыс, темекі. 18. Қазақстан ірі республика болғандықтан әуе, темір жол, тас жол көліктері мол дамыды. 19. Қазақстан экономикасы 2002-жылдан бастап күрт даму жолына түсті. 20. Экономиканың дамуы халықтың әл-ауқатын, тұрмыс дәрежесін жоғары деңгейге көтеруде.

Сөздік

артық свыше
астық зерно
әл-ауқат благосостояние
дақыл культура
дән зерно
дәреже уровень, степень
деңгей уровень
егіс посев

елеулі значительный
жетекші ведущий
жоғары высоко
жұмса- тратить
игер- осваивать
кәсіпорын предприятие
көлік транспорт
көмір уголь
көтер- поднимать
күнбағыс подсолнух
күрт крутой
қамтамасыз ет- обеспечить
қант сахар
қаржы средства
қорғасын свинец
қызылша свекла
мырыш цинк
құрылыс строительство
қымбат драгоценный
қысқаша краткий
мазмұн содержание
мақта хлопок
маңызды важный
механикаландырыл- механизировать
мұнай нефть
мыс медь
озық передовой
орналастыр- размещать
өзгеріс изменение
өндір- производить
өндіріс производство
өнеркәсіп промышленность
өркенде- высоко развиваться
пайдалан- использоваться
сала направление
санал- считаться
сирек редкий
суармалы орошаемый
тұңғыш первый
тұрмыс быт
түрлі разный
тың целинный
ұдайы постоянно
ұлғайтыл- увеличиваться
шаруашылық хозяйство
шығар- вывозить

Тапсырма 257

Жоғарыдағы мәтіннің қысқаша мазмұнын айтып беріңдер.

Тапсырма 258

Мәтінді қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. Казахстан — республика с высокоразвитой экономикой. 2. В ней существует передовое механизированное сельское хозяйство. 3. Много средств расходуется на развитие народного хозяйства. 4. В 2004 году казахстанцы праздновали 50-летие освоения целинных земель. 5. Для освоения целины приехало много молодых людей из России и Украины. 6. Ведущей отраслью Казахстана является цветная металлургия. 7. Производство нефти развивается в западной части Казахстана. 8. С каждым годом поднимается жизненный уровень людей. 9. Мой отец работал на руднике Ащысай, где добывали цветные металлы. 10. Если нас пригласят в Казахстан, мы поедем в будущем году на Балхашский медный комбинат. 11. Я не участвовал в освоении целинных земель, я еще был молод. 12. Экономика Казахстана тесно связана с экономикой Российской Федерации.

ГРАММАТИКА

Қатарлық сан есімдер ✦ Порядковые числительные

Порядковые числительные образуются от количественных числительных посредством аффикса, который имеет четыре фонетических варианта: **-ншы/нші/ыншы/інші**.

Порядковые числительные отвечают на вопросы **нешінші?** *который по счету?* **қай?** *который?*

Как узнать, когда присоединить тот или иной вариант аффикса?

Варианты с начальным согласным — **-ншы**, **-нші** присоединяются к основам, которые оканчиваются на гласные: **алты-ншы** *шестой*, **жеті-нші** *седьмой*.

Варианты с начальным гласным — **-ыншы/-інші** присоединяются к основам, которые оканчиваются на согласный: **тоғыз-ыншы** *девятый*, **бес-інші** *пятый*.

А когда употребить **-ншы**, **-ыншы**? Их прибавляйте согласно закону нёбной гармонии звуков, к основам с твердыми звуками: **алты-ншы** *шестой*, **он-ыншы** *десятый*.

Варианты **-нші**, **-інші**, также согласно закону нёбной гармонии, прибавляйте уже к основам с мягкими звуками: **жеті-нші**, **бес-інші**.

Аффикс **-ншы** образует от любого количественного числительного порядковое числительное: **бірінші**, **екінші**, **бесінші**, **алтыншы**, **жетінші**, **сегізінші**, **оныншы**, **тоқсаныншы**. При сложных числительных он прибавляется, как и в русском языке, к последнему числительному: **он екінші** *двенадцатый*, **екі жүз отыз бесінші** *двести тридцать пятый*, **екі мың төртінші** *две тысячи четвертый*.

Жаттығу 259

Көп нүктенің орнына қатарлық сан есімнің тиісті жұрнағын қойып, көшіріп жазып алыңдар.

1. Мен биыл екі... курстан үш... курсқа өттім. 2. Омар университеттің бір... курсында өте жақсы оқыды. 3. Біз осы факультетте төрт... жыл жақсы оқимыз. 4. Иса Абай көшесінде жиырма алты... үйдің бір жүз отыз... пәтерінде тұрады. 5. Айгүл Астанадан Мәскеуге достарымен бірге жиырма сегіз... жедел пойызбен кеше келді. 6. Нәзір Алматыға бес жүз үш... ұшақпен ұшып кетті. 7. Сен Мәскеуден Тәшкенге алты жүз бес... ұшақпен ұшып бардың. 8. Шымкентке Мәскеуден екі жүз он алты... ұшақпен ұшып бара аласың. 9. Омар университетке сағат тоғызда алты жүз қырық жеті... автобуспен келеді. 10. Оспан Астанадағы орта мектептің он... класын алтын медальмен бітіріп, университетке эмтихансыз түсті. 11. Біз екі мың жеті... жылы институтты бітіріп, аспирантураға түсеміз деп ойлаймыз.

Тапсырма 260

Бір-біріне сұрақ қойып, жазбаша жауап беріңдер.

1. Оспан биыл университеттің нешінші курсына өтті? 2. Сендер былтыр нешінші курста оқыдыңдар? 3. Мәскеу Мемлекеттік университеті Моховая

көшесінің нешінші үйіне орналасқан? 4. Бүгін қазақ тілі сабағы қай дәрісханада болады? 5. Омар қай көшеде, нешінші үйде, нешінші пәтерде тұрады? 6. Студенттер Астанаға барғанда нешінші пойызбен барды? 7. Кәрималар кеше Алматыдан нешінші ұшақпен ұшып келді? 8. Айша сенің жақсы көршің бе, ол қай пәтерде тұрады? 9. Биыл сендер университеттің нешінші курсына өттіңдер? 10. Сендер оқитын аудитория университеттің қай қабатында? 11. Бүгін сендер баратын мейрамхана қай қабатта орналасқан?

Тапсырма 261

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. Я в этом году перешел со второго курса на третий курс филологического факультета. 2. В прошлом году мой брат учился в шестом классе средней школы, в этом году он учится в седьмом классе. 3. Айгуль живет на улице Ауэзова в двадцать четвертом доме, в сто двенадцатой квартире. 4. Завтра я улетаю в Москву семьсот седьмым рейсом. 5. В Ташкент я не полечу самолетом, поеду тридцать девятым скорым поездом. 6. Академия наук Республики Казахстан расположена на улице Шевченко, в двадцать восьмом доме. 7. Наша квартира расположена на девятом этаже двадцатиэтажного дома. 8. Вчера наши друзья искали нас в девятом вагоне поезда Алматы–Москва, а мы были в одиннадцатом вагоне. 9. Когда мой брат окончил одиннадцатый класс средней школы, ему было восемнадцать лет. 10. В тысяча девятьсот семнадцатом году в России большевики взяли власть. 11. Мы поступили в университет в две тысячи втором году. 12. Магистратуру мы окончим в две тысячи восьмом году.

Тапсырма 262

Мәтінді орыс тіліне аударыңдар. Септік, тәуелдік жалғауларды талдаңдар.

Газет оқимыз

1. Қазақстан қоршаған табиғи ортаны қорғау жөніндегі бірқатар халықаралық ұйымдарға әлі мүшелікке өткен жоқ. 2. Жойылып кету қаупі төніп тұрған жабайы жануарлар дүниесімен, өсімдік түрлерімен халықаралық деңгейде сауда жасау туралы Конвенцияға қосылу жөніндегі заң жобасы биылғы жылдың 24 наурызында Парламент Сенатында қаралды. 3. Ұлттық қауіпсіздігіміз бен табиғи байлығымызға шын мәнінде қауіп төніп тұрғанын кеш те болса, сезіне бастаған сыңайлымыз. 4. Бұл Конвенцияға дүние жүзінде 144 ел мүше. 5. Амандық болса, біз 145-ші ел болып кіреміз. 6. Өзбекстан бұл халықаралық ұйымға осыдан екі жыл бұрын кіріп алған.

«Егемен Қазақстан»

Тапсырма 263

Жоғарғы мәтіннің мазмұнын қазақша айтып беріңдер. Жазбаша сұрақтар қойып, оларға жазбаша жауап беріңдер. Ұзын сөздердің тұлғаларын талдаңдар.

Собирательные числительные — жинақтау сан есім образуются посредством аффикса **-ау/еу** (от одного до семи включительно): **біреу** *один, кто-то*; **екеу** *двое, оба*; **үшеу** *трое*; **төртеу** *четверо*; **бесеу** *пятеро*; **алтау** *шестеро*; **жетеу** *семеро*. Собирательные числительные, подобно именам существительным, принимают аффиксы принадлежности, падежные аффиксы: **төрт + еу + і + нен** *от четверых*, **бес + еу + іміз + ге** *нам пятерым*; и т.д.

Тапсырма 264

Орыс тіліне аударыңдар. Жинақтау сан есімдерін тауып, талдаңдар.

1. Біз бір енеден бір едік,
Бір енеден екі едік.
2. Екеуіміз жүргенде,
Бір-бірімізге ес едік.
3. Бір енеден үш едік,
Үшеуіміз жүргенде,
Толып жатқан күш едік.
4. Бір енеден бес едік,
Бесеуіміз жүргенде,
Алашқа болман деуші едік.
5. Өтемістен туған он едік,
Онымыз атқа мінгенде,
Жер қайысқан қол едік.

Махамбет

Объяснения

Болман = бол + ма + й + мын.
Едік = еді + аффикс 1-го лица множественного числа.

Сөздік

Алаш казахи
амандық благополучие
әлі еще
баста- начинать
бен и
бірқатар ряд
деңгей уровень
еді был(-а, -о)
ене мать
ес ум, память
заң закон
жабайы дикий
жануар животное
жоба проект
жөніндегі о
қабат этаж
қайыс- сгибаться
қарал- рассматриваться
қауіп опасность
қауіпсіздік безопасность
қорғау защита
қоршаған орта окружающая среда
қосыл- присоединяться
мән значение
мүше член
мүшелік членство

осыдан отсюда
өсімдік растение
өт- проходить
сауда жаса- торговать
сезін- чувствовать
сыңайлы похожий
табиғи естественный
талда- анализировать
төн- нависать
ұйым организация
халықаралық международный
ұлттық национальный
шын истинный

Тапсырма 265

Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Қазақстан қанша халықаралық ұйымдарға мүше болды? 2. Парламент Сенатында биыл қандай мәселе қаралды? 3. Табиғи байлыққа қауіп төнгенін Қазақстан сезді ме? 4. Қазақстан Конвенцияға нешінші мүше болады? 5. Қазақстан халықаралық ұйымға Өзбекстаннан бұрын мүше болды ма? 6. Қазақстанда жабайы жануарлар көп пе? 7. Сен жақында Парламентте қаралатын заң жобасымен таныстың ба? 8. Айгүл Мәскеуде қандай ұйымдарға мүше болды? 9. Сен осы университетке бұдан қанша жыл бұрын түстің? 10. Жануарлар туралы заң жобасы Сенатта қай жылы қаралды? 11. Студенттер Қазақстанда болғанда жабайы жануарларды көп көрді ме? 12. Бүгін кітапханада оушылардың үшеуі болды ма, бесеуі болды ма? 13. Омар екеуіне апаң кеше дүкеннен не алып берді? 14. Үйректердің жетеуін хайуанаттар паркіне берген кім?

Урок 42

ФОНЕТИКА

Выпадение гласных на стыке двух гласных

Не все написанные гласные в словах следует произносить!

По законам казахского языка в одном слове рядом два гласных звука стоять не могут. Мало того, если на стыке двух слов, произносимых слитно, встречаются два гласных, один из них выпадает.

Обычно выпадению подвергается конечный гласный первого слова: **бара алмадым** произносится **[баралмадым]** *я не смог пойти*. В этом примере выпал конечный гласный звук в слове **бара**; **жеке адам** произносится **[жекадам]** *отдельный человек*; в этом примере выпал конечный гласный звук первого слова **[е]**.

Выпадению подвергаются иногда звуки и между гласным и звонким: пишется **сары жаз**, читается **[саржаз]** *желтое лето*.

При прибавлении к именам аффикса принадлежности в ряде случаев выпадает узкий гласный, который предшествует последнему согласному основы: **орын + ым = [орным]**, **қауіп + і = [қаупы]**.

ГРАММАТИКА

Категория возможности–невозможности

В казахском языке нет глагола со значением *мочь*. В таком случае как выражать значения русских слов *могу*, *можешь*, *может*, *не могу*, *не можешь*, *не мог* и т.д.?

Для этого есть специальная грамматическая модель. Она состоит из основного глагола в форме на **-а/е/й**, известной вам по форме настоящего времени, и вспомогательного глагола **ал-** *брать*, который принимает на себя все нагрузки форм отрицания, всех трех времен, лица, числа, но лишается лексического значения, превращается в служебный глагол.

Положительная форма аспекта возможности: **айт + а ал-а-мын** *я могу говорить*; **кел + е ал-а-ды** *он может прийти*.

Отрицательная форма — аспект невозможности — образуется посредством прибавления известного аффикса отрицания **-ма/ме**: **айт + а ал-ма-й-мын** *я не*

могу говорить; **кел + е ал-ма-дың** *ты не смог прийти*; **кел + е ал-ма-й-ды** *он не может прийти.*

Наиболее часто встречается выпадение гласных **а**, **е** на стыке двух гласных именно в форме возможности–невозможности, поскольку два компонента модели произносятся слитно: **келе алады** произносится [**келалады**], **бара алмайды** произносится [**баралмайды**] и т.д.

Жаттығу 266

Образуйте формы возможности и невозможности во всех лицах и числах от следующих глаголов и произнесите их правильно — с выпадением конечного гласного первого слова. Сөйлем құраңдар.

Көр, жаз, отыр, кет, бер, жүр, жат, оқы, сатып ал.

Тапсырма 267

Төмендегі мәтінді оқып, дауысты дыбыс түсіп қалған жерлерді көрсетіңдер. Орыс тіліне аударыңдар.

1. Сабыр түбі — сары алтын. 2. Сен апаңнан бүгін бір мың теңге ала аласың. 3. Сағит Сәрсенге базардан жүз теңгеге тоғыз алма әпере алады. 4. Алматыдан келген артистерді біздің студенттер көре алады. 5. Кеше кешке дейін жол жүріп, баратын ауылға жете алмадық. 6. Базардан сатып алған көйлекті Кәрима кие алады. 7. Бақтағы ағаштан бір піскен сары алма жедім. 8. Мейрімді ана баланы жақсы баға алады. 9. Мына ауылға бүгін көп қонақ келіпті. 10. Асан қалаға ерте келе алмады, өйткені жолда автобус болмапты. 11. Егер ертең біздің үйге келе алмасаң, телефонмен хабарла. 12. Біз Алматыда болғанда Абай атындағы опера театрына бара алмадық.

Тапсырма 268

Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер. Дауысты дыбыс түсіп қалған жерлерді көрсетіңдер.

1. Сен ертең біздің стадионға келе аласың ба? 2. Алматыға барғанда Айша Сәрсенді көре ала ма? 3. әскеуге Шымкенттен келген қонақтар Кремльге бүгін кіре ала ма? 4. Сен институтта өткен конференцияға қатыса алдың ба? 5. Оқытушы үйге берген тапсырманы жаттап ала алмадыңдар ма? 6. Биыл Алматыға кім жедел пойызбен бара алады? 7. Астанада болғаныңда қазақ әндерін есіте алдыңдар ма? 8. Университетке Астанадан келген профессорлармен кездесе алдың ба? 9. Ертең университетте сағат он тоғызда Сізбен кездесе аламыз ба? 10. Жаңа киноны теледидардан көре алмадың ба? 11. Бастық кеше берген тапсырманы қызметкерлер орындай алмады ма?

Тапсырма 269

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар. Сұрақтарға қазақша жауап жазыңдар.

1. Завтра я не могу пойти в театр, потому что меня не будет (я не буду) в городе. 2. Если ты приедешь ко мне, мы можем посетить выставку собак.

3. Когда мой друг приехал в Петербург, мы с ним не смогли встретиться. 4. Если Вы не пойдете в парк, не сможете увидеть цирк. 5. Мы можем встретиться с Вами сегодня в 18 часов в метро на станции «Маяковская». 6. Вы (простая форма) не можете найти Айгуль в институте. 7. Айдар смог найти себе хорошую книгу в нашей библиотеке. 8. Мой друг мог поступить в Алматы в хороший университет. 9. Можешь ли ты дать мне ту книгу? 10. Если вы не можете завтра пойти в театр, скажите об этом мне. 11. Кто может рассказать об Алдар Косе студентам? 12. Вы можете сегодня полететь в Астану самолетом?

Сөздік

ағаш дерево
жедел скорый
өйткені потому что
өлең песня, стих
піс- созревать
сабыр терпение

Тапсырма 270

Өлеңді көшіріп жазып алыңдар. Дауыстап оқып, жаттап алыңдар. Орыс тіліне аударыңдар.

★ **Внимание:** учитывая закон гармонии звуков, **сен маған** читайте как **[сем-маған]**; **сен бердің** как **[сембердің]**, **әлдилеп** как **[әлдилеw]**, **сая бақ** — **[саяwақ]**.

Ана туралы жыр

Сөзі Ғ. Қайырбековтікі, әні Ш.Қалдаяқовтікі

1. Әлемнің жарығын
Сыйладың сен маған.
2. Даланың әр гүлін
Жинадың сен маған.
3. Сен бердің құстардың
Қанатын самғаған.
4. Балалық құштарым
Өзіңе арнаған.

Қайырмасы
5. Әлдилеп, аялап
Өсірген жемісің.
6. Самал жел, сая бақ
Құшағың мен үшін.
7. Есейіп кетсем де,
Мен саған сәбимін.
8. Көңіліңді көктемдей
Көзіңнен танимын.

9. Өтеуге борышың
Анашым, жан сырым,
Іздедім сен үшін
Әлемнің асылын.
10. Әлемнің байлығын
Сыйлар ем, кеш мені.
11. Сыйлар ем ай-күнін,
Қолыма түспеді.

Қайырмасы

12. Ете гөр қанағат,
Әзірге берерім –
Балалық махаббат,
Балалық жүрегім.
13. Бол риза, анашым,
Қолдағы осы бар.
14. Өзіңе арнаған
Әнімді қосып ал.

Қайырмасы

Сөздік

арна- посвящать
асыл драгоценный
аяла- оберегать
ән музыка
әлдиле- ласкать
әлем вселенная
әр каждый
борыш долг
есей- взрослеть
ет- делать
жан душа
жеміс плод
жина- собирать
жүрек сердце
кеш- простить
көктем весна
көңіл душа
қайырма припев
қанағат довольство
құшақ объятие
құштар стремление
махаббат любовь
өзіңе тебе самой
өсір- растить
өте- расплатиться
риза довольный
самал прохладный
самға- парить (в небе)
сая защита
сәби ребенок
сыйла- дарить
сыр тайна
таны- узнавать
туралы о
түс- попадать
изде- искать

Урок 43

ГРАММАТИКА

Выражение желания

В казахском языке отсутствует глагол, который по значению соответствовал бы русскому глаголу *хотеть*.

Тем не менее казахи успешно выражают в языке желание совершить какое-либо действие.

Желание выражается аналитической моделью — сочетанием основного глагола в форме с четырехвариантным аффиксом **-қы/ғы/кі/гі** + аффикс принадлежности + вспомогательный глагол **кел-**, который обычно имеет лексическое значение *приходить*, но в данной модели выполняет чисто служебную функцию.

Вспомогательный глагол **кел-** принимает все словоизменительные аффиксы: аффикс отрицания, аффиксы времени, лица, наклонения.

Варианты **-қы/кі** присоединяются к глаголам с конечным глухим звуком: **ат + қы + сы кел + ді** *он захотел стрелять*, **іш + кі + ң кел + ді** *ты хотел пить*.

На практике эта модель выглядит следующим образом: **ал + ғы + м кел + ді** *я хотел взять*, **кет + кі + сі келеді** *он хочет уйти*.

Варианты **-ғы/гі** присоединяются к глаголам, имеющим в конце гласный звук, а также звонкий и сонорный согласный: **Бар + ғы + ң келе ме?** *Ты хочешь пойти?* **Же + гі + сі кел + ме + ді** *Он не хотел есть*.

А когда употребляются мягкие варианты **-кі/гі**, когда — твердые варианты **-қы/ғы**, вы уже знаете из закона нёбной гармонии звуков.

Жаттығу 271

Мына етістіктерді болымды, болымсыз түрлерінде **-қы кел-** тұлғасын қосып жіктеңдер. Сөйлем құраңдар.

Бер, бар, сал, қой, айт, жет, тер, жаз, аш, сана.

Тапсырма 272

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Вчера я хотел пойти в театр, но мой друг не смог прийти. 2. Сегодня Аскар не хочет ехать в Шымкент, он поедет в Туркестан. 3. Мы вместе с профессором хотим завтра ехать в Алматы. 4. Хочет ли твой друг читать книгу, которую я дал ему? 5. Когда Айша приехала в Москву, она не хотела встречаться

с Оспаном. 6. Вы (вежливая форма) хотите нам показать вашу картину? 7. Вы (простая форма) не хотели дать нам интересную книгу. 8. Наш осел не хотел входить во двор. 9. Ты хочешь поехать со мной на автобусе домой? 10. Если Иса не хочет читать эту книгу, отдай ее Оспану. 11. Если Талгат не хочет ехать в Алматы, ты можешь поехать туда? 12. Мы можем пойти в цирк, но там не сможем увидеть осла.

ГРАММАТИКА

Структура слога

В казахском языке существуют как открытые, так и закрытые слоги. Основными типами исконно казахских слогов являются следующие: **Г**, **СГ**, **ГС**, **СГС**, **СГСС** — где **Г** означает гласный звук, **С** — согласный звук.

Ашық буындар — открытые слоги, т.е. слоги, которые в конце имеют гласный звук:

1. **Г** — один гласный, в основном встречается в начале слова: ***а*-та** *дед*, ***ә*-ке** *отец*, ***е*-сек** *осел*. В конце слова не употребляется.

2. **СГ** представляет собой сочетание согласного и гласного. Эта структура встречается во всех позициях в слове: **же** *кушай*, **те-ре-зе** *окно*, **бе-сік** *колыбель*, **ке-ше-гі** *вчерашний*.

Жабық буындар — закрытые слоги, т.е. слоги, которые в конце имеют согласный звук:

3. **ГС** является сочетанием гласного и согласного. Встречается в односложных словах: **ат** *лошадь*, **ек** *посей*, **ал** *возьми*. При добавлении к подобным словам аффиксов с начальным гласным структура слога изменяется, слог превращается в структуру **Г**: **ат + ым = а-тым** *моя лошадь*, **ек + ін = е-гін** *посев*. Сравните: **ек-ті** *он посеял* — структура слога осталась прежней.

4. **СГС** — сочетание согласного, гласного и согласного. Это наиболее распространенный тип слога в казахском языке. Он употребляется во всех позициях в слове: **бес** *пять*, **тас-тақ** *каменистое место*, **жас-тық** *подушка*, **кет-тік** *мы пошли*.

★ В некоторых случаях, например в словах, написанных с буквой **и**, граница слова устанавливается при их произнесении: **тиын = ты-йын**, **жина = жый-на**, **киін = кі-йін**, **оқиға = о-қый-ға** и т.д.

5. **СГСС** — сочетание согласного, гласного и двух согласных.

Другие, более сложные структуры встречаются в заимствованных словах: **ССГСС**. Подобные слова в казахской речи преобразуются согласно слоговой структуре казахских слов. **Фронт** произносится [**пы-ронт**] или, в речи образованных людей, [**фы-ронт**], т.е. слово как бы состоит из двух слогов — структур **СГ** + **СГСС**, обычно присущих казахскому языку.

Жаттығу 273

Мәтінді қазақ тіліне аударыңдар. Сөздерді буындарға бөліңдер.

Жаңа жыл кешінде

1. Бұл Жаңа жыл кешінде болған оқиға еді. 2. Әсия мен Алма ёлканы безендіріп жүр. 3. Әсия кешке әке-шешесімен бірге Жаңа жылды қалай қарсы алатынын айтып мәз мейрам. 4. Ал Алма болса, түрлі түсті ойыншықтарды ёлка бұтақтарына үнсіз іле берді. 5. «Біздің ёлкамыз тамаша болған жоқ па?» — дейді Әсия шаттана. 6. Ёлка шынында да әдемі болды. 7. Алма құрбысының ёлкасын безендіріп болған соң, көңілсіз қоштасып, кетіп қалды.

Нарбинь Кенжегұлова

Сөздік

әдемі красивый
безендір- украшать
буын слог
жаңа жыл Новый год
жауап қайтар- отвечать
кетіп қал- уйти
көңілді весело
көңілсіз невесело
қарсы ал- встречать
қоштас- прощаться
құрбы подруга
құттықта- поздравлять
тамаша прекрасный
түсті цветной
үнсіз молча
шаттан- радоваться
шынында на самом деле
шырша ёлка

Тапсырма 274

Бір-біріне сұрақ қойып, оларға жазбаша жауап қайтарыңдар.

1. Бұл оқиға қашан болды? 2. Әсия Жаңа жылға қуана ма? 3. Сен өткен жылы Жаңа жылда шыршаны безендірдің бе? 4. Түрлі түсті ойыншықтарды шыршаға кім ілді? 5. Шырша мейрамы тамаша болды ма? 6. Жаңа жылды қарсы алу көңілді өтті ме? 7. Үйлеріне Жаңа жылда қанша адам келді? 8. Биыл Жаңа жылды кіммен бірге қайда қарсы аласыңдар? 9. Жаңа жылға сендерге қонақтар көп келе ме? 10. Айнұр Жаңа жылмен кімдерді құттықтапты? 11. Жаңа жылды Мәскеуде қарсы ала аласыңдар ма, жоқ басқа жерде қарсы аласыңдар ма? 12. Қонақтан ерте қайттыңдар ма, кеш қайттыңдар ма? 13. Қонаққа кіммен бірге бардыңдар?

Тапсырма 275

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. Мы каждый год празднуем Новый год. 2. На Новый год всегда украшаем зеленую ёлку разными игрушками, цветами. 3. Мои друзья помогают мне привезти с рынка ёлку и украсить ее. 4. Мы весело проводим встречу Нового года в ночь с 31 декабря на 1 января. 5. К нам приходит много родственников и друзей. 6. Иногда мы встречаем Новый год в гостях у друзей. 7. Тогда мы возвраща-

емся домой утром. 8. В прошлом году мы встречали Новый год в горах Казахстана. 9. В этом году мы можем встретить Новый год в родном городе дома с родителями. 10. После встречи Нового года у нас начинается экзаменационная сессия. 11. В этом году в январе мы сдаем четыре экзамена.

Қайталау тапсырма

Возвращайтесь к уроку 40 и пройдитесь внимательно до этого места, убедитесь, что вам удалось хорошо выучить слова и их грамматические формы и значения.

Урок 44

ЧОКАН ВАЛИХАНОВ

Тапсырма 276

Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңдар. Сөздерге грамматикалық талдау жасаңдар.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиқанов

1. Оның шын аты — Мұхаммедқанафия, 1835-жылы қарашада қазіргі Қостанай облысы, Құсмұрын бекінісінде дүниеге келген. 2. 1865-жылы сәуірде қазіргі Талдықорған облысы, Алтынемелде дүние салған. 3. Шоқанның арғы атасы Абылай хан — Шыңғысхан тегінен. 4. Бала кезінде Құсмұрында мектепте арабша оқып хат таныды. 5. Хан баласы жасынан араб, шағатай тілін, кейін басқа түркі тілдерін хақсы меңгерген, қытайша оқыған. 6. Шығыс әдебиетін көп оқып, білімін дамыта берген.

7. Шоқан — қазақтың ұлы ғалымы, шығыстанушы, этнограф, тарихшы, географ, фольклоршы, ағартушы, демократ. 8. Омбының кадет корпусын 1853-жылы бітіріп, атты әскер корнеті атағын алады. 9. Кадет корпусында орыс мұғалімдерінен жақсы білім алады. 10. Мұғалімдері оған болашақ ғалым, зерттеуші деп қараған. 11. Петербург университетінің тарих-филология факультетінде 1861-62-жылдары орыстың ұлы ғалымдарының лекцияларын тыңдаған.

12. 1855-жылдан бастап Ресей зерттеушілерінің Орта Азияға шыққан экспедицияларына қатысады. 13. Көп материалдар, гербарий жинайды. 14. Фауна мен флораны көп зерттейді. 15. 1856-жылы Қытайға — Құлжаға барған Ресей экспедициясын жасырын атпен басқарады.

16. Тарих, география саласындағы еңбектерінің даңқы Петербург ғалымдарына жетіп, оны 1857-жылы 22 жасында Орыс География Қоғамының толық мүшесі етіп сайлады. 17. 1858-59-жылдары Шоқан саудагер ретінде құпия Қытайда — Қашғарда экспедицияда болып тарихта бірінші рет Ресейден барған ғалым болып, өте көп материалдар жинайды. 18. Сол материалдарды Ресей Бас штабы патшаға тапсырғанда, бұл мейлінше қызықты, мейлінше пайдалы еңбек — деп көрсетілген. 19. Шоқанның еңбектері Ресейлік мемлекет, әскери қайраткерлерге қажетті аса маңызды құрал болып шықты. 20. Шоқан Ф.М. Достоевскиймен дос болды. 21. Сөзге шешен, пікір таласында тапқыр жас жігіт Петербургтің ғылми, әдеби қауымында жұртпен тез достасып кетті.

22. Науқасы асқынған Шоқан 1861-жылы Петербургтен Омбыға оралады.

23. Ағартушы Шоқан Орта Азиядағы феодалдық езгіні, мәдени тоқырауды хан мен бектердің озбырлығын әшкерелейді.

24. 1958-жылы Алтынемелдегі қабірінің басына обелиск орнатылды. 25. Алматыда Ғылым академиясы үйінің алдында Шоқанның үлкен ескерткіші бар.

Сөздік

ағартушы просветитель
арғы ата прадед
асқын- обостриться
әскери военный
әшкереле- разоблачать
баянда- рассказывать
бекініс крепость
болашақ будущий
ғылми научный
дамыт- развивать
даңқ слава
достас- подружиться
жасырын тайный
зерттеуші исследователь
қажетті нужный
қараша ноябрь
қатыс- участвовать
қауым общество
құпия тайно
құрал пособие
мейлінше особо
меңгер- овладеть
науқас болезнь
озбырлық злодеяние
патша царь
пікір таласы дискуссия
сайла- избирать
саудагер торговец
сәуір апрель
тапқыр находчивый
тапсыр- вручать
тегінен из рода
тоқырау застой
толық полный
тыңда- слушать
хат таны- стать грамотным
шағатай чагатайский
шығыстанушы востоковед
шын истинное

Тапсырма 277

Бір-біріне мына сұрақтарды қойып, оларға жазбаша жауап беріңдер.

1. Шоқан кедейдің баласы ма, ханның баласы ма? 2. Ол шығыс әдебиетін оқыды ма? 3. Ол орыс тілін жақсы білді ме, оны қайда үйренді, қайда білім алды? 4. Петербург университетінде кімнің лекцияларын тыңдады? 5. Қай жылдары қайда экспедицияға қатысты? 6. Шоқан Қытайға жасырын барды ма, ашық барды ма? 7. Шоқанның Қытайдан әкелген материалдарын Ресей Бас штабы қалай бағалады? 8. Сен Алматыға барғанда Шоқанның ескерткішін көрдің бе? 9. Студенттер Қазақстанда болғанда Шоқанның туысқандарымен кездесті ме? 10. Шоқанның Қашғарға жасаған саяхаты туралы оқыдыңдар ма? 11. Мәскеудің кітапханаларында Шоқанның кітаптары бар ма?

Тапсырма 278

Жоғарыдағы мәтіннің мазмұнын қысқаша баяндаңдар.

Тапсырма 279

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар. Сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. Родители Шокана Шынгысовича Валиханова дали ему имя Мухаммедханафия. 2. Он родился в ноябре месяце в крепости. 3. В детстве в школе он научился арабской грамоте. 4. Он был корнетом кавалерии? 5. Шокан участвовал в научных экспедициях российских исследователей в Центральной Азии. 6. Под тайным именем он первым из России проник в западный Китай. 7. Шокан дружил с русским писателем Федором Достоевским. 8. В Алматы, перед Академией наук мы видели памятник Шокану Валиханову. 9. В Казахстане произведения Шокана Валиханова изданы в скольких томах? 10. Мы читали книги Шокана в московских библиотеках. 11. Когда вы будете в Казахстане, пойдете к его памятнику перед зданием Академии наук? 12. Мы тоже учили арабский язык, читали восточную литературу.*

* Шокан (Чокан).

Урок 45

ГРАММАТИКА

Келер шақ ✦ Будущее время

Будущее время в казахском языке выражается тремя формами, имеющими разные дополнительные модальные значения. Одну из них вы уже знаете — о ней шла речь при рассмотрении настоящего времени. Это форма на **-а/е/й**.

Кроме нее будущее время имеет еще две формы.

Болжалды келер шақ ✦ Будущее предположительное время

Форма этого времени образуется посредством трехвариантного аффикса **-р/ ар/ер**. В дальнейшем ее будем называть «форма на **-р**».

Вариант **-р** присоединяется к глаголам с конечным гласным: **қара + р**, **оқы + р**, **жібі + р**. Варианты **-ар/ер** — к глаголам с конечным согласным: **бар + ар**, **кет + ер**.

Глагол в этой форме выражает 3-е лицо как единственного, так и множественного числа. Другие лица принимают соответствующие аффиксы лица.

Глаголы в этой форме выражают действие, которое по мнению говорящего может совершиться или не совершиться. По значению предложения с этой формой соответствуют русским предложениям со словами *возможно, может быть, вероятно*: **Мен келесі жылы Астанаға бар + ар + мын** *Возможно, в будущем году я поеду в Астану*. **Ертең институтқа келерсің** *Может быть, ты завтра придешь в институт*.

Значение приведенных русских слов в казахском соответствует также слову **мүмкін**. При употреблении формы на **-р** может присутствовать и это слово: **Мүмкін, мен Алмаға мұны айтармын** *Может быть, я это скажу Алме*.

Отрицательная форма образуется с помощью известного аффикса **-па/пе/ба/бе/ма/ме**.

★ При образовании отрицательной формы происходит редкое явление — конечный звук аффикса **-р** переходит в **-с**: **айт + па + с**, **сез + бе + с**, **көр + ме + с**, **бар + ма + с** вместо ожидаемых **айт-па-р**, **сез-бе-р** и т.д. В отрицательной форме все три варианта аффикса превращаются в один звук **-с** на все случаи.

Болжалды келер шақтың жіктелу кестесі

	Жекеше	Көпше
1 жақ	оқы-р-мын, кел-ер-мін	оқы-р-мыз, кел-ер-міз
2 жақ анайы 2 жақ сыпайы	оқы-р-сың, кел-ер-сің оқы-р-сыз, кел-ер-сіз	оқы-р-сыңдар, кел-ер-сіңдер оқы-р-сыздар, кел-ер-сіздер
3 жақ	оқы-р, кел-ер	оқы-р, кел-ер

Жаттығу 280

Мына етістіктерге болжалды келер шақтың жалғауын қосып, болымды және болымсыз тұлғаларда жіктеңдер. Сөйлем құраңдар.

Айт, кел, істе, баста, қал, қартай, жасар.

Жаттығу 281

Көп нүктенің орнына болжалды келер шақтың тиісті жалғауын қосыңдар. Орыс тіліне аударыңдар.

1. Келесі жылы біз ауылға бар...мыз. 2. Амандық болса, екі жылдан кейін сендер де университетті бітір...сіңдер. 3. Биыл сендер Америкаға бара алма...сыңдар. 4. Олар ертең Астанадан Мәскеуге келіп қал... 5. Сіздер де биыл Астананы көр...сіздер. 6. Сендер ол артисті Алматыда келесі жылы көрме...сіңдер. 7. Былтыр Шымкентте институтты бітірген студенттер биыл жазда Мәскеуге кел... 8. Бүгін кешке Айшалар паркке келме... 9. Мына кітапқа ақшаны кассаға төле...міз. 10. Біз Алматыда болғанда Қазақстанның Орталық мұражайына кір...міз. 11. Мен де бүгін сендермен бірге кинога бар...мын. 12. Біз мына қиын кітапты оқи алма...пыз. 13. Оқытушы үйге берген тапсырманы бүгін жазып бітір...міз. 14. Кешегі бастық берген жұмысты Оспандар бүгін бітірме...

Сөздік

азамат молодец
ар честь
аруана высокопородная верблюдица
асық- торопиться
барымта грабеж
бауыр живот, брюхо
біт- закончиться
дәм пища
жалын- просить
жамандық зло
жасар- молодеть
жорт- бегать
жуса- отдыхать
жұмсақ мягкий
жұмыс работа
зиян убыток
келесі будущий
кешегі вчерашний
көңіл тол- быть довольным
күңірен- рыдать
қартай- стареть (*о человеке*)
қи- желать
қоян заяц
мая верблюдица
отта- пастись
піс- свариться, созревать
талау грабеж
тек только

Тапсырма 282

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. Возможно, мы сегодня не пойдем в парк, а пойдем в музей. 2. Может быть, завтра ты сможешь выполнить это задание. 3. Возможно, в будущем году вы будете в Лондоне. 4. Возможно, завтра в это время вы (простая форма) в парке увидите крокодила. 5. Может быть, он сегодня не придет к нам. 6. Возможно, Вы завтра нас не увидите в этом городе. 7. Может быть, в этом году мы с друзьями сможем поехать в Караганду. 8. Если вы придете ко мне, возможно, мы пойдем к реке. 9. Возможно, Вы не сможете встретиться с моим отцом в Костанае. 10. Когда вы будете в Туркестане, возможно, вас повезут в Арыстанбап. 11. Если у нас не будет машины, возможно, мы не сможем поехать в лес.

Тапсырма 283

а) Мақал-мәтелдерді жазып алып, орыс тіліне аударыңдар. Жаттап алыңдар.

1. Асыққан кісі зиянға келер, асықпаған арбамен қоян алар.
2. Біткен іске сыншы көп, піскен асқа жеуші көп.
3. Жаманның ісіне көңілің толмас, жақсыға жалынсаң, жамандыққа қимас.
4. Аруана мая күңіренер, бауырынан өлсе баласы.

ә) Орыс тіліне аударыңдар, -р тұлғалы сөздерді талдаңдар.

1. Азамат ердің баласы
Аз оттар да көп жусар —
2. Талаудан татқан дәмі бар.
3. Азамат ердің баласы
Аз ұйықтар да көп жортар —
4. Дұшпанға кеткен ары мен
Барымтаға түскен малы бар.

Махамбет

★ Форма на **-р** имеет и функцию причастия как настоящего, так и будущего времени. В этом случае она не принимает аффиксов лица: **кел-ер қонақ** *приходящий гость, гость, который придет*; **айт-ар сөз** *высказываемое слово, слово, которое будет высказано.*

★ Сочетаясь со служебным глаголом **еді-**, форма на **-р** выражает как будущее действие с сослагательным значением, так и прошедшее повествовательное значение: **Айтар едім** *Я сказал бы.* **Көрер едім** *Я увидел бы.* **Сол жылдары Асқар мал бағар еді** *В те годы Аскар, бывало, пас скот.*

Урок 46

ГРАММАТИКА

Мақсатты келер шақ ✦ Будущее время намерения

Мақсатты келер шақ выражает действие, которое говорящий намеревается совершить в будущем. По значению оно соответствует русским словосочетаниям со словами *намерен, хочу*.

Оно образуется посредством аффикса **-пақ/пек/бақ/бек/мақ/мек,** присоединяемого к глагольной основе: **айт-пақ** *он намерен говорить*, **кездес-пек-пін** *я собираюсь встретиться*; **жаз-бақ** *он намерен, хочет писать*; **бар-мақ** *он намерен пойти, собирается идти*; **кел-мек** *он намерен, собирается прийти*. Фонетические условия вариантов этого аффикса аналогичны условиям гармонии звуков при вопросительных частицах **-па**, **-пе**, **-ба**, **-бе**, **-ма**, **-ме**.

Эта форма, не осложненная аффиксами других лиц, выражает 3-е лицо: **айт + пақ** *он намерен, собирается сказать*; **кел + мек** *он намерен, собирается прийти*; **жаз + бақ** *он намерен, хочет писать*.

Отрицательная форма образуется аналитически сочетанием со служебным словом **емес**, которое принимает все необходимые аффиксы, освобождая глагол от них: **айт + пақ + емес** *он не намерен, не собирается говорить*; **айтпақ емес + пін** *я не намерен, не собираюсь говорить*; **айтпақ емес + сіз** *вы не намерены, не собираетесь говорить*.

Поскольку как положительная, так и отрицательная форма оканчивается на глухой согласный, количество вариантов аффиксов лица значительно уменьшается. В положительной форме существуют два варианта: по мягкости и твердости, а в отрицательной лишь одна форма — по мягкости.

Мақсатты келер шақтың жіктелу кестесі

	Жекеше	Көпше
1 жақ	оқы-мақ-пын, кел-мек-пін	оқы-мақ-пыз, кел-мек-піз
2 жақ анайы 2 жақ сыпайы	оқы-мақ-сың, кел-мек-сің оқы-мақ-сыз, кел-мек-сіз	оқы-мақ-сыңдар, кел-мек-сіңдер оқы-мақ-сыздар, кел-мек-сіздер
3 жақ	оқы-мақ, кел-мек	оқы-мақ, кел-мек

Болымсыз түрінде **емес** тек жұмсақ жалғаулар қабылдайды.

	Жекеше	Көпше
1 жақ	оқы-мақ емес-пін	оқы-мақ емес-піз
2 жақ анайы 2 жақ сыпайы	оқы-мақ емес-сің оқы-мақ емес-сіз	оқы-мақ емес-сіңдер оқы-мақ емес-сіздер
3 жақ	оқы-мақ емес	оқы-мақ емес

К этой форме может присоединиться аффикс **-шы**, что несколько усиливает значение намерения: **Мен айт-пақ + -шы-мын** *Я (решительно) намерен сказать.* **Біз Қызылордаға бармақшымыз** *Мы намерены ехать в Кзыл-Орду (это уже решили).* **Айгүлдер Мәскеуге келмекші** *Айгуль с друзьями намерены (это уже решено) приехать в Москву.*

Жаттығу 284

Мына етістіктерден мақсатты келер шақтың (**-пақ, -пақшы**) болымды, болымсыз түрлерін жасап, жіктік жалғауларын қосыңдар. Сөйлем құрап, жазып алыңдар.

Сал, таста, қой, көр, құттықта, жібер, көркемде.

★ Форма на **-пақ** иногда может выполнять функции причастия: **айтыл-мақ сөз** *высказываемое слово*, **ақтар-мақ сыр** *выдаваемые тайны.*

Тапсырма 285

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар. Сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. После окончания университета я намерен поступить в аспирантуру Академии наук. 2. Ты собираешься сегодня пойти в театр? 3. Мы намерены рассказать это нашему профессору. 4. Вы (вежливая форма) собираетесь в этом году поехать в Алматы? 5. Я не намерен выступать с докладом на будущей конференции. 6. Мой друг собирается в будущем году приехать в Москву. 7. Вы (простая форма) намерены в этом году поступить в аспирантуру университета? 8. Они сегодня не намерены идти в парк.

ГРАММАТИКА

Күмәнді өткен шақ ✦ Прошедшее неочевидное время

-п/ып/іп + аффикс лица

Эта форма прошедшего времени выражает действие, которое совершилось без ведома говорящего — он не был его очевидцем, говорящий о нем знает с чужих слов: **Жамал Алматыға бар-ып-ты** *Говорят, что Жамал ездила в Алматы.* Предложение означает, что говорящий о поездке Жамал в Алматы знает с чужих слов, он не был очевидцем этого события. **Мен сол кітапты оқы-п-пы** *Якобы я читал ту книгу.* Говорящий утверждает этим, что он на самом деле не читал ту книгу, а люди говорят, что читал.

В русском языке значение этого времени выражается сочетанием определенных модальных слов.

Вариант **-п** прибавляйте к любому глаголу с конечным гласным: **қара + п, төле-п.**

Варианты **-ып, -іп** — после конечных согласных соответственно к твердым и мягким основам глагола: **ал + ып, бер + іп, кет + іп**.

Часто эта форма времени употребляется в сказках и повествованиях о прошлом.

Жіктелу кестесі

	Жекеше	Көпше
1 жақ	-п/-ып/-іп + пын/пін	-п/-ып/-іп + пыз/піз
2 жақ анайы 2 жақ сыпайы	-п/-ып/-іп + сың/сің -п/-ып/-іп + сыз/сіз	-п/-ып/-іп + сыңдар/сіңдер -п/-ып/-іп + сыздар/сіздер
3 жақ	-п/-ып/-іп + ты/ті	-п/-ып/-іп + ты/ті

Жаттығу 286

Мына сөздерге күмәнді өткен шақ жалғауын қосып, жіктеңдер. Сөйлем құрап, орыс тіліне аударыңдар.

Оқы, жаз, кел, сөйле, сатып ал, қой, тап (при присоединении аффикса **-п** слово переходит в *тау*), *жап* (переходит в *жау*), *кеп* (переходит в *кеу*).

Жаттығу 287

Көп нүктенің орнына күмәнді өткен шақ жалғауын қосыңдар. Орыс тіліне жазбаша аударыңдар.

1. Біздің аталарымызда байлық мол бол...ты. 2. Сыйырды далаға Оспан айда...ты. 3. Ол Омардан бүгін он екі тиын ал...ты. 4. Өткен жылы студенттер Институтқа жиі кел...ті 5. Сен Әлиядан жүз теңге ал...сың. 6. Мен түсімде жүздей қасқыр көр...пін. 7. Сендер үшінші курста оқыганда, менің танысым екінші курста оқы...ты. 8. Өткен жылы Алматыда фестивалда көптеген өте жақсы фильмдер көрсетіл...ті.

Тапсырма 288

Орыс тіліне аударыңдар **-п** тұлғасындағы сөздерді, басқа да етістіктерді тауып, талдаңдар.

Жыл басы

1. Ерте заманда хайуанаттар жыл басы болуға таласыпты. 2. Сонда жылқы айтыпты:

3. — Мен алысты жақын қыламын. 4. Күшімді болса, көреді, сүтімді болса, ішеді, қылыма шейін арқан, жіп еседі. 5. Адамға менен пайдалы мал жоқ. 6. Жыл басы мен боламын, — дейді.

7. Сонда түйе айтыпты:

— Мен сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айшылық жерлерге барамын, аш болдым деп жем сұрамаймын. 8. Не кез келсе, соны қорек етіп, табылса су ішіп, табылмаса шөлде де жолға жүре беремін. 9. Жыл басы болу маған лайық, — дейді.

10. Сонда сыйыр:

— Адам егін ексе, менімен егеді, сүтімді ішеді, одан құрт, май алады, жыл басы болу маған лайық, — депті.

11. Сонда қой:

— Менің жүнімнен адам киім тігеді, сүтімді ішеді, шаруаға менен пайдалыларың жоқ, — дейді.

12. Сонда ит:

— Мен сендердің баршаларыңның қорғаушысымын, дұшпан көрінсе абалап үріп, иеме хабар беремін, — дейді.

13. Сонда әтеш:

— Мен болмасам, барлық кісі жұмысына бармай ұйықтап қалар еді, кеш болса, жатар мезгіл болды деп тағы шақырамын, — дейді.

14. Сүйтіп әртүрлі жануарлар таласа беріпті, таласа беріпті.

15. Тышқан бір қулық ойлап тауыпты.

16. — Жылды қарап тұрайық та, кім оны бұрын көрсе, сол жыл басы болсын, — депті.

17. Бәрі соған келісіпті. 18. Бойы биік түйе өз бойына сеніп, — менен бұрын жылды кім көреді, — деп ойлапты.

19. Өзгелері жылды қарап тұрғанда, тышқан түйенің үстіне шығып, өркешіне мініп, ең биікте отырады. 20. Ол бәрінен бұрын жылды көріп, басқаларға хабарлап, жыл басы болыпты.

Сөздік

ақырында в конце
алыс даль
ауыр тяжесть
әтеш петух
барша все
барыс барс
биік высокий
болуға чтобы стать
бұрын раньше
доңыз свинья
егін хлеб (*на корню*)
ек- сеять
ерте заманда давным-давно
ес- вить, плести
жыл басы начало года
жылан змея
жылқы лошадь
жүн шерсть
жіп веревка, нитка
ие хозяин
келіс- согласиться
көрін- показываться
көтер- поднимать
қорғаушы защитник
қорек питание
қулық хитрость
құрт сушеный сыр
қыл- делать
қыл волос (*хвоста*)
лайық подходящий
май масло
мезгіл время, пора
пайдалы полезный
мешін обезьяна
мол много, обильно
ойла- думать
ойлап тап- придумать
өзге другой
өркеш горб
сен- верить
сүйтіп таким образом
табыл- найтись

тағы еще
талас- спорить
тышқан мышь
ұлу дракон
ұмыт- забывать
үстіне на
хайуанат животное
шақыр- петь (*о петухе*)
шаруа хозяйство
шейін до
іш- пить

Тапсырма 289

Бір-біріне сұрақтар қойып, жазбаша жауап беріңдер.

1. Ертеде хайуанаттар не үшін таласыпты? 2. Жылқы неге — Мен жыл басы боламын, — депті? 3. Сыйыр неге жыл басы болу оған лайық деген? 4. Тышқанның айтқанына жануарлардың бәрі келісті ме? 5. Қай жануар жыл басы болыпты? 6. Жыл басы Тышқан болғанын барлық студенттер біле ме? 7. Түйе бойына сеніп, жыл басы бола алмағанын ұмытпайсыңдар ма? 8. Он екі жылдың аттарын білесіңдер ме? 9. Білсеңдер айтып беріңдерші. 10. Олар мыналар: Тышқан, Сыйыр, Барыс, Қоян, Ұлу, Жылан, Жылқы, Қой, Мешін, Тауық, Ит, Доңыз. 11. Сен қай жылы тудың? 12. Досың қой жылы туды ма, мешін жылы туды ма? 13. Абылайдың қай жылы туғанын кім біледі?

Урок 47

ГРАММАТИКА

Есімше ✦ Форма на -атын

Она имеет четыре варианта: **-атын/етін/йтын/йтін**. Эту форму обычно в учебных пособиях вы встретите под названием «причастие настоящего времени».

Первые два варианта присоединяются к глаголам с конечным согласным: **бар + атын**, **кет + етін**, а последние два варианта присоединяются к глаголам с конечным гласным: **қара + йтын, сөйле + йтін**.

А к каким основам присоединяются твердые: **-атын/йтын** и мягкие варианты: **-етін/йтін**, вы уже знаете — это зависит от действия закона нёбной гармонии звуков.

После аффикса отрицания эта форма имеет лишь два варианта: **-йтын, -йтін: бар-ма + йтын, қара-ма + йтын, кет-пе + йтін, сөйле-ме + йтін.**

> **Запомните!** «Причастие» лишь одна из функций этой формы, поскольку она имеет еще несколько грамматических функций.

1. **-атын** образует имя действия, которое принимает словоизменительные аффиксы имени, в основном принадлежности и падежей, и образует синтаксическую конструкцию, соответствующую русским придаточным предложениям: **Оразбек ертең ауылға бар + атын + ы + н маған кеше айтты** *Оразбек вчера мне сказал, что он завтра поедет в аул*. В этом примере имя действия на **-атын** имеет аффикс принадлежности 3-го лица и аффикс винительного падежа. **Нәзірдің бүгін қалаға кел + етін + і + не мен сенбедім** *Я не верил, что Назир сегодня приедет в город*. В этом примере имя действия на **-атын** принимает аффикс принадлежности 3-го лица и аффикс направительного падежа. **Сен оның айт + атын + ы + нан қорықпа** *Ты не бойся того, что он скажет*. Здесь имя действия стоит в исходном падеже.

2. **-атын** образует форму, которая по значению близка к русскому причастию настоящего времени: **баратын ауыл** *аул, в который едут*, **көретін кино** *кино, которое следует смотреть*, и т.д. Иногда значение этой формы почти совпадает со значением русского причастия: **баратын адам** может быть переведено как *едущий человек*, **беретін студент** — *дающий студент*.

3. **-атын** образует прошедшее время; в этом случае эта форма принимает аффиксы лица: **Мен ауылға бар + атын + мын** *Я обычно ездил в аул*.

4. **-атын** в сочетании со служебным глаголом **еді-** образует две формы времени: а) давнопрошедшее время: **Мырзабек ауылға көп баратын еді** *Мырзабек*

раньше много ездил в аул; б) неосуществленное будущее время: **Мен ауылға баратын едім, көлік болмады** *Я собирался поехать в аул, но не было транспорта.*

Все эти функции и их значения проявляются в контексте.

★ При присоединении к глаголам с конечным **-ы** аффикса **-йтын** сочетание **ы + й, і + й** по орфографическим нормам казахского языка передается одной буквой **и: оқы-** *учить, читать*, **оқы + йтын = оқитын; шұқы-** *ковырять*, **шұқы + йтын = шұқитын; жібі-** *смягчаться*, **жібі + йтін = жібитін**.

Форма на -атын в функции причастия (есімше)

В этой функции слова с аффиксом **-атын** выступают в роли определения перед именем существительным. Обычно слова в этой форме следует переводить словосочетанием, в котором участвует слово *который:* **мен беретін ақша** *деньги, которые я даю (дам)*; **сабақ беретін профессор** *профессор, который дает урок.*

Слова с **-атын** в некоторых случаях можно передавать и русским причастием на *-ущий/ющий*: **сабақ беретін оқытушы** *преподаватель, дающий урок*; **дүкенге жіберетін кісі** *человек, посылающий в магазин*. В приведенных примерах это возможно потому, что определяемое имя является активным субъектом. А когда определяемое слово — пассивный предмет, иногда форму можно передавать на русский язык страдательным причастием. Например: **мен алатын жалақы** *получаемая мной зарплата.*

Нередко форма на **-атын** имеет значение намерения: **мен айтатын сөз** *слово, которое я намерен сказать*; **сен баратын жер** *место, куда ты собираешься ехать.*

Жаттығу 290

Етістіктерге **-атын** жалғауын қосыңдар, етістікті зат есімге тіркеп, мағынасын ашыңдар. Сөйлем құрап жазыңдар.

Айт, жібер, келтір, төле, тарт, тазала, жу, сат.

Жаттығу 291

Орыс тіліне аударыңдар. Көп нүктенің орнына -атын жалғауын қосып, жазып алыңдар. Сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. Мен оқы... кітапты Алмас алып кетіпті. 2. Сен кел... күні институтта жиналыс болды. 3. Алматыға кет... пойызға біздің университеттен көп студент мінді. 4. Болаттар бар...ауылдың аты қазір өзгерген. 5. Сендер көр... көрме жабылып қалыпты. 6. Профессор сөйле... сөзін дәптерге жазбай айтты. 7. Жылын... күн ертең келмекші. 8. Атамыз бізге мешін жылы кел...ін апама айтыпты. 9. Бұрын аталарымыз жылан мен жылқы жылы қиын жылдар, ал қой жылы тыныштық жылы деп есепте... еді. 10. Сен Омардың диссертация қорға... күнін білесің бе? 11. Бала кезімде мен ауылға жиі бар... едім. 12. Сен оқы... кітап әлі менде жоқ. 13. Бұрын Айша мектепке кең көшемен бар..., енді тар көшемен барады. 14. Мен ертең дүкеннен ал... кітап жаңа шыққан қызық кітап.

Тапсырма 292

а) Өлеңді орыс тіліне жазбаша аударыңдар, жаттап алыңдар.

Произношение: **көкала** произнесите [көгала], **жан беретін** — [жамберетін], **тән беретін** — [тәмберетін], **мейірімді ана** — [мейірімдана], **сен ғана** — [сеңғана].

1. Кеңсің, дала,
Туған ана,
Көйлегің кең көкала.
2. Жан беретін,
Тән беретін
Мейірімді ана, сен ғана.

Сәкен Сейфуллин

ә) Мәтелдерді дәптерге жазып, орыс тіліне аударыңдар. Жаттап алыңдар.

1. Айыратын жаман бар, қосатын жаран бар.

2. Кісі болар баланың кісісінен белгілі, ат болатын құлынның мүшесінен белгілі.

Сөздік

айыр- разделять
ал а
ана лишь
әлі еще
дала степь, поле
дүкен магазин
есепте- считать
жан душа
жаран молодец
жібер- посылать
келтір- привести
көйлек платье
көкала сине-пестрый
қорға- защищать
қос- соединять
құлын жеребенок
мейірімді добрый
мүше часть тела
сат- продавать
секір- прыгать
тазала- чистить
тар узкий
тарт- тянуть, курить, играть на музыкальном инструменте
тән тело
шық- быть опубликованным

Тапсырма 293

Қазақ тіліне -атын тұлғасын пайдаланып, жазбаша аударыңдар

1. Книга, получаемая нами в библиотеке, интересная. 2. Слова, которые Асан намерен сказать на собрании, он записал в тетрадь. 3. Омар ему не сказал, что скоро поедет в родной аул. 4. Зарплата, которую ты получаешь на работе, небольшая. 5. Когда Айгуль была студенткой Казахского государственного университета, она часто ездила в Москву. 6. Преподаватель, который нас учит арабскому языку, сегодня пришел в аудиторию рано. 7. Широкое платье, которое Айгуль дает Айше, Аскар купил вчера в нашем магазине. 8. Я не знал, что Оспан возьмет меня с собой в дорогу. 9. Я не боюсь, что Самат придет ко мне. 10. Преподаватель, дающий нам урок английского языка, сегодня в аудиторию пришел рано. 11. Человек, посылающий мальчика за молоком, это его отец.

ФОНЕТИКА

Ассимиляция [п]/[б]/[w]

При поиске в словаре некоторых слов, встречающихся в тексте, вы можете встретить некоторые затруднения, поскольку слова пишутся согласно современной орфографии.

Например, подобные трудности вызывает изменение звука [п] в позиции между гласными, сонорными, звука [б] — при глухих звуках.

[П] переходит в [б]: в словаре — **қа*п*** *мешок*, а в тексте **қа*п* алдым** *я взял мешок*, но **менің қа*б*ым** *мой мешок*. Слово **қабым** произносится [**қаwым**].

Глаголы, оканчивающиеся на **-п**, типа: **тап-** *находить*, **жап-** *закрывать*, **қап-** *кусать* — в традиционных словарях вы найдете в форме **табу**, **жабу**, **қабу**, то есть, передавая на письме изменение звука, вместо [п] пишут [б].

[П] переходит в определенной позиции также в согласный звук [w], который на письме передается гласной буквой **у**, например: те же глаголы при присоединении к ним аффикса деепричастия приобретают следующую форму: **тап + ып** пишется **тау + ып**, **жап + ып — жау + ып**, **қап + ып — қауып.**

Под влиянием предыдущего глухого звука начальный звук следующего слова [б]- переходит в [п-], однако это не отражается на письме: **алып берді** произносится **алып + перді**. Собственное имя, состоящее из двух элементов, пишется **Айт + бай**, произносится [**айт**] + [**пай**].

Начальный [б], попадая в позицию между гласными, переходит в [w], но это не отражается на письме: **келе + берді** произносится [**келе**] + [**wерді**].

На законе прогрессивной ассимиляции построены правила присоединения вариантов аффиксов: **-па/пе/ба/бе/ма/ме**, **-та/те/да/де**, **-тар/тер/дар/дер/лар/лер** и т.д.

Жаттығу 294

а) Мына сөздерге тәуелдік жалғауларын қосыңдар. Дыбыс өзгерісін көрсетіңдер. Сөйлем құрап, жазыңдар.

Топ, қап, есеп, жіп, сап, Ережеп.

ә) Мына етістіктерге осы шақ жалғауын, **-ып/іп/п** жалғауын қосыңдар. Дыбыс өзгерісін көрсетіңдер. Сөйлем құраңдар: *Тап, теп, кеп, қап.*

Жаттығу 295

Орыс тіліне аударыңдар [п]/[б]/[w] өзгерістерін тауып, талдаңдар.

1. Кеше институтта директордың жылдық есебін тыңдадық. 2. Киімі жаманды ит қабады, мінезі жаманды құдай табады (поговорка). *3. Сен бұл кітапты қайдан тауып алдың? 4. Алматыдан келген артістер тобында менің танысым болды. 5. Далада ойнап жүрген бала добын жоғалтты. 6. Жылқының артында тұрма, теуіп жіберуі мүмкін. 7. Кешегі дүкеннен алған нан ертеңге дейін кебер. 8. Ауылға барғанда, байқа, ит қауып кетпесін. 9. Алматыға барсаң, менің студенттік досымды таба аласың. 10. Тоқтардың берген жібін мен бүгін жоғалтып алдым. 11. Кеше қоймадан сатып алған жемді мен жаңа қабыма салдым. 12. Бүгін Иса жер қазған кезде күрегінің сабы сынып қалыпты.*

Тапсырма 296

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар. Дыбыс өзгерістерін сақтаңдар.

1. Вчера собака нашего соседа хотела укусить Самата. 2. Сегодня в театре я не мог найти моего друга Аскарбека. 3. Мешок Айши оказался больше мешка Галии. 4. Наша группа из семнадцати студентов в прошлом году ездила в город Атбасар. 5. Своей веревкой я не мог привязать нашу собаку. 6. Ручка железной лопаты, которую дал нам рабочий, сегодня сломалась. 7. Если хлеб оставить на столе, он засохнет. 8. Ручка моей лопаты была длинной. 9. Счет соревнования был небольшой. 10. Когда я вхожу в дом, то закрываю дверь, а мальчик не закрывает дверь. 11. Собака Айши не смогла укусить моего друга за ногу.

Сөздік

есеп счет
жоғалт- терять
жіп веревка
кеп- сохнуть
күрек лопата
қаз- копать
қап мешок
сап рукоять
сын- ломаться
тап- находить

Қайталау тапсырма

Вернитесь к уроку 44 и проверьте до этого места, как вы выучили тексты, слова и грамматику.

Урок 48

ГРАММАТИКА

Көмекші есімдер ✦ Служебные имена

В казахском языке отсутствуют предлоги. Как же в таком случае выражать те значения и функции, которые имеют в русском языке широко употребительные предлоги?

Для этого в казахском языке применяются служебные имена и послелоги, которые по значению и функции соответствуют русским предлогам. Помимо них русским предлогам соответствуют и некоторые падежные формы.

Основные служебные имена — это имена, которые имеют и лексическое значение:

алд перёд, передняя часть
арт зад, задняя часть
аст низ, нижняя часть
бас вершина, начало, исток
бой тело, рост
жақ сторона, щека, бок
жан бок, сторона
қарсы противоположная сторона
қас сторона, близкое пространство
соң конец
сырт внешняя сторона
тыс изнанка, внешность
үст верх, верхняя часть
іш нутро, внутренность

Служебные имена употребляются с аффиксом принадлежности всех трех лиц единственного и множественного числа и в основном падеже, в форме пространственных падежей (направительного, местного и исходного). Они могут принимать аффикс множественного числа: **Олардың қас + тар + ы + нда біраз арба тұр** *Рядом с ними стоит несколько телег.*

Они склоняются как имена в притяжательном склонении.

Служебные имена выражают различные пространственные отношения и привязаны к определенному лицу и числу; обычно они произносятся слитно с основным именем, с которым сочетаются. Условно служебные имена можно поделить на три группы.

1. Служебные имена горизонтального отношения: **алд-ы-нда** *впереди, перед ним*, **алд-ы-нан** *спереди*, **алд-ы-мен** *передней стороной*, **алд-ым-да** *передо мной*, **алд-ың-да** *перед тобой*, **алд-ымыз-да** *перед нами*, **алд-ымыз-ға** *к нам вперед*, **алд-ымыз-дан** *впереди нас* и т.д.; **арт-ы-нда** *позади, сзади, за*; **жағ-ы-нда**, **жан-ын-ан** *около, возле*; **қас-ын-а** *к, рядом, около, возле*; **бой-ы-мен** *вдоль.*

2. Служебные имена вертикального отношения: **аст-ы-нда** *внизу, под*; **аст-ы-нан** *снизу*; **үст-і-не** *наверх, на, над*; **бас-ы-нан** *с начала, с вершины, с истока.*

3. Служебные имена внутреннего и внешнего отношения: **іш-і-нде** *внутри, в течение, в*; **іш-і-нен** *изнутри*; **тыс-ы-нда, сырт-ы-нда** *вне, за.*

Обычно они употребляются в сочетании с именами существительными и местоимениями в форме родительного падежа: **үстелдің жанына** *к столу, за стол*; **тақтаның алдында** *перед доской*; **үйдің қас-ы-нан** *от дома.*

Жаттығу 297

Оқып, көмекші сөздерді талдаңдар. Орыс тіліне аударыңдар.

1. Мен үстел жанында Ғалиямен бірге отырмын. 2. Орындықтың астынан доппен ойнаған мысық шықты. 3. Кеше мен университеттің қасында дүкенде саған бір мың екі жүз теңге бердім. 4. Біздің үйдің артында жиырма қадам жерде үлкен бақ бар. 5. Сол бақтың ішінде балалар қыста да, жазда да ойнайды. 6. Біз жазда ауылдағы тамның үстінен жерге секіреміз. 7. Қораның ішіне студенттер өте көп жиналды. 8. Менің кітабымның тысына біреу жазу жазыпты. 9. Біз тұратын көшенің сол жағында үлкен кітап дүкені орналасқан. 10. Асандардың үйінің қарсысында біз жиі баратын үлкен мейрамхана бар. 11. Ауылдың сыртында үлкен көл бар, сонда үйректер көп болатын еді. 12. Біздің үйдің қасынан былтырдан бастап машина жүрмейді. 13. Сабақтың соңында оқытушы бізге біраз тапсырма берді.

Тапсырма 298

Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер. Көмекші сөздерді талдаңдар.

1. Сен қыздың жанына отырасың ба, жігіттің жанына отырасың ба? 2. Доп сыйырдың астында жатыр ма, есектің үстінде ме? 3. Айжан қашан Қаратаудың ар жағына экскурсияға барды? 4. Алматының бергі жағына қандай қала салынды? 5. Төсектің үстінен ит секірді ме, мысық секірді ме? 6. Үйіннің сыртынан жақын жердегі гүл бақшасы көріне ме? 7. Осы қазанның ішіне апаң қанша кило ет салды? 8. Асандар Алматыға барғанда алдарынан кім шықты? 9. Университеттің жанында қандай метро станциясы бар? 10. Алатаудың бергі жағында алма бақтары көп пе? 11. Айшаның үйінің жанынан қандай автобус өтеді? 12. Ғылым Академиясының алдында Шоқанның ескерткіші бар ма? 13. Ауылдың жанындағы өзеннің басынан сендер су аласыңдар ма? 14. Қаланың арғы жағында тас жол бар ма?

Сөздік

ар тот/та/то
арғы тот/та/то
бергі ближний, находящийся вблизи
біраз несколько
қадам шаг
үстел стол

Тапсырма 299

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар. Сұрақтарға қазақша жауап жазыңдар.

1. Когда мы ехали в Шымкент, впереди нас шла машина директора института. 2. В нашем доме есть хорошая мебель. 3. Мы живем возле высокой горы Каратау. 4. Позади нашего института расположен геологический музей. 5. На горе Алатау летом лежит снег. 6. Твоя кошка лежит под столом? 7. Около нашего дома находится средняя школа. 8. Над моим столом висит красивая лампа. 9. Лекция профессора Байтуова продолжалась в течение двух часов. 10. Когда мы были в Алматы, рядом с Медеу видели высокие деревья. 11. Под стулом, на котором я сижу, играет наша кошка. 12. Ты завтра будешь около нашего дома? 13. В конце книги мы прочли статью о ее авторе.

ГРАММАТИКА

Септеуліктер ✦ Послелоги

Послелоги так называются потому, что они употребляются **после** основного имени в отличие от русских предлогов, которые предшествуют основному имени. По значению и грамматической функции казахские послелоги близки русским предлогам.

Каждый послелог требует от имени оформления в определенной падежной форме.

Послелоги, сочетающиеся с основным падежом: **үшін** *для, за, ради*; **арқылы** *через*; **туралы** *о*; **сияқты** *подобно*; **сайын** *по*; **бойы** *по*; **ғұрлы/ғұрлым** *столь*: **адам үшін** *ради человека, для человека*; **күн сайын** *каждый день*.

Послелоги, сочетающиеся с именем в направительном падеже: **дейін** *до*, **шейін** *до*, **қарай** *к, по направлению к*; **таман** *ближе*, **қарсы** *напротив*: **институтқа дейін** *до института*; **кешке шейін** *до вечера*; **университетке қарай** *к университету*.

Послелоги, требующие от имени формы исходного падежа: **соң** *после, затем*; **кейін** *после*; **басқа** *кроме*; **тыс** *вне*; **гөрі** *чем*; **бері** *сюда*; **ары** *туда*; **бұрын** *раньше*; **бетер** *хуже*: **сабақтан соң** *после урока*; **сенен басқа** *кроме тебя*.

Слово **соң** еще не перестало выполнять функцию служебного имени, имеет свое лексическое значение — *конец*. Когда смотрите казахские фильмы, в конце появляется слово **соң** с аффиксом принадлежности 3-го лица — **соңы**, что означает «*Конец фильма*».

Соң сочетается также с глаголом в форме **-қан/кен/ған/ген**, который может принимать аффикс исходного падежа: **сабақ біткен(нен) соң** *после окончания урока, после того как закончился урок*.

Послелоги, управляющие инструментальным падежом: **қатар** *наряду с*, **бірге** *вместе*: **Омармен бірге Алматыға бардық** *Вместе с Омаром мы поехали в Алматы*.

Жаттығу 300

Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауын қосыңдар. Дәптерге жазып алып, орыс тіліне аударыңдар.

1. Институтты бітірген... соң мен аспирантурада оқымақпын. 2. Алма Петербург... қарай бара жатқан автобусқа мінді. 3. Осы лекция... кейін қазақ тілі сабағы болады. 4. Апам ауылдан Мәскеуге мен... балам үшін келді. 5. Астанадан Алматы... дейін екі жарым мың километр. 6. Ертең біз институтта сағат сегіз... шейін болармыз. 7. Ол университетті бітірген... соң түрік фирмасында қызмет істемекші. 8. Бүгін сабақ... кейін бәріміз де көрмеге бара аламыз. 9. Айша осы институтқа сен... бұрын оқуа түскен. 10. Сендер биыл Асандар... бірге Ақтөбеге барып қайтасыңдар ғой. 11. Омар Мәскеуге келген... бұрын Атырауда қызмет істеген. 12. Кеше... бері қалада жауын жаумады. 13. Үйлердің төбесі... қара мысық қыдырып жүрді

Тапсырма 301

Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Сен институт бітірген соң қайда бармақсың? 2. Метромен Алматыға дейін бара аласың ба? 3. Айша автобусқа қарай жүргенде кімге жолықты? 4. Сенің үйіңнен институтқа дейін қанша шақырым? 5. Институттан үйіне шейін трамваймен қанша минутта барасың? 6. Студенттерге профессор сабақтың соңында қандай тапсырма берді? 7. Алманың досы ол үшін қандай жақсылық істеді? 8. Университеттен Үлкен театрға шейін қанша қадам? 9. Сен институтқа таман келгенде көшеде не көрдің? 10. Өзеннен ары көлде балалар шомылып жатыр ма? 11. Театрға сендер кіммен бірге бардыңдар? 12. Кеше студенттер парктің ішінде қыдырды ма, таудың басында қыдырды ма?

Сөздік

жау- выпадать (об осадках)
жауын дождь
шомыл- купаться

Тапсырма 302

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. После урока казахского языка я пойду в столовую. 2. Перед институтом имеется маленький сад. 3. В нашем университете много свободных аудиторий. 4. Мы были в парке в течение четырех часов. 5. Завтра они дойдут до озера Балхаш. 6. После того как мы прошли через реку, мы пошли по направлению к аулу Оспана. 7. Купи книгу Абая для моего старшего брата. 8. Ради меня не езжай в тот город. 9. Они были в институте до шести часов вечера. 10. Перед лекцией профессора студенты гуляли во дворе. 11. Когда мы подошли к нашему дому, увидели моего друга Назира. 12. В этом городе около театра есть большой сад.

Урок 49

БУМЫН КАГАН

Тапсырма 303

Орыс тіліне аударыңдар. Септік, тәуелдік жалғауларын, сөз тудырушы жұрнақтарды талдаңдар.

Бұмын қаған

1. Қытай деректерінде ол Ту-мынь деп аталған. 2. Жалпы Түркі қағанатының тұңғыш қағаны, туған жылы белгісіз. 553-жылы дүние салған. 3. Бұмын қаған қолбасшылығымен түркілер шығыста Маньчжуриядан бастап, батыста Боспор бұғазына дейінгі аралықтағы барлық аймақты иемденген. 4. Жазба деректерге қарағанда Алтайда түркі атты тайпалардың бар екендігі Азияға 535-жылы алғаш рет мәлім болған. 5. Оларға сауда және дипломатиялық елшілікпен Бұқардан шыққан согдалық Нобаньто жіберіледі. 6. Нобаньтоның жазуынша Бұрын Көк Ертістің бойын мекендеген түркілердің күшті тайпалары Орта Азияда көптеген тайпаларды өзіне бағындырған. 7. 552-жылы Бұмынның көп қолы ауарларға қазіргі Монголия жерінде күйрете соққы береді. 8. Бумын өзін Іліг қаған деп жариялап, жұбайына Қатун (император әйел) деген лауазымды сыйлаған. 9. Алтайдың батысынан Боспорға дейінгі аймақтағы халықтарды түгел өзіне бағындырды. 10. Оларды басқаруды өзінің інісі болашақ Батыс Түркі қағанатының негізін салушы Истеми қағанға берді. 11. Ежелгі түркі руна жазбаларында Бумын мен Истеми адамзат баласына билік жүргізді, тайпалық одақтарды қолдады, құрды деп жазады. 12. «Басы бардың басын игізіп, тізесі бардың тізесін бүктірген» — деп жазады. 13. Мәскеу мемлекеттік университетінің Азия және Африка елдері институтының филология бөлімінде көне түркі руна жазбаларын студенттерге оқытады.

Сөздік

адамзат человечество
аралық пространство
ауар авар
бағындыр- подчинять
белгісіз неизвестный
бойы вдоль
болашақ будущий
бөлім отделение
бұғаз пролив
бүктір- заставить согнуть
дерек сведение
ежелгі древний
жұбай супруг(а)
игіз- заставить склонить

иемден- владеть
күйрет- разгромить
қарағанда судя по
қол войска
қолбасшы руководитель
қолда- поддерживать
лауазым звание
мекенде- жить
негізін салушы основатель
одақ союз
сауда торговля
соғдалық согдийский
соққы бер- ударить
тайпа племя
түгел целиком
түркі тюркский
тізе колено

Тапсырма 304

а) Жоғарыдағы мәтін бойынша 7 сұрақ қойып, оларға жауап жазыңдар.
ә) Мәтіннің қысқаша мазмұнын айтып беріңдер.

Тапсырма 305

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. Бумын-кагана китайцы называли Тумын. 2. Он умер в середине VI века. 3. Под его руководством тюрки владели огромной территорией от Маньчжурии до Боспора. 4. Сильные тюркские племена подчинили себе много племен Центральной Азии. 5. Территорией от Алтая до Боспора правил младший брат Бумын-кагана Истем-каган. 6. В древних тюркских рунических памятниках написано об истории правления и завоеваниях Бумын-кагана и Истеми-кагана. 7. Эти памятники переведены на русский язык российскими и другими учеными. 8 Студенты филологического факультета нашего университета изучают древние тюркские письменные памятники VII–IX веков. 9. Их изучают на филологических факультетах университетов многих тюркских республик мира.

ГРАММАТИКА

Демеуліктер ✦ Частицы

Частицы прибавляют к словам и предложениям дополнительные модальные значения. Наиболее употребительны следующие группы частиц.

Утвердительная частица **қой/ғой** *ведь, же*: **Айттың ғой** *Ты ведь сказал*. **Мынау ат қой** *Это ведь конь*. **Келді ғой** *Он же пришел*.

-шы/ші — частица просьбы, желания. В казахском языке нет отдельного слова, по значению совпадающего с русским словом *пожалуйста*. Но это отнюдь не значит, что казахи не могут выражаться вежливо. Эта частица прибавляется к любому глаголу и выражает вежливую просьбу. Она более употребительна с глаголом в форме 2-го лица простой и вежливой формы: **айтшы** *скажи-ка*; *го-*

вори, пожалуйста. **Айтыңызшы** *скажите, пожалуйста.* Но она в разговорной речи иногда употребляется и в других лицах: **Берсінші** *Пожалуйста, пусть он даст.* **Берейінші** *Дай-ка я отдам.*

Усилительные частицы: **-ау, -ақ, -ай, -та/те/да/де**: **Ол берді-ау** *Он все же дал.* **Бір-ақ кітап қалды** *Осталась только одна (единственная) книга.*

Ограничительная частица **қана/ғана, -ақ**: **Сен ғана, Сен-ақ** Только ты. **Бес қана** Только пятерка.

Вопросительные частицы: **па/пе/ба/бе/ма/ме**, которые вам известны: **Айтты ма?** *Он говорил?*

Вопросительная частица **ше**: **Асан ше?** *А Асан?* **Мен ше?** *А я?*

Жаттығу 306

а) Мына етістіктерге -шы демеулігін қосып, сөйлем құраңдар. Орысшаға аударыңдар.

Кел, бар, қой, таста, же, тап, отыр, сөйле, бер, шылым тартпа, ашпа, жат.

ә) Мына сөздерге қой/ғой демеуліктерін қосып, сөйлем құраңдар. Орысшаға аударыңдар.

Бала, Әжем, Арман, Сәуле, бардым, айттыңыздар, берді, келесің, оқисыз, бардыңыз.

б) Оқып шығып, демеуліктерді табыңдар да, талдаңдар. Орыс тіліне аударыңдар.

1. Еділ мен Жайық жер еді-ау,
Мекен еткен шаруаға.
2. Жағасы қорған жай еді-ау,
3. Жай-қоныстан айрылып,
Мен бір қаңғырып жүрген қарашың,
Қайта-қайта шақыртып,
Менде қандай ауыр ақың бар еді-ау?!
4. Айтып-айтпай немене,
халық қозғалса,
Тұра алмайды хан
Тағында-ай!

Махамбет

Сөздік

айрыл- лишаться
ақы плата
ауыр тяжелый
Еділ Волга
жай место
жай-қоныс место поселения
Жайық Урал
қаңғыр- бродить
мекен ет- поселяться
қайта-қайта много раз
қараша простолюдин, чернь
қозғал- двигаться
тақ трон
шақырт- звать через людей

Тапсырма 307

Оқып шығып, орыс тіліне аударыңдар. Сөздерге фонетикалық, грамматикалық және лексикалық талдау жасаңдар.

Ұлы күйші Құрмангазы

1. Құрмангазы Сағырбайұлы 1818–1889 жылдар арасында жасаған. 2. Ол қазақтың ұлы күйші-композиторы, домбырашысы, халық аспаптық музыкасының классигі. 3. Құрмангазы қазіргі Орал облысы, Жаңақала ауданындағы Жиделі ауылында кедей шаруаның отбасында туған. 4. Қазіргі Ресейде Астрахан облысындағы Шайтан батаға деген жерде қайтыс болды.

5. Жасынан ән-күйге әуестігімен жұрттың көзіне түсті. 6. Оны тәрбиелеген алғашқы ұстазы — Хан Базар күйшісі Ұзақ болды. 7. Сол ұстазымен бірге ел аралап, домбырашылық өнер сайысына қатысып, елдің көзіне түседі.

8. Бөкей ордасындағы атақты күйшілердің күйлерін үйреніп, орындаушылық шеберлігін арттырды. 9. Ер жеткен соң домбырашы-күйшілік кәсібін профессионал өнерге айналдырды. 10. Әлеуметтік әділетсіздік пен қанаушылыққа, озбырлыққа қарсы күресті. 11. Билер, болыстар, байлар қанша құдаласа да, түрмеге қамаса да Құрмангазы қажымады. 12. Домбырасын қару етіп, өнер күшімен қиындықтарға қарсы күресті. 13. Құрмангазының алғашқы шығармаларының бірі «Кішкентай» күйі. 14. Ол 19-ғасырда шаруалар көтерілісін бастаған Исатай Тайман ұлына арналған. 15. Мұнда іштегі шердің сазын, терең ой тербелісін аңғартады. 16. Кейін шығарған күйлері: «Ақбай», «Ақсақ киік», «Көбік шашқан», «Түрмеден қашқан», «Адай» күйлерінде нұрлы болашақ, азат өмірді аңсаған халықтың үміті, арманы, өмір тартысы суреттеледі. 17. «Қызыл қайың», «Балбырауын», «Алатау», «Сары арқа» күйлерін кейін шығарды. 18. 1880-жылдардың аяғында Құрмангазы Астраханға жақын қоныс аударды. 19. Сол жерде оның айналасына шәкірттері, олардың ішінде Дина Нұрпеисова, топтасты.

20. Қазір Қазақстанда Құрмангазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі күйшінің шығармаларын дүние жүзіне кеңінен көрсетіп, тыңдаушылардың алғысын алуда.

Сөздік

азат свободный
алғашқы первый
алғыс благодарность
аңғарт- напоминать
аңса- мечтать
арман мечта
аспап инструмент
әділетсіздік несправедливость
әлеуметтік социальный
ән-күй музыка
әуес любитель
кедей бедный
кеңінен широко
көзге түс- показываться, выделяться
көтеріліс восстание
күй кюй
қажы- уставать
қайтыс бол- скончаться
қама- заключать
қанаушылық гнет
қару оружие
қаш- убегать

қоныс аудар- переезжать
қудала- подвергать гонениям
нұрлы светлый
озбырлық насилие
ой думы
өнер искусство
саз мелодия
сайыс соревнование
суретте- описывать
тартыс борьба
тәрбиелен- воспитываться
тербеліс волнение
терең глубокий
топтас- собираться
түрме тюрьма
ұна- нравиться
ұстаз учитель
үміт надежда
шал- играть (на музыкальном инструменте)
шаруа крестьянин
шәкірт ученик
шер грусть

Тапсырма 308

Бір-біріне сұрақ қойып, жазбаша жауап беріңдер.

1. Құрмаңғазы кім? 2. Ол кімнің отбасында дүниеге келген? 3. Ел аралағанда ол неге қатысты? 4. Ол неге қарсы күресті? 5. Құрмаңғазы күйді кімдерден үйренді? 6. Оның алғашқы ұстазы кім еді? 7. Құрмаңғазының мектебінде кімдер тәрбиеленді? 8. Құрмаңғазының қандай күйлерін есіттің? 9. Құрмаңғазы атындағы ұлт аспаптары оркестрінің Мәскеуде болған концерттерін кім тыңдады? 10. Сендер Алматыда болғанда филармонияда оның күйлерін тыңдадыңдар ма? 11. Астрахан облысындағы Құрмаңғазының ескерткішін сендерден кім көрді? 12. Ол ескерткіш сендерге ұнады ма? 13. Студенттердің арасында домбырада күй шалатын адамдар бар ма?

Тапсырма 309

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. Курмангазы Сагырбаев жил в XIX веке. 2. Он родился в Уральской области, а умер в Астраханской области современной России. 3. Он воспитывался у своего первого учителя Узака, с ним он ездил по стране и участвовал в состязаниях музыкантов-кюйши. 4. Он боролся против несправедливости и насилия. 5. За это власти преследовали его, сажали в тюрьму. 6. Во многих своих произведениях он описывал борьбу, светлое будущее казахского народа. 7. Вокруг себя он собирал своих учеников — будущих музыкантов. 8. Из его школы вышло много исполнителей казахских кюев и композиторы. 9. Мы слышали по радио в исполнении оркестра его имени много кюев, в том числе знаменитый «Сары арка» («Золотая степь»). 10. Мы видели памятник Курмангазы в Астраханской области, он нам понравился. 11. Когда мы поедем в Астану, побудем в Центре культуры Президента и послушаем кюи Курмангазы. 12. В Казахстане по радио и телевидению часто передают концерт Оркестра казахских национальных инструментов имени Курмангазы.

Урок 50

ГРАММАТИКА

Служебные глаголы *еді, екен*

Эти служебные глаголы образованы довольно давно от древнего глагола **е-** (первоначальная форма — **ер-**) *быть* посредством известных вам аффиксов: прошедшего времени **-ді (е + ді)** и «причастия» на **-кен (е + кен)**.

Формы первичного глагола в языке потеряли свое лексическое значение. Они редко употребляются самостоятельно, употребляются в основном в составе аналитических моделей.

Присоединяясь к основным глаголам, **еді**, **екен** придают им различные функции и значения.

Еді, сочетаясь с формами **-атын**, **-р**, **-п**, **-қан**, образует разные формы прошедшего времени с разными модальными значениями: **Омар айтатын еді** *Бывало, Омар говаривал*. **Омар айтар еді** *Омар сказал бы*. **Омар айтып еді** *Омар ведь сказал*. **Омар айтқан еді** *Омар это говорил давно, точно*.

Еді, сочетаясь с именами, имеет значение *был*: **Ол Айша еді** *Это была Айша*. **Сіз сол кезде Алматыда едіңіз** *Вы в то время были в Алматы*.

Екен, сочетаясь с глагольной формой **-қан/кен/ған/ген**, образует давнопрошедшее неочевидное действие. **Омар Өскеменге барған екен** *Оказывается, Омар ездил в Усть-Каменогорск*. Часто эта модель употребляется в сказках: **Ажалым жеткен екен** *Видать, смерть пришла ко мне*.

Сочетаясь с именами, **екен** образует составной глагол с добавочным значением *оказывается*: **Қорада жатқан есек екен** *Оказывается, во дворе лежал осел* (буквально: *то, что лежало во дворе, оказалось ослом*).

Тапсырма 310

Дауыстап оқып шығып, орыс тіліне аударыңдар. Етістік жалғауларын талдаңдар.

Кім күшті?

1. Ерте, ерте, ерте екен.
2. Ешкі жүні бөрте екен.
3. Қырғауылы қызыл екен.
4. Құйрық жүні ұзын екен.
5. Қырғауылы қырқылдап,
Жалтыр мұзға сыртылдап,
Алшая келіп құлапты.

6. Шаты айрылып қалыпты.
7. Қисая жатып қырғауыл,
Сонда мұздан сұрапты:
8. — Мұз, мұз, сен неден күшті болдың?
9. — Мен күшті болсам, бауырымды жаңбырға тестірмес едім.
10. — Жаңбыр, жаңбыр, сен неден күшті болдың?
11. — Мен күшті болсам, жерге жұтқызар ма едім?
12. — Жер, жер, сен неден күшті болдың?
13. — Мен күшті болсам, көк шөпке бауырымды жардырмас едім.
14. — Көк шөп, көк шөп, сен неден күшті болдың?
15. — Мен күшті болсам, көк тоқты мойнымнан жұлқыламас еді.
16. — Көк тоқты, көк тоқты, сен неден күшті болдың?
17. — Мен күшті болсам, қасқырға құйрығымды жұлқылатпас едім.
18. — Қасқыр, қасқыр, сен неден күшті болдың?
19. — Мен күшті болсам, көк мылтыққа қоңымды ойдырмас едім.
20. — Көк мылтық, көк мылтық, сен неден күшті болдың?
21. — Мен күшті болсам, қоңыр шолақ тышқанға білтемді қидырмас едім.
22. — Тышқан, тышқан, сен неден күшті болдың?
23. — Мен күшті болсам, құмырсқаға ен салдырмас едім.
24. — Құмырсқа, құмырсқа, сен неден күшті болдың?
25. — Алты батпан ауырды арқалаған күштімін, жеті батпан ауырды желкелеген күштімін, — деген екен құмырсқа.

Сөздік

айрыл- разорваться
алшай- развести ноги
арқала- нести на спине
батпан батман (мера веса)
бауыр брюхо
бөрте серый
білте фитиль
ен салдыр- отметить (резать)
ешкі коза
жалтыр блестящий
жардыр- позволять разрывать
желкеле- нести на затылке
жұлқылат- позволять дергать
жұтқыз- позволять глотать
жүн шерсть
көк зеленый, сизый, серый
қасқыр волк
қидыр- позволять резать
қисай- согнуться
қоң круп
қоңыр коричневый
қырғауыл куропатка
құйрық хвост, курдюк
құла- падать
қырқылда- крякать
мойын шея
мылтық ружье
неліктен почему
ойдыр- позволять дырявить
сонда тогда, в таком случае
сыртылда- трещать
тестір- позволять дырявить
тоқты годовалая овца
тура прямо
тышқан мышь
ұзын длинный
шат промежность
шолақ куцый
шөп трава

Тапсырма 311

Бір-біріне сұрақ қойып, жазбаша жауап беріңдер.

1. Бұл оқиға қашан болған екен? 2. Қырғауылдың түсі қандай, құйрығы қандай екен? 3. Қырғауыл қырқылдаған ба? 4. Ол қай жерде құлаған екен? 5. Құлағаннан соң оған не болыпты? 6. Ол тура жатты ма, қисайып жатты ма? 7. Қырғауыл неден сұрап еді? 8. Жер неліктен күшті болмады? 9. Шөп неліктен күшті болмады? 10. Қасқыр неліктен күшті бола алмады? 11. Сонда ең күшті құмырсқа болды ма? 12. Ол неліктен күшті болды?

ГРАММАТИКА

Сілтеу есімдіктері ✦ Указательные местоимения

К указательным местоимениям относятся слова: **бұл** *этот, эта, это*; **ол** *тот, та, то*; **сол** *тот, та, то*; **осы** *этот, эта, это*; **ана** *тот, та, то*; **мына** *этот, эта, это*; **анау** *тот предмет, та, то*; **мынау** *этот предмет, эта, это*.

Обратите внимание, что **бұл, осы, мына, мынау** являются синонимами, указывающими на ближний предмет, а **ол, сол, ана, анау** — синонимами, указывающими на более отдаленный предмет.

Склонение указательных местоимений отличается как от склонения имен существительных, так и от склонения личных местоимений. Указательные местоимения **мынау, анау** выражают предмет и не склоняются.

бұл, ол, сол есімдіктерінің септелуі

А.	бұл	ол	сол
І.	бұ-ның, мұ-ның	о-ның	со-ның
Т.	бұ-ны, мұ-ны	о-ны	со-ны
К.	бұ-нымен, мұ-нымен	о-нымен	со-нымен
Б.	бұ-ған	о-ған	со-ған
Ж.	бұ-нда, мұ-нда	о-нда	со-нда
Ш.	бұ-дан, мұ-нан	о-дан, о-нан	со-дан, со-нан

осы, мына, ана есімдіктерінің септелуі

А.	осы	мына	ана
І.	осы-ның	мына-ның	ана-ның
Т.	осы-ны	мына-ны	ана-ны
К.	осы-мен	мына-мен	ана-мен
Б.	осы-ған	мына-ған	ана-ған
Ж.	осы-нда	мына-да	ана-да
Ш.	осы-дан	мына-дан	ана-дан

★ Указательные местоимения в местном падеже **мұнда**, **осында** соответствуют русским наречиям *здесь, тут, сюда*. А **онда, сонда** — *там, туда*.
В исходном падеже они имеют значения: **мұнан**, **осыдан** — *отсюда*; **одан**, **содан** — *оттуда*. **Содан** в сочетании с послелогом **бері** означает *с тех пор*.

Жаттығу 312

Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауын қойып дәптерге жазып алыңдар. Орыс тіліне аударыңдар.

1. Қасенге осы... айтпақ едім, үйінде болмады. 2. Біз өлеңді со... дейін жаттап алдық. 3. Бүгін осы... жаңа сабақ болды. 4. Сен мына... қара, жақсы сурет екен. 5. Мұ... алдында ағылшын тілі сабағы өткен. 6. Айнұрлар Астанада болыпты, мен о... болған емеспін. 7. Асқар Ақтөбеде болған, сен со...болдың ба? 8. Сабақ сағат он екіде бітті, со... кейін біз паркке кеттік. 9. Біз сол екі мыңыншы жылы Көкшетау... болғанбыз. 10. Со... бері мен Айжамалды көрген емеспін. 11. Мұ... бес жыл бұрын Жарқын ауылдағы мектепті бітірген еді, қазір осы университетте оқиды. 12. Былтыр Тоқтасын Ажармен институтта таныс болып еді, со... жарты жыл өткен соң олар үйленді.

Тапсырма 313

Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Сен мұнда қашан келдің? 2. Асқар онда барганнан соң не істеді? 3. Мынаған сенің досың қандай жауап берді? 4. Айша онымен қашан кездесті? 5. Бұдан бес ай бұрын сен қайда болдың? 6. Мұны Нәзір саған неге айтпады екен? 7. Осыны үйге дейін апардың ба? 8. Есіктің алдына соны кім тастады? 9. Содан бері қанша жыл өтті? 10. Мынаны кімге берейін? 11. Осыдан соң қайда бармақсың? 12. Сен бұған өте разы болдың ба? 13. Анаған сол көп ақшаны берген кім?

Тапсырма 314

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар

1. Когда ты пойдешь туда, принеси для Айши книгу. 2. Сегодня наш друг придет сюда. 3. Если он поедет туда, увидит интересную картину. 4. Как он посмотрит на это, я не знаю. 5. От этого тебе будет большая польза. 6. Он положил это перед окном. 7. Ты отнеси это своему отцу. 8. Мы поедем туда завтра вечером. 9. Оттуда до моего дома — шесть километров. 10. С тех пор мы с ним не встречались. 11. Отсюда до моего дома я поеду на трамвае. 12. С прошлого года она не была здесь. 13. После окончания той школы мы поступили в этот институт.

Тапсырма 315

Орыс тіліне аударыңдар. Дәптерге жазып алыңдар. Жаттап алыңдар. Сөз тұлғаларына талдау жасаңдар.

Өтірік өлең *(үзінді)*

1. Қамысты жылқы ұстауға құрық қылдым.
2. Жусаннан үйге тіреу сырық қылдым.
3. Бір талын сақалымның кесіп алып,
Көшкенде мал айдайтын шыбық қылдым.
4. Аспанға алты жерден тіреу қойдым,
5. Той қылып мың масаны сонда сойдым.
6. Жүрегін біреуінің төрт бөліп жеп,
Нансаңыз, өмірімде бір-ақ тойдым.

Сөздік

бөліп же- поделиться (едой)
бір-ақ единственный раз
бір тал волосок
жусан полынь
жүрек сердце
құрық орудие ловли лошадей, петля
маса комар
нан- верить
өмір жизнь
өтірік ложь, неправда
разы довольный
сой- резать
сақал борода
сырық столб, шест
той қыл- устроить пир
тіреу подпорка
ұста- ловить
үзінді отрывок
шыбық прут, палка

Урок 51

ГРАММАТИКА

Сөйлем ✦ Предложение

Порядок слов в предложении

Бастауыш ✦ Подлежащее. Баяндауыш ✦ Сказуемое

Согласование в лице и числе

В казахском языке в простом распространенном повествовательном предложении существует следующий порядок расположения главных членов предложения: в начале предложения стоит подлежащее, затем — сказуемое. Подлежащее и сказуемое согласуются в лице и числе. В единственном числе: в 3-м лице: **Назгүл ойнайды Орақпай — студент**. Во 2-м лице: **Сен келдің**. Во множественном числе: в 1-м лице: **Біз оқушымыз**. Во 2-м лице: **Сіздер келдіңіздер.** Предложение может состоять и из одного-единственного слова: **Кел** *Приходи.* **Түн** *Ночь*. Это нераспространенные предложения.

Теперь добавляйте новые слова — определения, дополнения, обстоятельства к подобным предложениям; получится распространенное предложение.

Определение–определяемое. Определение предшествует определяемому: **жақсы бала** *хороший мальчик*.

Дополнение–сказуемое. Дополнение предшествует сказуемому: **мектепке келді** *пришел в школу*.

Обстоятельство–сказуемое. Обстоятельство предшествует сказуемому: **кеше келді** *вчера пришел*.

Вот все члены предложения соединились: **Жақсы бала кеше мектепке келді** *Хороший мальчик вчера пришел в школу*.

Обратите внимание, в этом предложении по-казахски — **мектепке келді**, а по-русски — *пришел в школу*. Сказуемое и дополнение в двух языках занимают разные места.

Тапсырма 316

Сөйлемдердің бастауышы мен баяндауышын тауып, қалай қиысқанын көрсетіңдер. Зат есім мен етістіктің жалғауларын талдаңдар.

Арыстан мен түлкі

1. Арыстан қартаяды. 2. Аңдарды бұрынғыдай аулай алмайтын болады. 3. Енді аңдарды айламен аулағысы келеді. 4. Өзі үңгірде жатады да:

— Аурумын, жүруге әлім жоқ, — деп барлық аңдарға хабар таратады.

5. Аңдар бір-бірлеп арыстанның халін білуге келеді. 6. Арыстан аңдардың біреуін де қайтармайды. 7. Бәрі де арыстанға жем болады.

8. Бір күні түлкі келеді. 9. Ол үңгірден алысырақ тұрады да:

9. — Халіңіз қалай, тақсыр, — деп көңілін сұрайды.

10. —Халім нашар. Неге жақынырақ келмейсің? Берірек кел, түлкіжан, біраз сөйлесейік, — дейді арыстан.

11. Түлкі:

Мен сізге жақын барар едім-ау, бірақ үңгірге кірген із бар да, шыққан із жоқ екен! — деп жүріп кетіпті.

Сөздік

айла хитрость
алысырақ подальше
аң зверь
арыстан лев
аула- охотиться
ауру больной
әл сила
барар едім-ау я пошел бы
барлық весь, вся, все
берірек поближе сюда
бұрынғыдай как прежде
бірақ но, однако
бір-бірлеп по одному
бір күні однажды
жақынырақ поближе
көңілін сұра- справляться о здоровье
қайтар- возвращать
қартай- состариться
қиыс- согласоваться
нашар слабый
тақсыр господин
тарат- рассылать
түлкі лиса
үңгір пещера
хайуанат зверь
хал состояние
із след

Тапсырма 317

Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Арыстан қартайғанда не істей алмайды? 2. Ол аңдарды қалай аулағысы келеді? 3. Аңдарға қандай хабар таратады? 4. Аңдар арыстанға не үшін келеді 5. Арыстан оларды жеп қойды ма? 6. Түлкі келгенде үңгірге жақын тұрды ма 7. Түлкі арыстаннан не сұрады? 8. Арыстан оған не деді? 9. Түлкі не деп, кетіп қалды? 10. Сендер хайуанаттар паркінде үлкен арыстанды көрдіңдер ме? 11. Түлкі арыстаннан кіші ме, үлкен бе? 12. Арыстан ауру ма, түлкі ауру ма, қайсысы ауру?

ГРАММАТИКА

Жіктік жалғаулар ✦ Категория сказуемости

Есім баяндауыш ✦ Именное сказуемое

В казахском языке выражение именного сказуемого значительно отличается от русского языка. В нем существует категория сказуемости — это спряжение имени. Она имеет свои грамматические показатели, которые принято называть аффиксами лица или аффиксами сказуемости. Они различаются по лицам и числам.

По-русски можно сказать: *я — учитель, ты — учитель, он — учитель*, где слово *учитель* не меняет своей формы в разных лицах. В казахском языке эквивалент русского слова **оқытушы** в подобном предложении имеет соответствующие аффиксы лица: **мен оқытушы + мын, сен оқытушы + сың, ол оқытушы**.

Каждому лицу соответствует свое количество фонетических вариантов аффиксов лица. Наиболее многочисленны варианты аффикса 1-го лица.

Жіктік жалғаулар ✦ Аффиксы лица при имени

Именное спряжение

Жіктік жалғаулар кестесі

	Жекеше	Көпше
1 жақ	пын/-пін, -бын/-бін, -мын/-мін	-пыз/-піз, быз/-біз, -мыз/-міз
2 жақ жай 2 жақ сыпайы	-сың/-сің -сыз/-сіз	-сыңдар/-сіңдер -сыздыр/-сіздер
3 жақ	–	-тар/-тер, -дар/-дер, -лар/-лер

★ Присоединение вариантов аффикса 1-го лица зависит от закона гармонии звуков. Варианты начальных согласных соответствуют законам вариантов известной вам вопросительной частицы **-па/пе/ба/бе/ма/ме**.

Зат есімнің жіктелуі

Жекеше

1 жақ	мен қазақ + пын	*я — казах*
2 жақ жай 2 жақ сыпайы	сен қазақ + сың Сіз қазақ + сыз	*ты — казах* *Вы — казах*
3 жақ	ол қазақ	*он — казах*

Көпше

1 жақ	біз қазақ + пыз	*мы — казахи*
2 жақ жай 2 жақ сыпайы	сендер қазақ + сыңдар сіздер қазақ + сыздар	*вы — казахи* *Вы — казахи*
3 жақ	олар қазақ + тар	*они — казахи*

Отрицательная форма категории сказуемости образуется с помощью служебного слова **емес**, которое принимает аффиксы соответствующего лица.

	Жекеше	Көпше
1 жақ	қазақ емес + пін	қазақ емес + піз
2 жақ жай 2 жақ сыпайы	қазақ емес + сің қазақ емес + сіз	қазақ емес + сіңдер қазақ емес + сіздер
3 жақ	қазақ емес	қазақ + тар емес

Жаттығу 318

Мына сөздерге жіктік жалғауларын жекеше, көпше түрінде қосыңдар. Болымсыз түрін жасаңдар. Сөйлем құрап, дәптерге жазып алыңдар.

Неміс, Украин, поляк, болғар, ағылшын, орыс, татар, өзбек, грузин, тәжік;
Инженер, мұғалім, студент, жұмысшы, профессор, аспирант, ғалым, ақын.

Тапсырма 319

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар. Сұрақтарға қазақ тілінде жазбаша жауап беріңдер.

1. Мой старший брат — инженер на заводе. 2. Я студент филологического факультета, ты аспирант. 3. Ты строитель в московском метро. 4. Мы пастухи в родном ауле. 5. Вы (вежливая форма единственного числа) учитель в средней школе. 6. Вы (простая форма множественного числа) не казахи из Казахстана, а русские из России. 7. Мы украинцы, живем в России много лет. 8. Они англичане, приехали вчера вечером. 9. Ты не таджик? 10. Те, которые приехали сегодня из Костаная, не немцы? 11. Они татары? 12. Я преподаватель в этом институте. 13. Мы не инженеры, а студенты этого университета. 14. Мне вчера сказали, что вы грузины.

Сөздік

ағылшын англичанин
неміс немец
өзбек узбек
тәжік таджик

Қайталау тапсырма

Возвращайтесь к уроку 48 и проверьте до этого места, как вы выучили выражения, грамматические формы. Не забыли, не пропустили ли чего-нибудь?

Урок 52

ПЕРВЫЙ ПРЕЗИДЕНТ КАЗАХСТАНА

Тапсырма 320

Орыс тіліне аударыңдар. Септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын тауып, талдаңдар.

Қазақстанның тұңғыш президенті

1. Нұрсұлтан Әбіш ұлы Назарбаев Егемен Қазақстанның тұңғыш президенті болып 1990 жылы 24-сәуірде сайланған. 2. Н.Ә.Назарбаев 1940-жылы 6-шілдеде Алматы маңында Қаскелең ауданы, Шамалғанда дүниеге келген. 3. Әкесі — Әбіш Шаповалов деген кісінің тіккен етіктерін сатып мал тапқан. 4. Шамалғанда жастайынан балалардың алдыңғы қатарында болып, оларды басқарып өскен. 5. Қаскелеңде жатақханада тұрып, орта мектепті алтын медальмен бітіреді. 6. Болат құюшылар оқу орнында оқығанда, оған маман Погорелов: — Сен Министрлер кеңесін басқарасың, — деген екен. 7. Домбыра мен гармонға қатты құштар болып, оларды сатып алу үшін там салып қаржы тапқан. 8. Химик болам, ұшқыш болам деген армандары әртүрлі себептермен іске аспайды. 9. Теміртауда болат құюшы болып істеп, одан соң Днепродзержинскіде металлургия зауытының жанындағы училищені бітіреді де Теміртауға қайта оралады. 10. Училищеде қоғамдық жұмысқа белсене қатысады, күрес спортында жетістіктерге жетеді. 11. Қарағанды металлургия комбинатының партком қатшысы болғанда көптеген шалағайлықтарға қарсы күреседі. 12. Содан қызметте жоғарылап, Қазақстан компартиясының бірінші қатшысы дәрежесіне дейін көтеріледі. 13. 1991-жылғы 8-желтоқсанда Советтер Одағын жойған Беловеж жиналысына қатыспайды. 14. 1991-жылы 10-желтоқсанда Қазақ Советтік Социалистік республикасын Қазақстан Республикасы деп атау туралы жарлыққа қол қояды. 15. 1993 жылғы 11-қазанда Қазақстанның жаңа ақшасы — теңге болсын деп жариялайды. 16. Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен Қазақстан көп қиындықтарды жеңіп, енді алдыңғы қатарлы елдердің санына кіруге ұмтылуда. 17. Н.Ә.Назарбаевты халық Елбасы деп атайды.

Сөздік

алдыңғы передовой
атау наименование
ауызша устно
белсене активно
болат құюшы сталевар
дәреже уровень, степень
егемен независимый
енді теперь

етік сапоги
жарияла- объявить
жарлық указ
жатаққана общежитие
желтоқсан декабрь
жең- побеждать
жет- достигать
жетістік успех
жоғарыла- подниматься
көтеріл- подниматься
күрес- бороться
қарсы против
қазан октябрь
қатшы секретарь
қатар ряд
қоғамдық общественный
құштар бол- сильно желать
мал тап- зарабатывать
маңында около
орал- вернуться
өс- расти
сайлан- быть избранным
сат- продавать
сәуір апрель
тік- шить
ұмтыл- стремиться
ұшқыш летчик
шалағайлық недостаток
шілде июль
іске ас- осуществляться

Тапсырма 321

а) Жоғарғы мәтінге жазбаша сегіз сұрақ қойып, оларға жазбаша жауап беріңдер.

ә) Мәтіннің қысқаша мазмұнын ауызша баяндаңдар.

Тапсырма 322

Төмендегі мақал-мәтелдерді талдап, орысшаға аударыңдар, жазып, жаттап алыңдар.

1. Үй іші толған жансың, бір-біріңе меймансың.
2. Туысы жақын — жақын емес, қонысы жақын — жақын.
3. Ұзақ болса да жол жақсы, жаман болса да қыз жақсы.
4. Ақылсыз адам айқайлай келеді, жан-жағын жайпай келеді.
Ақылды адам жай-жай келеді, жан-жағын байқай келеді.

Сөздік

айқайла- кричать
ақылсыз дурак
байқа- наблюдать
жай-жай спокойно
жайпа- уничтожать
жан люди
жан-жақ вокруг
қоныс поселение
мейман гость
тол- наполняться
туыс рождение
ұзақ долгий

Урок 53

ГРАММАТИКА

Төл сөз ✦ Прямая речь

Прямая речь соединяется с авторской речью посредством глагола **де-** *говорить*, который принимает различные формы времени, наклонения, лица и числа: **де-ді**, **де-п**, **де-ген**, **де-йді**, **де-се** и т.д. Слово **де**, как правило, употребляется в конце прямой речи, но иногда может предшествовать прямой речи.

Тапсырма 323

Орыс тіліне аударыңдар. Де етістігінің жалғауларын көрсетіп, талдаңдар.

1. Болат Сақыпжамалға: Сен кеше қайда бардың? — дейді.

2. Нәзір Айжамалға: Сендер бүгін қайда барасыңдар? — деді.

3. Мен Айгүлге: Кеше Алматыға барып келдім, — дедім.

4. Атам маған: Үйге бар, мен ертең келемін, — деп ауылға кетті.

5. Мақан: Кинога барайық, — десе, Айша: Паркке барайық, — дейді.

6. Сәуле: Тапсырманы орындадым, – дегенде, ағасы оған: Жарайсың. — деді.

7. Былтыр маған жақын досым: Келесі жылы демалысқа келгеніңде маған Мәскеуден жақсы қызық кітаптар алып кел, — деп еді.

8. Иса өткен жылы Мәскеуден кетер алдында қаламдастарына былай депті:

— Аманшылық болса, келесі жылы да не Мәскеуде, не Астанада кездесерміз.

9. Мен бұдан екі жыл бұрын оның Толғанайға: Егер осы институтты үздік бітірсең, аспирантураға түсе аласың, — дегенін есіткенмін.

10. Оның: Мен Әліқанға жақсы жұмыс беремін, — дегеніне мен сендім.

11. Мұғалім: Сіздің қызыңыз мектепте сабақты өте жақсы оқып жүр, — деген соң мен бұған қатты қуанып кеттім.

ГРАММАТИКА

Жалғаулықтар ✦ Союзы

1. Салаластырғыш жалғаулықтар ✦ Сочинительные союзы

Ыңғайластық — *соединительные*: **пен/бен/мен**, **та/те/ да/де** *и*; **және** *и*, **тағы** *еще*, **әрі** *еще*. Ат **пен** есек. Қаз **бен** үйрек. Адам **мен** арыстан.

Талғаулықты — *разделительные*: **әлде** *или*, **болмаса** *или*, **не… не** *или… или*, **немесе** *или*, **кейде** *то*, **бірде** *то*, **біресе** *то*, **я** *или*, **яки** *или*.

2. Сабақтастырғыш ✦ Подчинительные союзы

Қарсылық — *противительные*: **бірақ** *однако*, **дегенмен** *тем не менее*, **сөйтсе де** *тем не менее*, **әйтсе де** *однако*, **әйткенмен** *однако*, **сонда да** *тем не менее*.

Себептік — *причины*: **себебі** *потому что*, **өйткені** *потому что*.

Салдарлық — *следствия*: **сондықтан** *поэтому*, **сол себепті** *по этой причине*.

Шарттық — *условные*: **егер** *если*, **егер де** *если же*. Эти союзы обычно употребляются при условной форме глагола: **Егер көрмеге барсаң, жақсы суреттерді көресің** *Если пойдешь на выставку, увидишь хорошие картины*.

Айқындағыш — *объяснительные*: **яғни** *то есть*, **демек** *значит*.

Ұштастырғыш — *соединительные*: **ал, ендеше, ал ендеше** *таким образом*.

Тапсырма 324

Оқып шығып, орыс тіліне аударыңдар. Жалғаулықтарды, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын, сөз жасаушы жұрнақтарды талдаңдар.

Ұлы жазушы Мұқтар Әуезов

1. Мұқтар Омархан ұлы Әуезов 1897-жылы 28 қыркүйекте Қазақстанда Семей облысы, Абай ауданында дүниеге келді де, 1961-жылы 27 маусымда Мәскеу қаласында дүние салған. 2. Ол қазақтың ұлы жазушысы, әрі ғалым, қоғам қайраткері, Қазақстан ғылым академиясының академигі, қазақтардан шыққан тұңғыш филология ғылымдарының докторы және профессор.

3. Бай шаруа отбасында туған. 4. Атасы Әуез бен әжесі Дінәсілдің қолында тәрбиеленеді. 5. Молдадан арабша сабақ алғаннан соң Семейдегі бес кластық орыс мектебін, одан кейін мұғалімдік семинарияны бітіреді. 6. Тәшкендегі Орта Азия университетінде бір қыс оқып, кейін Ленинград университетінің филология факультетін тамамдайды да, Орта Азия университетінде аспирантурада оқиды.

7. 1917-жылы семинарияда оқып жүргенде-ақ тұңғыш шығармасы — «Еңлік-Кебек» пьесасын жазады. 8. 1921-26-жылдары көп әңгімелер жазып, журналдарда жариялайды, пьесалар да жазады. 9. Қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың қатарына қосылады. 10. Алаш партиясының белсенді мүшелерінің бірі болып, Қазақстанның тәуелсіздігін аңсады. 11. Сол үшін совет өкіметі қуғындалады, 1953-1956-жылдары жұмыстан шығарылды. 12. Мәскеуде орыс достары оған пана берді.

13. Шекспирдің, Гогольдің, Треневтің, Погодиннің және басқалардың пьесаларын қазақшаға аударып, сақынаға шығартты.

14. 1930-жылдардан Абай тақырыбына ден қойып, болашақ эпопеядан үзінділер жариялай бастады. 15. Өзінің төрт томдық тарихи роман-эпопеясы – «Абай жолын» 15 жылда жазып шықты.

16. М.О.Әуезовтің аты көп мәдени ошақтарға, мектептерге және көшелерге берілді. 17. Алматыда Әуезов атындағы қазақ драма театрының алдына Әуезовке ескерткіш орнатылған. 18. Мұқтар Әуезовтің Алматыда тұрған үйі оның мұражайы болды. 19. Оның шығармалары дүние жүзіне кең таралып, көптеген тілдерде жарияланды.

Сөздік

аманшылық благополучие
аңса- мечтать
басқа другой
белсенді активный
ден қой- уделять внимание
кейін впоследствии
көптеген многочисленный
қаламдас коллега
қосыл- присоединяться
маусым июнь
мәдени культурный
молда мулла
мұғалімдік учительский
орнат- установить
ошақ центр
сақына сцена
сен- верить
тақырып тема
тамамда- окончить
тәрбиелен- воспитываться
Тәшкен Ташкент
үздік отлично
үзінді отрывок
шығарт- поставить (на сцене)

Тапсырма 325

а) Жоғарғы мәтінге жазбаша сегіз сұрақ қойыңдар. Жауаптарын дәптерге жазып алыңдар.

ә) Мәтіннің мазмұнын қысқаша айтып беріңдер.

Урок 54

ГРАММАТИКА

Үстеу ✦ Наречие

Наречие в казахском языке, как и в русском, выражает различные качества и свойства действия.

Мезгіл үстеулер — наречия времени отвечают на вопрос **қашан?** *когда?*: **кеше** *вчера*, **бүгін** *сегодня*, **ертең** *завтра*, **биыл** *в этом году*, **былтыр** *в прошлом году*, **кешке** *вечером*, **түсте** *в полдень*, **қысын** *зимой*, **күзін** *осенью*, **көптен** *издавна*, **ерте** *рано*.

Мекен үстеулер — наречия места отвечают на вопросы **қайда? қайдан?** *куда?*: **жоғары** *вверх*, **төмен** *вниз*, **ары** *туда*, **бері** *сюда*, **онда** *там*, **мұнда** *тут*: **алда** *впереди*, **артта** *позади*, **астында** *внизу*, **үстінде** *наверху*.

Сын үстеулері — наречия образа действия отвечают на вопросы **қалай? қайтіп? кімше? неше?** *как? каким образом?*: **өзінше** *по-своему*, **тез** *быстро*, **жылдам** *быстро*, **бекер** *напрасно*, **жай** *медленно*, **дереу** *сразу*, **үнемі** *всегда*, **лезде** *мигом*, **алдын ала** *предварительно*, **әрең-әрең** *еле-еле*.

Мөлшер үстеулері — наречия меры отвечают на вопросы **қанша? қаншалап? нешелеп?**: **көп** *много*, **аз** *мало*, **осынша** *столько*, **онша** *столько*, **мұнша** *столько*, **анағұрлым** *значительно*, **бірен-саран** *редко*. Они употребляются и в функции прилагательных.

Күшейту — усилительные наречия отвечают на вопросы **қалай? қандай?**: **аса** *весьма*, **өте** *очень*, **ең** *самый*, **әбден** *совсем*, **ылғи** *всегда*, **сәл** *чуть*, **тіпті** *совсем*, **нағыз** *настоящий*, **мүлдем** *совсем*, **дәл** *точно*. Некоторые из них выступают также в функции прилагательных.

Наречие — относительно молодая часть речи, поэтому неудивительно, что некоторые наречия по значению совпадают с другими частями речи. Другие части речи, особенно качественные прилагательные, успешно выполняют функцию наречия.

Сравните:

Жақсы оқушы *хороший ученик*. — **Студент жақсы оқиды** *Студент хорошо учится*.

Жаман әдет *плохая привычка*. — **Жаман айтты** *Он плохо говорил*.

Терең су *глубокая вода*. — **Тарихты терең білді** *Он глубоко знал историю*.

Многие, даже производные прилагательные, поставленные перед глаголом, выполняют функцию наречия: **белсенді оқушы** *активный ученик*. — **Оқушы жиналысқа белсенді қатысады** *Ученик активно участвует в собрании*.

Үстеулердің жасалуы

Наиболее продуктивный аффикс, образующий наречия, — **-ша/е**: **қазақ** *казах*, **қазақ + ша** *по-казахски*; **орыс** *русский*, **орыс + ша** *по-русски*; **мен** *я*, **менің + ше** *по-моему*, **ит** *собака*, **ит + ше** *по-собачьи*.

-тай/тей/дай/дей/лай/лей: **жас + тай** *смолоду*, **бүтін + дей** *целиком*, **осы + лай** *так*.

-тап/-теп/дап/деп/лап/леп: **он + дап** *по десятку*, **екеу + леп** *вдвоем*, **жаяу + лап** *пешком*.

Аналитические образования: **ашықтан-ашық** *совершенно открыто*, **бара-бара** *со временем*, **арлы-берлі** *туда-сюда*, **күн-түн** *днем и ночью*, **ертелі-кеш** *рано и поздно*.

Сын есім мен үстеудің салыстырма шырайы ✦ Сравнительная степень прилагательных и наречий

Качественные прилагательные и наречия имеют сравнительную степень качества. Она образуется посредством аффикса **-рақ/рек/ырақ/ірек**:

Прилагательные: **қызыл** *красный* **қызыл + ырақ** *покраснее*; **жақсы** *хороший*, **жақсы + рақ** *лучший*, *получше*; **жаман** *плохой*, **жаман + ырақ** *похуже*.

Наречия: **тез** *быстро*, **тез + ірек** *побыстрее*, *скорее*; **жай** *медленно*, **жай + ырақ** *помедленнее*.

Тапсырма 326

а) Оқып шығып, орыс тіліне аударыңдар. Сөздерге грамматикалық талдау жасаңдар.

Түлкі мен жолбарыс

1. Бұрынғы уақытта түлкі мен жолбарыс жолдас болыпты. 2. Екеуі бір жардың басына келіп қоныпты. 3. Жолбарыс сонда:

— Мен мына тік жардан құлап кетермін, сен түлкі, менен төменірек жат, — депті.

4. Сөйтіп, түлкі жолбарыстың аяқ жағына жатыпты. 5. Жолбарыс ұйықтап қалғанда, түлкі жолбарыстың үстіңгі жағына шығып жатып:

— Әй, жолбарыс, мені басып кеттің, арырақ жат, — депті. 6. Жолбарыс жылжи бере, тік жардан төмен құлап кетіпті. 7. Құлап барып өліп қалыпты.

ә) Мақал-мәтелдерді жазып алып, орыс тіліне аударыңдар. Жаттап алыңдар.

1. Қарға баласын аппағым дер, кірпі баласын жұмсағым дер.

2. Алты ұл туған ананы ханым десе болады, кезек сыйласқан ағайынды жаным десе болады.

3. Мұртқа өкпелеп жүргенде сақал шықты.

Сөздік

ағайын родня
аппақ совершенно белый
арырақ подальше
басып кет- раздавить, наступать
екеу оба
жар обрыв
жолбарыс тигр
жолдас товарищ
жұмсақ мягкий
жылжы- двигаться
кезек взаимно
қон- ночевать
құла- падать
мұрт усы
өкпеле- обижаться
сақал борода
сөйтіп таким образом
тоғай лес
төмен ниже
тік крутой
үстіңгі верхний
ханым ханша

Тапсырма 327

Бір-біріне сұрақ қойып, оларға жазбаша жауап беріңдер.

1. Жолбарыс немен жолдас болды? 2. Олар қайда қонды? 3. Жолбарыс түлкіге неге төмен жат деді? 4. Түлкі қайда жатты? 5. Жолбарыс ұйықтап қалғанда, түлкі не істеді? 6. Түлкі жолбарысқа не деді? 7. Жолбарыс не істеді? 8. Сонан соң не болды? 9. Сенің ұлың тоғайға барғанда тірі жолбарысты көрді ме? 10. Жолбарыс пен түлкі дос болды ма? 11. Тышқан мен мысық Айдардың үйінде бірге тұра ма?

Урок 55

ГРАММАТИКА

Етістік ✦ Глагол

Көмекші етістіктер ✦ Вспомогательные глаголы

В казахском языке некоторые глаголы, имеющие лексическое значение, в результате длительного исторического развития превратились во вспомогательные глаголы и выполняют служебные функции. Они, сочетаясь с основным глаголом, образуют аналитические формы (модели) с разными значениями: способов действия, модальности, наклонения, времени; участвуют в образовании сложных глаголов.

Например, следующие модели образуют разные значения, которые не совпадают с видами русского языка, где имеется только два вида: совершенный и несовершенный.

В казахском языке конструкция «основной глагол + вспомогательный глагол» обозначает разные фазы и интенсивность действия: начало, конец, завершенность, направленность и др.

Направленность действия — формами **-п + бар, кел, шық, ал**: **Айжан ал + ып барды** *Айжан отнесла*. **Айжан ал + ып келді** *Айжан принесла*. **Айжан ал + ып шықты** *Айжан вынесла*. **Айжан же + п алды** *Айжан съела (для себя)*. **Қойды қасқыр же + п кетті** *Волк съел овцу (и ушел)*.

Начало действия — формой **-а/е/й + баста**: **Оқытушы айт + а бастады** *Преподаватель начал говорить*. **Айжан оқи (оқы + й) бастады** *Айжан начала читать*. **Қонақтар кел + е бастады** *Гости начали прибывать*.

Интенсивность действия — формами **-п + жібер, таста, кет** и др.: **Айт + ып жіберді** *Он внезапно высказал*. **Ал + ып тастады** *Он выкинул*. **Оқы + п шықтым** *Я уже прочитал*.

Конец действия — **-п + бол**: **же + п болды** *он закончил есть*, **оқып болдың** *ты закончил читать*.

Продолженность действия – формами **-а/е/й + тұр, бар, бер, түс**: **Күте тұр** *Подожди немного*. **Айта бердім** *Я продолжал говорить*. **Оқи (оқы + й) тұр** *Ты продолжай читать*. **Оқи берсін** *Пусть он продолжает читать*.

Некоторые из вспомогательных глаголов участвуют в образовании сложных глаголов (см. далее).

Тапсырма 328

а) Мақал-мәтелдерді орыс тіліне аударыңдар, жаттап алыңдар, көмекші етістіктерді талдаңдар.

1. Қарыз күліп келеді, жылап қайтады.

2. Арасында мұрын болмаса, екі көз бір-бірін шұқыр еді.

3. Өзі ұры жұрттың бәрін ұры дейді.

ә) Көмекші етістіктердің қолданылуын талдаңдар. Орыс тіліне аударыңдар.

4. Қасқыр олай-бұлай жүгіріп келіп, құйрығын көк мұзға қоя қойғанда, құйрығы мұзға жабысып, өзі сол жерде қатып қалады.

Сөздік

арба телега
дорба сумка
жабыс- прилипать
жұрт люди
күл- смеяться
қарыз долг
қат- замерзать
қолданылу употребление
құйрық хвост
олай-бұлай туда-сюда
ұры вор
шұқы- клевать

Образование глаголов

Глаголы образуются синтетическим и аналитическим способами.

Синтетический способ — образование новых глаголов с помощью аффиксов.

Аффикс **-та/те/да/де/ла/ле** — самый продуктивный. Он образует глаголы от имен: **қыс** *зима*, **қыс + та-** *зимовать*; **көк** *зелень*, **көк + те-** *зазеленеть*; **ау** *охота*, **ау + ла-** *охотиться*; **жыр** *песня*, **жыр + ла-** *петь*.

-тан/тен/дан/ден/лан/лен: **қанат** *крыло*, **қанат + тан-** *окрыляться*; **гүл** *цветок*, **гүлден-** *цвести*.

-тас/тес/дас/дес/лас/лес: **дос** *друг*, **дос + тас-** *подружиться*; **сыр** *тайна*, **сырлас-** *открывать тайну*, **уәде** *обещание*, **уәделес-** *договориться*.

-ық/ік: **аш** *голодный*, **аш + ық-** *голодать*; **кеш** *вечер*, **кеш + ік-** *опоздывать*.

Тапсырма 329

Мәтелдерді жазып алып, орысшаға аударыңдар. Жаттап алыңдар.

1. Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала.

2. Піскен асқа жеуші көп, біткен іске сыншы көп.

Аналитический способ. Этим способом образуются сложные глаголы. При образовании сложного глагола обязательным его компонентом является вспомогательный глагол, который сочетается с именами и глаголами.

Глагол + глагол. Со вспомогательными глаголами **кел-** *приходить*, **кет-** *уходить*, **бар-** *идти*: **алып кел-** *приносить*, *привозить*; **алып кет-** *уносить*, *увозить*; **алып бар-** *относить*, *отвозить*.

Некоторые сочетания, имеющие высокую частотность употребления, изменив свой фонетический облик, превратились в единое слово: **алып бар = апар, алып кет = әкет, алып кел = әкел.**

Имя + глагол: **хабар бер-** *информировать*, **ғашық бол-** *влюбиться*, **жәрдем ет-** *помогать*, **бас тарт-** *отказываться*, **сауда жаса-** *торговать*.

Тапсырма 330

Мәтінді оқып шығып, орыс тіліне аударыңдар. Септік, тәуелдік, жіктік жалғауларды, сөз жасаушы жұрнақтарды талдаңдар.

Әліқан Бөкейханов

1. Қазақтың ұлы перзенті ұлт-азаттық қозғалысының негізін қалаушы, көсемі, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, үлкен ғалым Әліқан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов 1870-жылы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысы 7- ауылда дүниеге келген. 2. Ата-бабасы Шыңғысхан тұқымынан. Арғы атасы Бөкейхан қазақтың соңғы хандарының бірі болған.

3. Жасынан зерек өскен алғыр Әліқанды 1879-жылы әкесі Қарқаралыда жергілікті молдаға оқуға береді. 4. 1879-1886-жылдары Қарқаралы қаласында қазақ балаларына арналған мектепте тәрбиеленеді. 5. 1886-жылы Омбыға барып, 4 жылдық техникалық училищеге «пансионер» болып қабылданды. 6. Онда дәстүрлі сабақтармен қатар теориялық механика, т.б. күрделі пәндерді оқыды.

7. Көп мақалаларын лақап аттармен жариялаған: Қыр баласы, Сын степей, Киргиз-степняк, Туземец, Арысұлы, Қалмақбай, V, А.Б., Қ.Б., Ғ.Б., Н.Ш.

8. Санкт-Петербордың Орман институтын бітіріп, 1894-жылы Омбыға қайта оралады. 9. 1896-жылдан бастап ғылми жұмысқа көңіл бөледі. 10. Ауыл шаруашылығын, экономиканы, қазақ қоғамының жүздік, тайпалық, рулық құрылымын, этнографиясын терең зерттейді. 11. Тұңғыш зерттеуі «Женщина по киргизской былине «Қобланды»» 1899- жылы жарық көреді.

12. Ауыл шаруашылығын өркендетуге елеулі үлес қосқан. 13. Брокгауз бен Ефронның энциклопедиялық сөздігіне көп мақала жазған. 14. 20-ғасырдың басында қазақ әдебиеті мен баспасөзін дамытуда жетекші рөл атқарған.

15. Көркем аудармашы ретінде Ә.Бөкейханов Л.Н.Толстойдың, А.П.Чеховтың, В.Г.Короленконың басқа да орыс классиктерінің шығармаларын қазақ жұртшылығына көрсетті.

16. Студенттік кезде барлық студенттік қозғалыстарға белсене араласады, солшылдарға ілеседі. 17. 1905-жылы Мәскеуде өткен съезде 5 млн. қазақтың жоғын жоқтап сөйлейді. 18. 1906 жылы Ресейдің 1 — Мемлекеттік Думасына депутат болып сайланады. 19. Кейінірек түрмеге қамалады, жер аударылады. 20. 1917- жылы қазақтардың тұңғыш ұлттық партиясы «Алашты» құрып, оны басқарды. 21. 1917-жылы бүкілқазақтардың құрылтайында тұңғыш Қазақ автономиялы республикасының төрағасы болып сайланады. 22. «Найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен» жасалған большевиктер үкіметімен бірге қызмет етуден бас тартады. 23. 1920-жылы «буржуазиялық ұлтшыл» деген таңбамен тағы қудалауға түсті. 24. 1922-27 жылдары Мәскеуде Орталық баспада әдеби қызметкер болды. 25. Сонан соң он жыл Мәскеуде пәтерінде қамауда

болады. 26. Бай ғылми мұрасы кәмпескеленіп, жойылады. 27. 1937-жылы 27-қырқүйекте ССРО жоғарғы сотының әскери коллегиясы «халық жауы» деп айыптап, өлім жазасына кеседі де, сол күні атып өлтіріледі.

Сөздік

айыпта- обвинять
алғыр хваткий
аралас- участвовать
арғы ата прадед
арнал- предназначаться
әскери военный
басқар- возглавить
бас тарт- отказаться
белсене активно
бұйрық приказ
бүкіл весь
біт- завершаться
елеулі значительный
дәстүрлі традиционный
жаза наказание
жер аударыл- быть сосланным
жоғын жоқта- защищать интересы
жұртшылық общественность
жүз лезвие
жүз жуз (группа племен)
зерек способный
кәмпескелен- быть конфискованным
кес- приговорить
көңіл бөл- уделять внимание
көркем художественный
көрнекті видный
көсем вождь
күрделі сложный
қабылдан- приниматься
қозғалыс движение
құрылым строй
лақап ат псевдоним
Омбы Омск
өлтір- убивать
пән учебный предмет, дисциплина
перзент сын, дитя
піс- свариться
өлім смерть
рөл роль
солшыл левый
соңғы последний
сот суд
сыншы критик
таңба клеймо
ұлт азаттық национально-освободительное
т.б. (тағы басқалар) и другие
тәрбиелен- воспитываться
тұқым род
ұлтшыл националист
ұш острие
үкімет правительство
үлес доля
ілес- следовать

Тапсырма 331

а) Жоғарыдағы мәтінді оқып шығып, оған сегіз сұрақ қойыңдар. Жауаптарды дәптерге жазып алыңдар.

ә) Мәтіннің қысқаша мазмұнын айтып беріңдер.

Тапсырма 332

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. Алихан Букейханов активно участвовал в национально-освободительном движении. 2. Мальчика отец отдал на учебу мулле. 3. Он был хватким и способным учеником в казахской школе. 4. Его приняли в техническое училище в городе

Омске, там он изучал сложные предметы. 5. Окончив Лесной институт в Петербурге, он уделил внимание научной работе. 6. Он активно участвовал в студенческих движениях левых. 7. За это царское правительство сажало его в тюрьму. 8. Большевики его преследовали как буржуазного националиста и расстреляли в 1937 году. 9. Последние годы своей жизни он провел в Москве по адресу: Большой Кисловский переулок, дом 4. 10. А.Букейханов оставил богатое научное наследие. 11. Он был депутатом первой Государственной думы России.

Қайталау тапсырма

Вернитесь к уроку 48 и проверьте свои знания. А как с запоминанием пословиц и поговорок? Как умеете разговаривать? Выучили все казахские слова и примеры, грамматические формы?

Урок 56

ГРАММАТИКА

Етіс ✦ Категория залога глагола

В казахском языке существуют пять залоговых форм глагола.

1. **Негізгі етіс** — **основной** залог представляет собой форму глагола, не осложненную показателями других (косвенных) залогов. Глаголы в основном залоге бывают переходными и непереходными.

Переходные: **айт-** *говорить что-либо*, **бер-** *давать что-либо*.

Непереходные: **бар-** *ходить туда*, **кел-** *прийти сюда*.

2. **Өзгелік етіс** — **понудительный** залог имеет много аффиксов. Глаголы в этом залоге — переходные.

-т/ыт/іт: **оқы-** *читать, учиться*; **оқы + т-** *заставить читать, учить*; **шірі-** *гнить*, **шірі + т-** *заставить гнить, сгноить*.

-қыз/кіз/ғыз/гіз: **айтқыз-** *заставить говорить*; **өт-** *проходить*, **өт + кіз** *заставь перейти, проведи*, **бар + ғыз** *заставь пойти*, **көр + гіз** *заставь увидеть, покажи*.

-тыр/тір/дыр/дір: **айт + тыр** *заставь говорить*, **келтір** *заставь прийти, приведи*, **жаз + дыр** *заставь писать*; **көн-** *согласиться, подчиниться*, **көн + дір** *заставь согласиться, уговори*.

Этот залог имеет редкие аффиксы при некоторых глаголах: **көр-** *видеть*, **көр + сет** *заставь увидеть, покажи*.

3. **Ырықсыз етіс** — **страдательный** залог. Глаголы в этом залоге — непереходные.

-л/ыл/іл: **оқы + л + ды** *был прочитан*, **жаз + ыл + ды** *был написан*, **тер + іл + ді** *был собран*.

-н/ын/ін – этот аффикс употребляется обычно после глаголов, имеющих в последнем слоге **л: бөле + н + ді** *был запеленут*, **ал + ын + ды** *был взят*; **бөл-** *делить*, **бөл + ін + ді** *был разделен*.

4. **Ортақ етіс** — **взаимно-совместный** залог имеет аффикс **-с/ыс/іс**: **қара-** *смотреть*, **қара + с + ты** *смотрели друг на друга*; **айт + ыс + ты** *вступили в спор, дискуссию*; **көр + іс + ті** *увидели друг друга, поздоровались*.

5. **Өздік етіс** — **возвратный** залог имеет аффикс **-н/ын/ін**: **тара + н + ды** *причесался*, **жу + ын + ды** *умылся*, **көр + ін + ді** *показался*.

Возможно сочетание нескольких залоговых аффиксов:

понудительный + страдательный: **жаз + дыр + ыл + ды** *был написан через кого-то*, **өл + тір + іл + ді** *был убит через кого-то*, **құр + т + ыл + ды** *был уничтожен через кого-то*;

взаимный + понудительный: **Ел мен елді ақыл + дас + тыр + а + мыз** *Мы сделаем так, чтобы разные народы советовались друг с другом*;

возвратный + понудительный + страдательный: **байла + н + дыр + ыл + ды** *был привязан через кого-то*;

взаимно-совместный + понудительный + страдательный: **жи + ыс + тыр + ыл + ды** *собирались (поневоле)*;

два аффикса понудительного залога: **оқы + т-қыз + ды** *заставил через кого-то прочесть*.

Жаттығу 333

Мына етістіктерден ырықсыз етіс тұлғасын жасап, сөйлем құраңдар.

Сат, ал, қой, төле, бер, құй, төк, бақ, жең, төңкер, әкел.

Тапсырма 334

Мәтінді оқып, етістік тұлғаларын, олардың мағыналарын талдаңдар. Орыс тіліне аударыңдар **п**, **к**, **қ** дыбыстарының ұяңдалғанын көрсетіңдер.

Қожанасырдың май сатып алуы

1. Бір күні Қожа май сатып алу үшін базарға барады. 2. Әйелі оған бір кесе беріп:

— Мына кесеге май құйғызып әкел, — деп тапсырады.

3. Қожа май сатушыға келеді. 4. Қожекең майды кесесінің шамасынан көбірек алады. 5. Ол майды кесесіне құйдырады. 6. Бірақ май кесеге сыймай асып кетеді.

7. Сол жерде сатушы:

— Май кесеге сыймайды, қалғанын қайда құямыз? — дейді.

8. Қожа жалма-жан кесесін төңкеріп жіберіп:

— Қалғанын мына жағына құй, — деп, кесесінің түбін тосады. 9. Майдың қалғанын кесесінің түбіне құйғызып, Қожекең сол бойында кесені ұстап, үйіне келеді.

10. Алдынан әйелі шығып:

— Майды неге мұнша аз алдың? — деп сұрағанда, Қожа:

— Жалғыз бұл емес, мына жағында да бар, — деп, кесені тағы төңкеріп қалады.

11. Сонымен кесенің түбіндегі аз ғана май да төгіліп қалады.

Сөздік

асып кет- переливаться
әйел жена, женщина
жақ сторона
жалғыз только
жалма-жан тут же
кесе пиала
қалдыр- оставить
қина- мучать
құй- наливать
мұнша столько
сатушы продавец
сол бойында в таком виде
сый- вмещаться
тағы еще раз
тос- подставлять
төк- выливать
төңкер- перевернуть
түп дно
ұста- держать
ұяңдал- озвончение
шама возможность
шелек ведро

Тапсырма 335

Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Қожанасыр базарға не үшін барды? 2. Сатушыға майды неге құйғызды? 3. Май кесеге сыйды ма, сыйған жоқ па? 4. Кесеге сыймағанын қайда құйдырды? 5. Үйдегі әйеліне сол кесенің түбіндегі майды әкелді ме? 6. Әйелі не деді? 7. Қожа не істеді? 8. Кеседе май қалды ма? 9. Ана кеседе май көп пе, мына кеседе май көп пе? 10. Кеше базарға барғанда сатушыдан қанша кесе май алдың? 11. Бір қойдың еті бір қазанға сыйды ма, сыйған жоқ па? 12. Қожа әйеліне: май сатып ал, — деп қанша теңге беріпті? 13. Қожаның әйелі майды қазанға құйды ма, шелекке құйды ма? 14. Әйел даладағы қазанды төңкеріп тастады ма?

Тапсырма 336

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. Ходжа Насреддин был на шымкентском базаре и купил масло. 2. Продавец налил масло ему не в ведро, а в пиалу. 3. Не наливайте масло на дно пиалы. 4. Не переворачивайте пиалу с маслом. 5. Я не покупаю масло на базаре, покупаю его в магазине. 6. Масло, которое не поместилось в пиалу, я оставил в магазине у продавца. 7. Масло, которое я купил у крестьянина, поместилось в мое ведро. 8. Когда я купил молоко, тут же пришел Касен. 9. Алтынай не покупала столько масла. 10. Мы читали много интересных книг о Ходже Насреддине. 11. Когда мы читаем рассказы о Ходже Насреддине, мы смеемся. 12. На праздник Нового года друзья подарили мне книгу рассказов о Ходже.

Урок 57

ГРАММАТИКА

Рай ✦ Категория наклонения

В казахском языке существуют следующие наклонения глагола.

I. **Ашық рай** — **«открытое»** наклонение (изъявительное) имеет много форм трех времен: прошедшего, настоящего и будущего (см. соответствующие разделы в учебнике).

II. **Бұйрық рай** — **повелительное** наклонение имеет свои показатели по лицам и числам (см. соответствующий раздел).

III. **Шартты рай** — **условное** наклонение (см. **форма на -са**).

IV. **Қалау рай** — **желательное** наклонение по сравнению с другими формами наклонения употребляется реже.

Оно имеет разные модели образования.

1. К глаголу присоединяется аффикс **-қай/ғай/кей/гей**, который одновременно выражает 3-е лицо: **бар + ғай** *чтобы он пошел*. Для обозначения других лиц присоединяется аффикс соответствующего лица: **айт + қай + сың** *чтобы ты говорил*, **бар + ғай + мын** *дабы я пошел*, **бар + ғай + сың** *чтобы ты пошел*, **кел + гей + сіз** *чтобы вы пришли*.

2. К глаголу в форме на **-са** присоединяются слова **игі еді,** буквально: *было добро*; **бар + са игі еді** *хорошо было бы, чтобы он пошел*. Иногда эта модель употребляется при отсутствии слова **игі**: **Барсам еді** *хорошо было бы, чтобы я пошел*.

3. Модель **глагол + қы/ғы/кі/гі + кел**, который принимает формы времен и лиц: **Айтқым келеді** *я хочу сказать*, **айт + қы + сы келді** *он хотел сказать*. Эта модель по значению соответствует формам русского глагола *хотеть*.

В казахском языке нет специальной категории **долженствовательного** наклонения. И нет слова, эквивалентного русскому *должен*. Тем не менее выражение значения долженствования широко распространено в разговорной речи. Подобное значение образуется аналитической моделью: именем действия на **-у**, которое принимает соответствующие аффиксы принадлежности, в сочетании со словом **керек** *нужно*: **айт + у + ым + керек** *мне нужно, надо сказать*, **айт + у + ың + керек** *тебе нужно сказать*, **кел + у + і + керек** *он должен прийти*, **бар + у + ы + керек** *он должен пойти*.

★ У казахов в устном народном творчестве существует особый жанр, который называется **бата беру** или просто **бата** *благословение, добрые пожелания*, обычно в стихотворной форме. Его произносят, обращаясь к людям, при торжествах, после трапезы, при отправке в путь и т.д. Ниже приведен один из образцов **бата**.

Тапсырма 337

Мына батаны жаттап алыңдар. Орыс тіліне аударыңдар. Рай тұлғаларын көрсетіңдер.

1. Қабыл болғай ықыласың,
Аман болғай от басың.
2. Біз берелік қол жайып,
Бұрынғының батасын.
3. Тәңірім өзі жарылқап,
Талабыңды оңдасын,
Тілегіңді қолдасын.

Сөздік

берелік = бер + е + й + ік
жай- разглашать
жарылқа- покровительствовать
қабыл бол- быть принятым
оңда- исполнять, устраивать
талап стремление, талант
тілек желание
ықылас мечта, намерение

Тапсырма 338

Мәтінді дауыстап оқып, орыс тіліне аударыңдар. Етістік, зат есім тұлғаларын талдаңдар.

Әл-Фараби

1. Әбу Насыр Әл-Фараби (Мухаммед ибн Мухаммед ибн Узлаг Тархани) — данышпан ойшыл, энциклопедист ғалым. 2. Жасаған жылдары 870–950. 3. Дүние жүзінде білім мен мәдениеттің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы атанған. 4. Ертедегі түркі халықтарының астанасы, ежелгі мәдениет орталығы, Қыпшақ, Қоңырат, Қаңлы тайпаларының мекені болған Отырар қаласында туған. 5. Отырарды арабтар Фараб деп атаған, ол Түркістаннан 30–40 шақырым, Темір темір жол станциясынан 7 шақырым жерде. 6. Соның атымен ұлы ұстазды Әл-Фараби — Фарабилық деп атапты. 7. Алғаш білімді ол Отырарда қыпшақ тілінде алады. 8. Түркі, араб, парсы — үш тілде жаза да, сөйлей де білген. 9. Әл-Фараби сол кезде ғылым мен мәдениет тілі қатарында болған грек, латын, санскрит тағы басқа тілдерді де білген.

10. Өте зерек, алғыр жас жігіт білім, ғылым іздеп көп жерлерді аралап саяхаттарға шығады. 11. Ақырында сол кездегі дүние жүзіндегі ғылымның орталығы болған Бағдатқа келіп орналасып, көп уақыт сонда Ғалымдар үйінде, университеттерде, клубтарда ірі ғалымдармен кездесіп, білімін, қабілетін арт-

тыра береді, ғылми еңбектерін жазады. 12. Сол кезде Бағдатта «Ғалымдардың сыясы шейіттердің қанындай қасиетті» деген ұран көтерілген еді.

13. Әл-Фараби өз заманындағы ғылым-білімнің барлық салаларында із қалдырды. 14. Оның еңбектерінде астрономия, астрология, логика, математика, музыка, дәрігерлік, табиғат ғылымдары, социология (әлеуметтану), тіл білімі, поэзия-риторика, философия (пәлсапа) қамтылған. 15. Оның сүйікті шәкірттері көп болған. 16. Олардың ішінде даңқы дүниеге мәлім ұлы ғалым Әбу Әлі ибн Сина (Авиценна) бірінші орында тұр.

17. Өмірінің ақырғы кезеңінде ол ғылми мақсатпен тағыда Мысыр, Шам, Халеб қалаларын аралайды.

18. Әл-Фараби 950- жылы Шам қаласында дүние салып, сонда жерленеді.

Сөздік

ақырғы последний
алғаш первоначальный
арттыр- совершенствовать
Әл-Фараби Аль-Фараби
басқа другой
данышпан гениальный
даңқ слава
дәрігерлік медицина
дүние сал- скончаться
кезең период
кейінгі поздний, последний
көтеріл- подниматься
қабілет способность
қазба раскопки
қамты- охватить
қасиетті священный
қыпшақ кыпчакский
мәлім известный
Мысыр Египет
ойшыл мыслитель
орналас- устроиться
орталық центр
сүйікті любимый
сыя чернила
тағыда еще раз
тайпа племя
ұран лозунг
Шам Дамаск
шейіт шахид
із след

Тапсырма 339

Бір-біріне сұрақ қойып, жазбаша жауап беріңдер.

1. Әл-Фараби қандай ғалым? 2. Оны Аристотельмен салыстырғанда кім деп атаған? 3. Ол қай жерде туып өскен? 4. Алғашқы білімді қай тілде алады? 5. Шәкірттері көп болды ма? 6. Ең атақты шәкірті кім? 7. Ол қайда білім алған? 8. Еңбектері қандай салаларда жазылған? 9. Сен Әл-Фарабидің қандай еңбектерін білесің? 10. Студенттер Отырар қаласының қазбасында қашан болды? 11. Отырар қаласы Түркістан қаласынан қанша шақырым жерде? 12. Отырарға адамдар Темір станциясынан автобуспен бара ма, пойызбен бара ма?

Тапсырма 340

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. Аль-Фараби — великий ученый, работавший на территории Казахстана — в городе Отыраре в IX–X веках. 2. Отырар был древним центром культуры

тюркских народов. 3. Аль-Фараби получил образование и совершенствовал свои способности в городе науки — Багдаде. 4. В Багдаде он встречался и беседовал со многими учеными того времени. 5. Он много путешествовал по научным центрам Востока. 6. Он знал много языков, писал свои научные труды на арабском языке. 7. Аль-Фараби оставил нам научные труды по многим отраслям знаний. 8. Аль-Фараби похоронен в городе Дамаске. 9. Когда мы были в городе Туркестан, ездили в Отырар на автобусе. 10. Студенты из Шымкента туда приехали на поезде до станции Темир, оттуда уехали на автобусе. 11. Недалеко от Отырара имеется святыня мусульман — Арыстанбап. 12. Теперь около Отырара имеется хорошая гостиница. 13. Мы остановились в ней.

Сабақ 58 ✦ Урок 58

ГРАММАТИКА

О слове «өз»

В казахском языке нет **возвратных местоимений**, подобных русским, как грамматической категории. Но есть слово, на основе которого создаются все значения слов, которые называются в русской грамматике «возвратными местоимениями».

Это — слово **өз**. Оно означает *свой* и выполняет функцию определения: **өз анам** *(моя) своя мать*, **өз әкең** *(твой) свой отец*, **өз баласы** *(его) свое дитя* и т.д.

Өз для выражения значения возвратных местоимений принимает аффикс принадлежности соответствующего лица и числа.

	Жекеше		Көпше	
1 жақ	өз + ім	я сам	өз + іміз	мы сами
2 жақ жай 2 жақ сыпайы	өз + ің өз + іңіз	ты сам Вы сами	өз + дерің өз + деріңіз	вы сами Вы сами
3 жақ	өз + і	он сам	өз + дері	они сами

С аффиксами принадлежности слово **өз** склоняется и принимает все падежные аффиксы. Оно склоняется как имя с конечным **з**, например, слова **көз**, **сөз** с аффиксами принадлежности (см. Притяжательное склонение): **өзім**, **өзім** + **нің**, **өзім** + **ді**, **өзім** + **мен**, **өзім** + **е**, **өзім** + **де**, **өзім** + **нен** и т.д.

Жаттығу 341

а) Төмендегі сөздерді септеңдер. Сөйлем құраңдар.

өзім, өзің, өздерің, өзіміз, өзіңіз, өздеріңіз, өзі, өздері.

ә) Мақал-мәтелдерді жазып алып, орыс тіліне аударыңдар, жаттап алыңдар.

1. Қарғыстың ең жаманы — «Өзің білме, білгеннің тілін алма».

2. Жауға жаныңды берсең де сырыңды берме.

3. Өзін ғана ойлаған — жамандықтың белгісі, өзгені де ойлаған — адамдықтың белгісі.

Тапсырма 342

Орыс тіліне аударыңдар. Сөздерге морфологиялық талдау жасаңдар. Орыстардың арасында «Подмосковные вечера» әні қандай кең тараған болса, бұл ән қазақтардың арасында сондай кең тараған. Өлеңді әнімен жаттап алыңдар.

Арыс жағасында

Сөзі Мұқтар Шақановтікі, әні Шәмсі Қалдаяқовтікі

1. Өзіңмен Арыстың
Бойында таныстым.
2. Жайнаған гүлдей құрбым сен
Жағада тұрдың сен.

Қайырмасы

3. Жаз еді күлкің де,
4. Қайдасың бұл күнде?
5. Сені іздеп, арманым,
Сыр бойын шарладым.

6. Алдыңнан бір бақыт
Тұрғандай тіл қатып.
7. Толқынға қарап ойлана,
Әндеттің жәй ғана.

Қайырмасы

8. Нұр шашып көзіңнен,
Бір нәзік сезіммен.
9. Жібектей шашың толқындап,
Қалып ең қол бұлғап.

Қайырмасы

10. Кете ме осылай!
Әніміз қосылмай.
11. Аяулы таңым сен едің,
Көрсем деп келемін.

Қайырмасы

Сөздік

адамдық человечность
арман мечта
Арыс река Арыс
аяулы дорогой
әндет- петь
бойында вдоль
бұлға- махать
жайна- цвести
жәй тихо
жібек шелк
күлкі смех
қал- оставаться
қарғыс проклятие
қосыл- соединяться
нәзік тонкий, нежный
нұр луч
ойлан- задуматься
өзге другой
сезім чувство
таныс- знакомиться
таң заря
толқын волна
толқында- волноваться
тіл ал- слушаться
тіл қат- говорить
шарла- бродить
шаш волосы
шаш- брызгать
изде- искать

Тапсырма 343

Бір-біріне сұрақ қойып, жазбаша жауап беріңдер.

1. Сен құрбыңмен қайда таныстың, көшеде ме, көл бойында ма? 2. Құрбың жағада гүлдей жайнап тұрды ма? 3. Құрбыңның күлкісі қандай еді? 4. Ол әндетіп келе жатты ма? 5. Қыздың көзінен нұр шашып тұрды ма? 6. Қыздың шашы қандай еді? 7. Қасен сүйген қызын іздеп нені шарлады? 8. Айшаның сүйген жігіті қазір қайда? 9. Қашан Айша онымен қол бұлғап қоштасты? 10. Қыздар мен жігіттер таңда қайда қыдырды? 11. Сол қыз сенімен бірге қалды ма, үйіне қайтып кетті ме? 12. Енді онымен қашан кездесесің?

Тапсырма 344

Қазақ тіліне жазбаша аударыңдар.

1. Я познакомился с подругой на берегу Черного моря. 2. У нее были черные, волнующиеся, как шелк, волосы, лучистые глаза. 3. Она была моей мечтой, ее я искал и в городе, и в ауле. 4. Мы с ней до утра гуляли по берегу моря. 5. Вдвоем мы тихо пели казахские и русские песни. 6. Она вчера вечером уехала в свой город. 7. Мы помахали друг другу рукой. 8. Я остался еще на одну неделю. 9. Где ты, моя мечта, в эти дни? 10. В будущем году я приеду к ней. 11. Мы с ней будем ходить в кино, в театр, гулять в парке.

Сабақ 59

ГРАММАТИКА

Құрмалас сөйлем ✦ Сложное предложение

В казахском языке существует три типа предложений.

1. **Простое** предложение может состоять из одного слова, а также из многих слов с одним подлежащим и одним сказуемым: **Қыс** *Зима.* **Айжамал алды** *Айжамал взяла.* **Нәзір Алматыдан Мәскеуге келді** *Назир приехал из Алматы в Москву.* **Айгүл Шымкенттен Алматыға былтыр пойызбен келді** *Айгуль в прошлом году приехала из Шымкента в Алматы поездом.*

2. **Осложненное** простое предложение, в котором присутствуют конструкции, напоминающие русские придаточные предложения, — обороты, образуемые: а) именами действия, б) деепричастием, в) условной формой на **-са**. Некоторые конструкции этого типа можно рассматривать как сложноподчиненные предложения.

а) Посредством формы на **-қан**: **Айжамал университет кітапханасынан *алған* кітапты мен әлі оқыған жоқпын** *Я еще не читал книгу, которую взяла Айжамал из библиотеки университета.* **Айгүл Алматыдан баласын Мәскеуге *әкелгенде,* сен Астанада едің** *Когда Айгуль привезла своего сына из Алматы в Москву, ты был в Астане.* **Ағаң оқудан қайтып *келгенше*, сен үйден ешқайда кетпе** *Пока твой старший брат не вернется с занятий, ты никуда из дома не выходи.* **Иса үздік оқушы *болғандықтан*, директор оған сыйлық тапсырды** *Поскольку Иса был учеником-отличником, директор ему вручил подарок.*

ә) посредством формы на **-атын**: **Мақанның биыл Астанада университетке оқуға *түсетінін* мен Омардан есіттім** *Я от Омара слышал, что в этом году Мақан поступает в университет в Астане.*

б) посредством формы на **-ар**: **Біздің профессордың Алматыға ғылми конференцияға *барарын* біраз студент білген еді** *Несколько студентов знали, что наш профессор поедет на научную конференцию в Алматы.*

в) посредством формы на **-у**: **Әлиқанның кеше достарына *айтуы* бойынша Гүлнар Түркістанға барып, университетке қызметке орналасыпты** *Как рассказал вчера Алихан своим друзьям, Гульнара поехала в Туркестан и поступила на работу в университет.*

г) Посредством формы на **-ып**: **Айша дүкеннен кітап *сатып алып*, екеуің сол кітапты үйге әкеттіңдер** *Айша в магазине купила книгу, и вы вдвоем отнесли ее домой.*

д) Посредством формы на **-са**: **Мен аудиторияға *кірсем*, сабақ әлі басталмапты** *Когда я вошел в аудиторию, оказывается, урок еще не начался*. Этот вид предложения в казаховедении рассматривается как сложноподчиненное предложениие.

3. **Сложное предложение**, похожее на подобное предложение в русском языке. Оно состоит из двух и более предложений. Сложные предложения бывают двух видов: а) сложносочиненные и б) сложноподчиненные, — части которых соединяются при помощи союзов или без них — интонацией и паузой.

а) **Жаңбыр жауды да жер батпақ болды** *Пошел дождь, и земля покрылась грязью.*

ә) **Жаңбыр жауса, жер батпақ болады** *Если пойдет дождь, земля станет грязной.*

Жаттығу 345

Төмендегі сөйлемдердің құрамын талдаңдар. Тәуелдік жалғаулы және ілік септіктегі сөздердің байланысын талдаңдар. Орыс тіліне аударыңдар.

1. Өгіз мінген мұрап Жадайдың ұлы Елгон мәшинемен су тартатын болды. 2. Мұрап Сәбілдің Төлеуі бұрын бір колхозда Сағындықтың жалғыз дүкені ғана болған болса, бүтін бір сауда жұмысы кәперәтібіне бастық болды. 3. Торғайлықтар облыстың жетекші саласы егіншілік болғандықтан, өздерін негізінен диқанбыз деп білді («Ана тілі», 17.04.2003).

4. Ендігі бір оралман ағайындарға айтатын тілек — тез азаматтық алуға ынта білдірушілер жергілікті жерлердегі Көш-қон және демография бөлімдеріне барып, тиісті құжаттарын өткізуге міндетті («Қазақ елі»).

Сөздік

азаматтық гражданство
бүтін весь
білдір- сообщать
диқан земледелец
егіншілік земледелие
ендігі следующий
жалғыз единственный
жергілікті местный
кәперәтіп кооператив
көш-қон переселение
құжат документ
мұрап мираб (специалист по воде)
міндетті обязанный
негізінен в основном
оралман переселенец, возвращенец
өгіз бык
өткіз- представить
тиісті нужный
ынта желание

Тапсырма 346

Құрмалас сөйлемдерді тауып, қалай жасалғанын көрсетіңдер. -қан, -ып, -атын, -у жалғаулы сөздерді, олар құрған сөйлемдерді талдаңдар. Орыс тіліне аударыңдар.

1. Соңғы бес жылда 18 миллион теңгені аз қамтамасыз етілген отбасындағы оқушыларды демеу қорын ұйымдастыруға және 192 миллион теңгені өте мұқтаж

отбасы балаларының балалар бақшаларына баруын қамтамасыз етуге жұмсау қарастырылған.

2. Білім беру саласына қаржының ойдағыдай бөлінбеуі көптеген проблемалар туғызуда. 3. Әсіресе, айлығы аз, уақтылы берілмейтін жерде мұғалім боп жұмыс істеуге кім шыдамақ?

4. Бір жақсысы — қазір бұл мәселені Елбасының өз бақылауына алғандықтан, мұғалімдерге жалақы жөніндегі қарыздар азайып келеді.

5. Жабылған мектептер мен бала бақшалардың көбісі қайта ашылып, жұмыс істеуде. 6. Дүниежүзілік банк пен Азиялық банк білім жүйесі мекемелеріне қаржы бөлуді жандандыруда. 7. Әсіресе, Азиялық банктің бұл салаға 20 миллион АҚШ долларын бөлгенін, оның мектептерге құрал-жабдықтар алуға, компьютерлер орнатуға жұмсалатынын атап айтқанымыз жөн. 8. Дегенмен, балаларды тәрбиелеп, білім беруде тек қаржының ғана шешуші роль атқармайтынын, осындай қайта өрлеу өріс ала бастағанда ұстаздардың да өз ісіне деген зор ынта-ықыласының, күш-жігерінің біліктілігінің қажет екені болса да түсінікті.

9. Жақында ұлттық баспасөз клубына республикамыздағы мектептерге әлі 214 бала бармай жүр деген сөз айтылып қалған еді. 10. Жергілікті жерден түскен мәліметтердің оншалықты негізді емес екенін, нақты мәліметке жету үшін министрлік әр облысқа комиссия жіберетінін, оқушылардың сабаққа 100 процент қамтамасыз ететінін мәлімдеді («*Қазақ елі*»).

Сөздік

азай- уменьшаться
айлық зарплата
атқар- выполнять
әсіресе особенно
бақылау контроль
бөл- выделять
біліктілік компетенция
дегенмен однако
аз қамтамасыз етілген малообеспеченный
деме- поддерживать
жандандыр- расширять
жұмса- тратить
жүйе система
жібер- посылать
күш-жігер воля
қамтамасыз ет- обеспечивать
жөн необходимо
қажет нужно
қарастыр- рассматривать
қаржы средства
қарыз долг, заём
құрал-жабдық оборудование
мұқтаж нуждающийся
мәлімде- сообщать
мәлімет сведение
нақты конкретный
негізді обоснованный
ойдағыдай как следует
оншалықты настолько
орнат- устанавливать
өрлеу подъем
өріс ал- получать развитие
соңғы последний
тек только
туғыз- порождать
түс- поступать
түсінікті понятный
уақтылы вовремя
ұйымдастыр- организовать
шешуші решающий
шыда- терпеть

Тапсырма 347

Сөйлемдерді талдаңдар. Тәуелдік және септік жалғаулары бар сөздерді талдаңдар. Орыс тіліне аударыңдар.

1. Конференцияға қатысушылардың бұл деректі жариялау керек деген ұсыныстарын ескеріп, жария етуді дұрыс көрдім. 2. Исатайдың осы хатының зерттеушілер назарына ілінбеуінің мынадай себебі де болуы мүмкін деп ойлаймын. 3. Мұражай қызметкерлерінің айтуына қарағанда, мұражайдың Қазақстанға қатысты деген құжаттары, негізінен, республика мұражайына берілген. 4. Ал қалғандары бір кезде облыс орталығы Самарға ауысқанда, сонда көшіріліп, Орынбор қайта облыс орталығы болғанда, ол құжаттар қайта алдырылған екен. 5. Міне, сол кезеңде бұл қор құжаттары зерттеушілер назарынан тыс қалуы ғажап емес. 6. Кітаптың алғысөзінде айтқандай, автор өз еңбегін Исатай-Мақамбет көтерілісі туралы айтылған бірден-бір ақиқат деп есептемейтінін, кітаптың олқы тұстарын толықтырар деректер болса, оны құп алатынын жазыпты. 7. Біздің жазып отырған дерегіміз сол тұрғыда пайдаға асса, мақсатымыздың орындалғаны (*«Ана тілі»*).

Сөздік

ақиқат истина
алғысөз предисловие
алдырыл- быть полученным
ауыс- сменяться
бірден-бір единственный
ғажап удивительно
дерек сведение
дұрыс правильный
екі-екіден по два
есепте- считать
жария ет- опубликовать
көтеріліс восстание
көшір- переводить
қайта снова
қарағанда судя по
қатысты относящийся
қатысушы участник
қор фонд
құп ал- принимать
мынадай такой
міне вот
назар внимание
негізінен в основном
орталық центр
орындал- исполняться
пайдаға ас- быть полезным
себеп причина
туралы о
тұрғы план
тыс вне
ілін- попасть

Жаттығу 348

Мына етістіктерге -ған, -са, -атын, -у жалғауларын қосып, әрқайсысына екі-екіден құрмалас сөйлем жасаңдар: *ән сал, тап, қара, қайт, сатып ал, жет, аяқта.*

Тапсырма 349

Мақал-мәтелдерді көшіріп жазып, орыс тіліне аударыңдар, жаттап алыңдар. Грамматикалық, фонетикалық талдау жасаңдар.

1. Ата-анаңды сыйласаң, көп жасарсың,
Сыйламасаң, жан қинарсың.
2. Итпен ойнасаң үрерсің, баламен ойнасаң күлерсің.

Тапсырма 350

Мына батаны көшіріп жазып алып, жаттаңдар. Орыс тіліне аударыңдар.

1. Алтыннан болсын жағаң,
Күмістен болсын тағаң.
2. Тасқа тары өнгенше,
Таршылық көрмеңдер.
3. Мұзға бидай өнгенше,
Мұңшылық көрмеңдер.
4. Жүздерің жайнап,
Келісті болыңдар.
5. Толған айдай
Өрісті болыңдар.

Сөздік

әрқайсы каждый
жаға воротник
жүз лицо
келісті приятный
көшір- копировать, переписывать
күміс серебро
мұңшылық горе
өн- расти
өріс простор
таға подкова
таршылық нужда
тары просо, пшено
тол- наполняться

Сабақ 60

ГРАММАТИКА

Форма на -қалы/ғалы/келі/гелі

Эта форма относится к числу многофункциональных. Она не принимает аффиксов лица. Ей присущи следующие функции и значения.

1. Предел действия в прошедшем времени в синтаксической конструкции, где обычно присутствует какое-либо название времени: минут, часов, дней, годов и т.д. В этом случае конструкция с формой на **-қалы** соответствует придаточному предложению времени русского языка с союзом *с тех пор, как.* **Мен Мәскеуге Алматыдан *қайтқалы* он жыл өтті** *С тех пор, как я вернулся из Алматы в Москву, прошло десять лет.*

2. Цель и намерения действия. В этом случае форма не образует синтаксической конструкции, употребляется как обстоятельство цели, она соответствует русским конструкциям *для того, чтобы + глагол, с целью + глагол.* **Асқар Мәскеуге *оқыгалы* келді** *Аскар приехал в Москву с целью учиться; чтобы учиться.* Эта модель часто заменяется синонимичной моделью **глагол + у + үшін: Асқар Мәскеуге *оқу үшін* келді.**

